ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«5В020200 – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР» мамандығы бойынша

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

*** * ***

ТИПОВАЯ УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА

по специальности «5В020200 – МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ»

Алматы 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«5В020200 – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР» мамандығы бойынша

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

*** * ***

ТИПОВАЯ УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА

по специальности «5В020200 – МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ»

Алматы 2016

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ҰСЫНҒАН.

2. Типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министірінің 2016 жылғы 05 шілдедегі №425 бұйрығы негізінде бекітілген типтік оқу жоспарына сәйкес әзірленген.

3. Республикалық оқу-әдістемелік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кеңесінің 2016 жылғы 30 маусымындағы №2 мәжіліс хаттамасының шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің рұқсатынсыз осы типтік бағдарламаларын көбейтуге және таратуға болмайды.

РАЗРАБОТАНА и ВНЕСЕНА Казахским национальным университетом им. аль-Фараби.

Типовая учебная программа разработана в соответствии с типовым учебным планом, утвержденным приказом МОН РК от 05 июля 2016 года №425.

2.**УТВЕРЖДЕНА** протокольным решением №2 заседания Республиканского учебно-методического совета высшего и послевузовского образования от 30 июня 2016 года.

Настоящая типовая учебная программа не может быть тиражирована и распространена без разрешения Министерства образования и науки Республики Казахстан

@ КазНУ аль-Фараби, 2017

ККТ 2201 - КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Көлемі 2 кредит

Авторлар:
Байкушикова Г.С. – PhD докторы, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доцент м.а.
Чукубаев Е.С. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының меңгерушісі
Иманқұлова С.М. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Егізбаева Н.Ж. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Пікір жазғандар:
Әліпбаев А.Р. – тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті
Нұрша А.Қ. – тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының жанындағы әлемдік экономика және саясат Институтының сыртқы саясат бойынша жобаларды ұйымдастырушы

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

Қазіргі таңда қызмет етудің барлық саласында белгілі бір білімге, шеберлік пен дағдыға, жеке адами қасиетке ие, өзінің кәсіби қызметін жоғары деңгейде атқаратын, бәсекеге қабілетті білікті мамандарға сұраныс артып келеді. Мұндай сұраныс жоғары кәсіби білім мақсатын анықтауға себепші болды.

Қоғамдағы тілдік жағдай еңбек нарығының нақты сұраныстарына сай мамандардан тек қазақ тілінде сөйлеу дағдысын талап етіп қана қоймай, таңдаған қызмет саласында табысты жұмыс істеп, жеке әлеуметтік қасиеттерін (азаматтық, мақсатқа талпынушылық, ұйымдастырушылық, еңбекқорлық, коммуникативтілік, төзімділік, әлеуметтік бейімделушілік) қалыптастыру мен дамытуды мақсат етеді. Сондай-ақ алған тілдік білімін қатысымда (іскерлік кездесулерде, қызмет барысында, мәжіліс, жиындарда және т.б.) ұтымды пайдалана алу дағдысын да көздейді.

Бүгінгі студент – болашақ маман өзінің алға қойған мақсатына жетуі үшін үнемі ізденіп, білімі мен біліктілігін арттырып, бірнеше тілді жетік меңгеруге, әсіресе қызметіне қатысты кәсіби қазақ тілін үйренуге қызығушылығы артады. Бұл өз кезегінде қазіргі студенттің кәсіби қазақ тіліне деген сұранысының артуына ықпалын тигізіп, тілдік тұлғаның сөздік қорын, кәсіби лексикасын дамытуға жол ашады

Студенттердің тілдік білімін, сөйлеу мәдениеті мен тілдік құзіреттілік деңгейін жетілдіру «Кәсіби қазақ тілінің» жалпы білім беру бағдарламасындағы оқу пәні ретінде маңызын арттырады.

Кәсіби қазақ тілі оқу пәні ретінде төмендегідей сипатқа ие:

- ✓ пәнаралық (қазақ тіліндегі сөйлеу мазмұны түрлі білім салаларынан: халықаралық қатынастар, мәдениеттану, тарих, экономика, ақпараттану, химия, физика, биология, география, математика, және т.б. хабар береді);
- ✓ сан салалы (бір жағынан – сан алуан тілдік құралдарды тілдің түрлі аспектілерімен: фонетика, лексика, грамматикамен байланысты меңгеру, екінші жағынан – сөйлеу әрекетінің төрт түрлі әрекетін (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) жетілдіру қажеттілігі;
- ✓ сан алуан қызметтілігі (оқыту мақсатында және түрлі білім саласынан ақпарат алу құралы ретінде).

Кәсіби қазақ тілін меңгеру студентті шығармашылық ойлауға, көзқарасын кеңейтуге, өзінің жеке қасиеттерін жан-жақты ашуға, яғни кәсіби білімін дамытуға әсерін тигізеді. Студент өзіндік жұмыс орындаудың дағдысын қалыптастырады, шығармашылық дербестікке қол жеткізеді, сол арқылы тілдік түсініктерді, логиканың барлық түрлерін (талдау, синтездеу, салыстыру, тұжырымдама жасау) жетілдіреді.

Бұл айтылғандардың бәрі *кәсіби білімді жетілдіруге әсерін тигізетінін, жоғары білікті мамандарды даярлау міндетін шешудің жолдарын көрсетеді.*

Пәнді оқытудың міндеттері:

«Кәсіби қазақ тілі» пәні қазақ тілін меңгерудің негізгі В1 және В2 деңгейлері игерілген жағдайда жүзеге асырылады. Болашақ маманның тілдік біліктілігін жетілдіріп, мемлекеттік тілді мамандық деңгейінде коммуникация құралы ретінде қолдану дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Болашақ маманның кәсіби дағдыларды қолдану салаларына байланысты арнаулы тілдік білім жиынтығы өте кең болуы керек. Себебі кәсіби міндеттерді атқару барысында арнаулы терминдерді қолдану жиілігі артады, осылайша кәсіби тілдік дағдысы дамиды, жетіледі.

«Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқыту тіл үйренушілердің белгілі бір тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Кредиттік білім беру бағдарламасы бойынша модульдік технологияға негізделген талаптарға сай «бакалавр» төмендегідей құзыреттілік талаптарын меңгеруі тиіс:

А – құралдық құзырет: түрлі дереккөздерден алынған, ақпараттармен жұмыс істей алу, алған мәліметтерді кеңейту; өз көзқарасын дәлелдеу мақсатында немесе түрлі мәселелерді шешуде қолдана алу. Пайымдау түрлерін логикалық тұрғыдан талдай алу, көпшілік ортада сөйлеу дағдысын меңгеру, дәлелдер келтіру, пікірталас жүргізе білу.

В – тұлғааралық құзырет: жеке және ұжымда жұмыс істей алу қабілеті, ұлтаралық, мәдениетаралық қарым-қатынас ережелерін сақтай білуге қабілеттілік.

С – жүйелілік құзырет: кәсіби қазақ тілін Қазақстандағы, әлемдегі әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тарихи, саяси жағдайлармен, ҚР конституциялық-құқықтық негіздерімен үйлестіруге бейімділік.

D – пәндік құзырет: қазақ тілінің даму тенденциясы мен қазіргі жағдайын, Қазақстандағы тарихи-мәдени және тарихи-әдеби үдерісті меңгеруге қабілеттілік; кәсіби бағдарлы қазақ тілінің жүйесін пысықтау, қазақ тіл бірліктерінің

құрылымы мен қолданылуын халықтың тарихы мен мәдениетімен байланыстыру, ауызша және жазбаша мәтіндерді құрастырғанда берілген коммуникативтік жағдаяттарға байланысты іргелі білімдерді қолдана алу қабілеті; жаңа терминдерді өз мамандығына бейімдеп тиімді меңгеруге дайындық.

«Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқытудағы құзыреттілік дағды төмендегідей негізгі міндеттер бойынша анықталады:

лингвистикалық құзыретті қалыптастыру – тақырыпқа қатысты лексикалық бірлікті дамыту дағдысы; негізгі терминдер мен ұғымдардан тұратын пәрменді сөздіктердің дамуы; грамматикалық дағдыларды жетілдіру;

прагматикалық құзыретті қалыптастыру – кәсіби мазмұндағы мәтіндер негізіндегі сұқпаттық және монологтік айтылымдарды қалыптастыру шеберлігі, жазылым дағдыларын жетілдіру, коммуникативтік стратегияны өңдеу шеберлігі (белгілі бір сөйлесім жағдайына бейімделу);

когнитивтік құзыретті қалыптастыру – мәселелік тапсырмалар, ойын тапсырмалары, мәтіндер бойынша: мәтінді біріздендіру дағдысы (мазмұнның мәнін анықтау, сыни қабылдау, негізгі және қосымша ақпараттарды айыра білу); мәтіннің мазмұнын ұғыну (сәйкестендіру, түсіндіру, жинақтау) дағдысы; мәтіннің мазмұнын өзгерту (толықтыру, қайта құру, қажетті мазмұнды таңдау);

ақпараттық құзыретті қалыптастыру – тілдік тұлғаның білім алу шеңберіндегі, сондай-ақ қоршаған әлем туралы ақпаратты қолдана білу дағдылары. Түрлі нысандар (теледидар, үнтаспа, телефон, компьютер) және ақпараттық технологиялар (бейне, электрондық почта, әлеуметтік желілер, Интернет т.б.) көмегімен ізденімпаздық біліктері қалыптасып, ақпаратты талдау, саралау, сараптау, сақтау және оны тарата білуге үйренеді.

Курс соңында студент:

1. Халықаралық қатынастар мамандығы саласындағы белсенді қолданылатын терминологияны білуі және оны кәсіби ортада тиімді қатынас жасау үшін ұтымды қолдана алуы;

2. Кәсіби-іскери қарым-қатынас кезіндегі «маманданған» сөздерді (ұйғару, мақұлдау, сенім білдіру, келіспеу, негіздеу, дерек келтіру, бағалау, қорытынды) логикалық жүйемен құра білуі;

3. Халықаралық қатынастар саласындағы мәтіннен қажетті ақпаратты сұрыптап, оны кәсіби мақсатта сипаттай, қорыта білуі;

4. Халықаралық қатынастар саласындағы мәтіннің түзілу тәртібіне көңіл аудару, оның логикалық құрылымдық негізін құра білу.

5. Маманданған тақырыпқа сай өзіндік ой-пікір білдіре білу құзіретін қалыптастыра **білуі керек.**

Пәнді меңгерудің болжамды нәтижесіне жету үшін СТУДЕНТ төмендегідей жүйелі, саналы және тұрақты білім, **білік пен шеберлік** қалыптастыруы қажет:

- Негізгі кәсіби лексиканы білу (сағат санына байланысты оқу бірлігі көлеміндегі жалпы және терминологиялық сипаттағы лексикалық минимум) шеберлігі;

- Халықаралық қатынастар мамандығына қатысты белсенді терминдердің мағынасын білу және оны кәсіби мақсатта қолдана білу дағдысы;
- Халықаралық қатынастар мамандығына қатысты тақырып бойынша өз ойын дұрыс, жүйелі түрде жеткізе білу және мәтінге талдау жасай алу шеберлігі;
- Халықаралық қатынастар мамандығы, елтанымдық, жалпы сыртқы саясаты саласына қатысты тақырып аясында, диалог пен монолог құрап пікірсайыстарға қатыса алу дағдысы;
- құжаттардың жеке түрлерін (қызмет бабындағы хат-хабар, іскери байланыс, келіссөздер, сұраныс жіберу, ұсыныс, сервистік қызмет көрсету, тезис, хабарлама және т.б.) сауатты жаза алу дағдысы;
- түрлі жағдаяттық сұхбаттарға орынды араласа алу;
- қазақ тіліндегі дереккөздерден өз мамандығына қатысты аутентикалық ақпараттарды алып, қызмет саласында ұтымды пайдалана білу және т.б білік пен шеберлікті қалыптастыру.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

р/с	Тақырыптың атауы
1	«Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша кәсіби лексика. Терминдік норма
2	«Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша кәсіби тілдің термин жүйесі. Терминжасам
3	Кәсіби тілдегі грамматикалық нормалардың қолданысы
4	Халықаралық қатынастар саласындағы кәсіби мәтіннің грамматикалық-стильдік ерекшеліктері
5	«Халықаралық қатынастар» мамандығының кәсіби саласындағы іскери қарым-қатынас. Диалог. Монолог
6	Мәтін – ауызша қарым-қатынас құзіретінің негізі. Жоспар құру
7	Халықаралық қатынастар саласындағы тілдің функционалды-мағыналық ерекшеліктері. Сипаттау. Хабарлау
8	Баяндау. Баяндаудың құрылымы және ерекшеліктері
9	Халықаралық қатынастар саласындағы мәтінді құрылымдық-мағыналық талдау негіздері. Аннотация.

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Пәннің мақсаты – студенттердің қатысымдық құзыреттілік деңгейін көтеріп, қазақ тілін кәсіби (іскери және ғылыми) қызметте, сондай-ақ өз білімін жетілдіру мақсатында пайдалана алуына бағыттау. Болашақ маманды таңдаған саласына қатысты терминдермен жұмыс істеуге, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдана білуге дайындау.

Бағдарламаның мазмұны студенттердің ғылыми-кәсіби саладағы қажеттіліктерімен, қазақ тілін ғылыми салада қолдана алу мүмкіндіктерімен анықталады. Тілді практикалық жағынан меңгерудегі коммуникативтік мақсаттар пен міндеттер ең басты тұжырымдама болып табылады. Бакалавр студенттері ғылыми ортаға байланысты жаңа тілдік дағды мен білімін жетілдіре отырып, терең әрі сапалы тілдік білімін қалыптастырады.

Пәннің міндеті бірқатар қатысымдық (коммуникативтік) және танымдық (когнитивтік) міндеттердің орындалуы барысында жүзеге асырылады. Атап айтқанда:

- кәсіби мазмұндағы орта көлемді мәтіндерді, нұсқаулықтарды, анықтамалықтарды, БАҚ өнімдерін жатық оқу;
- Аударма, кәсіби бағыттағы сөздіктерді пайдалана білуге үйрету;
- кәсіби аяда жиі қолданылатын белсенді (актив) сөздер мен сөз тіркестерін, кәсіби лексика, салалық ұғым, атаулар мен терминдердің мән-мағынасын еркін түсіну;
- Әртүрлі стильде жазылған мәтін, өз мамандықтарына сәйкес еңбектер мен ғылыми зерттеулерді оқып, негізгі ақпараттарды ала білу дағдысын қалыптастыру;
- кәсіби аяда ауызша монолог, диалог түрінде *(хабарлама, таныстырылым (презентация), баяндама, дискуссия және т.б.)* әңгіме құру, сұхбат жүргізу;
- кәсіби аяда жазба жұмыстарын *(эссе, аннотация, түйіндеме, жоспар, тезис, мәлімдеме, пресс-релиз, өтініш, хат, аударма, аннотация, реферат және т.б.)* орындау;
- кәсіби аяда қолданылатын қалыпты сөйлеу (этикет) үлгілерін қолдану және белгілі бір кәсіби қатынас саласындағы танымдық-қатысымдық міндетті шешуге керекті ақпарат тыңдау арқылы түсіне білуге дағдыландыру;
- Өз мамандығы бойынша ғылыми мәтіндерге пікір беруге, ғылыми мақала, баяндама жазуға машықтандыру;
- Сонымен қатар, кәсіби бағыттағы тақырыптар бойынша тіл үйренушіні қазақ тілінде жүйелі талдау жасауға, өз ойын еркін жеткізуге және ұсынылған материалдар бойынша сипаттама, салыстырма, қорытынды жасай білу сияқты т.б. тілдік біліктілікті жетілдіруші әрекеттерге дағдыландыру.

Білім беру технологиясы

«Кәсіби қазақ тілі» пәнін жүргізу барысында тіл үйретудің заманауи үлгілері, отандық және шетелдік ғалымдардың авторлық озық әдіс-тәсілдері басшылыққа алынады. Жұмыс барысында уақыт көлемі, тақырып ерекшелігі, тіл үйренушінің қабілет-қарымы, оқытушының шеберлігі сияқты т.б. маңызды факторлар есепке алынып, соған сәйкес *белсенді оқыту әдісі, жеке-бағдарлы оқыту әдісі, сыни ойлау әдісі, жобалық оқыту әдісі, ақпараттық әдіс, түсіндіру әдісі, практикалық әдіс, кейс әдісі, ізденіс әдісі, іскери ойын әдісі* сияқты т.б. әдіс түрлері мақсат-міндетке сәйкес қолданылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша кәсіби лексика. Терминдік норма

Кәсіби лексика – табысты жұмыс істеу кепілі. Кәсіби лексиканың негізін анықтаудағы мәтіннің лексикалық құрамын сараптау. Кәсіби лексиканы қолданудағы пікірталастар. Ғылыми тақырыпты құрастыру және кәсіби лексиканы қолданудағы мәселелер. «Халықаралық қатынастар» мамандығы, Халықаралық қатынастар саласында әңгімелесу, пікірлесу. Терминдік норма. Оған тән белгілер. Термин қолдануға қойылатын нормативті талаптар.Кәсіби лексика: жалпықолданыстағы сөздер, жалпығылыми және терминологиялық лексикалар. Жалпыланған және дерексізденген мағынадағы терминдерді қолдану. Өзге тілдерден енген сөздердің таралуы. Жалпыланған және дерексізденген мағынадағы терминдермен жұмыс. Терминологиялық және терминологиялық емес мағынадағы сөздердің межесі. Халықаралық қатынастар саласы бойынша кәсіби лексикаға тиесілі негізгі терминдер бойынша мәтіндерді құрастыру.

Гуманитарлық бағытта жиі қолданылатын ғылыми ұғым атаулары мен арнайы лексиканың қолданылу аясын, жазба нұсқаларын кәсіби мақсатта игеріп, жұмсай білудің өзектілігі. «Ұғымдар тарихы» – тарихи және халықаралық қатынастар формасы. Халықаралық қатынастарда қазақ тілінде ауызша және жазбаша түрде сапалы жеткізілуін қамтамасыз ететін тәсілдерді меңгеру. Қазақ тіліндегі немесе қазақ тілінде жеткізілуі тиіс халықаралық қатынастар, сыртқы саясат мәтіндерінің мазмұнын ашып, талдай білу дағдыларын жетілдіруді ұйымдастыру. Кәсіби қазақ тілінің халықаралық қатынастар маманының коммуникативті құзіреттілігін қалыптастырудағы орны. Халықаралық қатынастар, сыртқы саясат саласындағы ұғымдар мен түсініктердің қазақ тіліндегі кәсіби баламаларының жаңа қолданысы. Қазіргі қазақ тіл білімінің ғылыми-іскери лексикасы мен стилистикасын меңгерудің маңызы.

«Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша кәсіби тілдің термин жүйесі. Терминжасам

Терминдер мен олардың ерекшеліктері жайлы түсінік. Терминология ғылыми стильдің негізгі белгісі ретінде. Халықаралық қатынастар, сыртқы саясат кәсіби саласына қатысты терминжасам. Оның негізгі шарттары. Жасалу жолдары. Кәсіби тіл сапасы. Ғылыми тіл лексикасы. Ғылыми тілдің лексикалық құрылымы: терминология, жалқы, жалпы мәндес сөздер және т.б. Терминді қолданудағы даулы мәселелер. Мәтіндегі латын және грек элементтері. Терминдер құрамына енген халықаралық сөзжасамдық элементтермен жұмыс. Халықаралық қолданыстағы терминдердің аударылу мәселесі. Тіл қызметінің жалпы сипаттамасы. Ғылыми тіл ерекшеліктері.

Халықаралық қатынастар және жалпығылыми терминология. Терминдердің бірмағыналығы. Халықаралық қатынастар, сыртқы сяасат саласындағы терминологиялық сөздіктер. Термин анықтамасы. Лебіздік қызметтегі

терминологиялық лексика туралы алынған білімдердің қолдана алуды дамыту алынған білімге терминологиялық лексиканы қолдана алуды дамыту. Мәтіндегі жалпығылыми және сыртқы саяси терминдерді табу, сараптау. Сыртқы саясат бойынша терминологиялық сөздіктерді құрастыру. Ақпарат қайнары, алу тәсілі, санын сипаттаудағы құрастыру. Халықаралық қатынастар бойынша мәтіндерді оқу. Халықаралық қатынастар бойынша терминдерді активті сөздікке енгізу, олардың сөйлеудегі қолданылуы. Терминологиялық сөздіктермен жұмыс.

Халықаралық қатынастар, сыртқы саясат саласындағы терминдердің қазақ тіліндегі қолдану деңгейі.

Кәсіби тілдегі грамматикалық нормалардың қолданысы. Ғылыми стильдің морфологиялық ерекшеліктері. Ғылыми лебіздің сипаттамаларына қатысты морфологиялық тәсілдерді анықтау. Түйін сөздерді ескере отырып мәтінді құрастыру. Ғылыми стильге, сөйлеудегі жүзеге асуына қатысты морфологиялық бірліктерді сараптау. Кәсіби тілдегі грамматикалық(морфологиялық, синтаксистік) нормадан ауытқу.

Халықаралық қатынастар саласындағы кәсіби мәтіннің грамматикалық-стильдік ерекшеліктері.

Халықаралық қатынастар саласындағы кәсіби мәтіннің морфологиялық құрылымы: атаулық сипаты, етістіктердің қолданылу ерекшеліктері. Ғылыми стильдің синтаксистік ерекшеліктері. Ғылыми стильдің синтаксистік ерекшеліктері сипаттамаларын шығару. Мағынасы бойынша жақын, бірақ түрлі синтаксистік бірліктермен айтылған құрылымдар (параллель синтаксистік құрылымдар). Оқыған мәтінінің негізінде ғылыми лебіздің синтаксистік ерекшеліктерін қолдана отырып өзіндік монолог-пайымдауларын құрастыру.«Халықаралық қатынастар» мамандығының кәсіби саласындағы іскери хат-хабар. Грамматикалық-стильдік ерекшеліктері. Іскери хат-хабардағы тілдік құрылымдар. Іскери хат-хабарда жиі кездесетін сөз орамдарының қызметі мен мағынасы.

«Халықаралық қатынастар» мамандығының кәсіби саласындағы іскери қарым-қатынас. Диалог. Монолог

Ғылыми стиль жанрлары. Ғылыми лебіз қызметінің талаптары: сұхбаттасудың ғылыми кеңістігі, жазба формаларының ауызшадан, монологияның диологиядан үстемдігі. Ғылыми стильдің негізгі белгілері: қисындылық, нақтылық, қамту және тарта алу, терминдердің толықтығы. Ғылыми мәтіндерде тілдік тәсілдерді ауызша және жазбаша қолдану. Ғылыми стиль ерекшеліктерінің анықтамасы. Белгілерді, пәнді, құбылысты сипаттаудағы құрастырушылық. Ғылыми стиль мәтіндеріне сараптама: оқу, ғылыми стильдің негізгі белгілерін анықтайтын тәсілдерді анықтау (қисындылық, анықтылық, қамту және тарта алу). Лебіздің ғылыми жанрларымен танысу. Мәтінді мағыналық бөлімдерге бөлу, мәтіннің мазмұны бойынша әңгімелесу.

Кәсіби саладағы диалогтік қатынастар. Қарым-қатынас жасаушылардың тіл табыса алу/алмауы. Диалог – сөздің коммуникативтік сапасын айқындаудағы негізгі құрал. Ғылыми стиль жайлы әңгіме-полилог, берілген философиялық тақырып бойынша микромәтін құрастыру, ғылыми стильге жататын тілдік тәсілдерді қолдана отырып монолог пішінінде шағын баяндама жасау. Монологтің оқырманға арналуы.

Мәтін – ауызша қарым-қатынас құзіретінің негізі. Жоспар құру

Мәтін ерекше құрастыру заңдылығы мен ойлауды дамытудағы қатаң жүйе; композициялық нақтылық, логикалық мазмұндамалар, ақпараттық ғылыми мәтіннің белгісі ретінде. Мәтіннің негізгі белгілері. Мәтіннің құрылымы мен мағынасы. Тақырып мәтінде қарастырылатын пән немесе құбылыс. Ғылыми-оқу тақырыптар мәтіндегі тақырыптың сөйлемдері ретінде. Мәтіннің коммуникативті тапсырмалары. Мағыналық-сөйлемдік жағдайлар. Мәтіннің коммуникативті тапсырмалары мәтінді ашудағы автормен сұхбаттасу мақсаты ретінде. Мәтіннің микротақырыбы. Микротақырып мағыналық жағынан ортақ және мәтіннің коммуниктивті тапсырмаларының түрлі тұстарын ашатын бір немесе бірнеше сөйлемдерден тұратын жалпы тақырыптың бөлігі. Мәтіннің мәліметтері және жаңа ақпараттары. Мәтінді мағыналық жағынан бөлу. Ойды әлдебір бастапқы, белгілі ақпараттан белгісізге қарай дамыту. Мәліметтер мен жаңа ақпараттар ойды дамыту мен мәтін байланыстарының элементтері ретінде. Күрделі синтаксистік тұтастық мәтіннің негізгі құрамдас бөлігі. Мәтін сөздерін байланыстыру әдістері: жалғаспалы және параллель байланыс. Мәтін арқылы автордың ұстанымын анықтау.

Халықаралық қатынастар саласындағы тілдің функционалды-мағыналық ерекшеліктері. Сипаттау. Хабарлау. Сипаттау мен хабарлау тілдің функционалды-мағыналық ерекшеліктері ретінде. Тілдік ерекшеліктері, құрылымы. Қатынастың әр сатысындағы сипаттау. Қоғамдық байланыстағы хабарлау. Ғылыми хабарлау ерекшеліктері. Сөйлеу мәдениетінің анықтамасы. Кәсіби қазақ тілін меңгерудегі екі негізгі деңгей: 1) сөйлеу ережелері, 2) сөйлеу шеберлігі. Тіл қалыптарының түрлері (міндетті) және диспозитивті (нұсқалық) қалыптар. Жақсы (үлгілі сөйлеудің) сапасы. Сөйлеудің дұрыстығы. Дұрыс сөздер мен сөз пішіндерін таңдауда. Сөз тазалығы. Канцеляризмдер, сөйлеудің мөрлері. Сөйлеудің қисындылығы. Логика заңдары. Сөйлеудегі алогизмдерді алып тастау. Стилистикалық қателер және сөйлеудің мәдени кемшіліктері. Тіл жүйесінің жекелей бөлімдері бойынша қателіктер. Практикалық стилистиканы анықтау. Ой мен қисынды сөздерді құрастыру үдерісіндегі сөздік бірліктерді таңдау мәселелері.

Баяндау. Баяндаудың құрылымы және ерекшеліктері. Ауызша лебіз адамның білімділігі мен мәдени көрсеткіші ретінде. Түсіндіру, баяндау, оқыған жайлы пікір алмасу, берілген тақырып бойынша пікірсайыс, кәсіби

шығармашылыққа қатысты белгілі бір коммуникативті жағдай жайлы сұхбаттасу түріндегі лебіз жаттығулары. Лебіз әрекеттерінің этикасын жетілдіру. Баяндаудың құрылымы және ерекшеліктері. Баяндау түрлері: баяндау-түсіндіру, баяндау-дәлелдеу және баяндау-ойлау. Баяндаудың логикалық құрылымы. Философиялық тұрғыда баяндаудың сипаты мен ерекшеліктері. Қазақы ауызша мәдениет. Қазақ ойшылдарының баяндау түрлері. Шешендік сөздердегі коммуникация жүйесі мен дүниетанымының дәстүрлі ұлттық логикасы.

Халықаралық қатынастар саласындағы мәтінді құрылымдық-мағыналық талдау негіздері. Аннотация.

Мәтінді құрылымдық-мағыналық талдау негіздері. Аймақтану мамандығына сәйкес тақырыпты анықтау. Тақырып – мәтін негізі. Тақырыптың түрлі септіктердегі зат есімдік мәні. Мәтін тақырыбын есімдікпен немесе синоним сөздермен алмастыру. Ғылыми тақырыпшалардың халықаралық қатынастар, сыртқы саясат саласындағы мәтіннің мазмұнын ашудағы орны. Дәйексөздерді рәсімдеудегі негізгі ережелер. халықаралық қатынастар, сыртқы саясат саласындағы мәтіндерді аннотациялау. Тұтынушының ерекшелігіне қатысты аннотация түрлері. Библиографиялық-анықтамалық көрсеткіш. Библиографиялық көрсеткіштің құрылымы. Халықаралық қатынастар, сыртқы саясат саласындағы мәтіндерге мазмұндама жазу. Репродуктивті және продуктивті рефераттардың түрлері. Ғылыми мәтінге рецензия жазу. Ғылыми рецензияның құрылымы. Ғылыми жұмыс жайлы пікір. Ғылыми пікір құрылымы. Аннотация-қорытындылар екінші ақпараттық мәтін ретінде. Аннотация-қорытынды құрастырудағы тілдік тәсілдерді таңдау.

СӨЖ түрі

Ұсынылған лексика-грамматикалық тақырыптар аясында төмендегідей өзіндік жұмыс түрлерін ауызша және жазбаша орындауға болады:

- Сөздік
- Эссе
- Резюме
- Аннотация
- Жоспар
- Реферат
- Сөзжұмбақ
- Аударма жұмысы
- Сұрақ-жауап
- Тест тапсырмалары
- Сканворд
- Іскери ойындар
- Рөлдік ойындар
- Мақала

- Жарнама
- Пресс релиз
- Анықтамалық
- Нұсқаулық
- Шолу
- Сұхбат
- Сауалнама
- Бейнебаян
- Таныстырылым
- Комментарий *және т.б.*

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫ

«Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша студенттердің өзіндік жұмысы алған білімдерін тереңдету мен кеңейту, оны практикалық тұрғыда қолдану мақсатын көздейді:

- Болашақ халықаралық қатынастар саласындағы маманның жеке шығармашылық қасиеттерін қалыптастырады;
- өзін-өзі дамыту, өз бетінше білім қорын жинау дағдысын жетілдіреді;
- мәселені тұжырымдай алу, оның шешу жолдарын талдау, тиімді нәтиже шығару, оның дұрыстығын дәлелдеу дағдысын қалыптастырады.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Тіл және оның негізгі ерекшеліктері. Әлем тілдері. Тілдің түрлері: ауызша, жазбаша, монологикалық, диалогикалық, активті, ішкі және сыртқы.
2. Өзіндік монолог құру (ауызша, жазбаша). Халықаралық қатынастар мамандығына сәйкес сипаттау, хабарлау мәтіндерін даярлау.
3. Ауызша баяндама, тақырыпқа байланысты эссе жазу: «Халықаралық қатынастар саласының ғылыми тілі», «Әйгілі дипломаттар - ... », «Халықаралық қатынастар ғылымы саласындағы жетістіктер»
4. Халықаралық қатынастар, сыртқы саясат және дипломатия ара қатынасы
5. Халықаралық қатынастардың өзекті мәселесіне талдау жасау.
6. Халықаралық қатынастар ғылымы саласында дәйексөз келтіру. Дәйексөздерді рәсімдеу ережелері.
7. Дипломатиялық хаттаманың үлгісі бойынша дипломатиялық лексиканың презентациясы
8. Халықаралық қатынастар мамандығына сәйкес тақырыпқа реферат жасау: рефератты презентациялау, таңдалған тақырыпты рефераттау-сипаттау.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Ақбұзауова Б. «Кәсіби қазақ тілі» оқу құралы. Алматы:«Қазақ университеті», 2011.
2. Ақжанова А.К., Утегенова К.Б. Кәсіби қазақ тілі: оқу құралы. Астана, 2010. –128 б.
3. Әліпбаев А.Р. Дипломатиялық құжаттама: оқу құралы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2009. – 235 б.
4. Әліпбаев А.Р. Халықаралық келіссөздер: оқу құралы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2012. – 404 б.
5. Бөрібаева С.Б. «Қазақ тілінде дипломатиялық және мемлекеттік құжаттарды рәсімдеу» оқу құралы.Алматы, «Қазақ университеті», 2011
6. Құлжанова Б.Р. «Қазақ тілі» оқу құралы. Алматы, «Қазақ университеті», 2010.
7. Бөрібаева С.Б. «Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу» оқу құралы, - «Zият- Press».- Алматы, 2006.
8. Современные международные отношения / под ред. А.В. Торкунова; РОССПЭН. — М., 2013.

Қосымша:

1. Тоқсанбай С.Р., Тоқсанбай Г.С., Тоқсанбаев А.С.. Іскер адамдарға арналған орысша қазақша тілашар. – Алматы, 2007. – 160 б.
2. Белғара Б., Жүнісбеков Б., Жүсіпова Г., Салықбаева А.. Кәсіпкерлік, іскерлік қарым қатынас салалары қызметкерлеріне арн. тілашар. – Астана, 2010. – 266 б.
3. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. – Алматы, 2014. Т: 1-30.

Интернет - ресурстар:

terminkom.kz.
tilalemi.kz.
emle.kz.
atau.kz
www.sozdik.kz
www. soylem.kz
til.gov.kz anatili.kz

KBSHT 2202 – КӘСІБИ-БАҒДАРЛЫ ШЕТ ТІЛІ

Көлемі 2 кредит

Авторлар:

Сарбаева Р.Е. – тарих ғылымдарының кандидаты, дипломатиялық аударма кафедрасының доценті
Сарыбаев М.С. – PhD докторы, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доцент м.а.
Байкушикова Г.С. – PhD докторы, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доцент м.а.

Пікір жазғандар:
Кукеева Ф.Т. – тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының профессоры
Исмагулова А.Е. - филология ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш.Уалиханов атындағы КМУ ағылшын тілі және халықаралық құқық кафедрасының доценті м.а.

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

Кәсіби шет тілі бойынша тілдік дайындық инновациялық үлгідегі қазіргі заманғы ЖОО түлегінің кәсіби бағдарланған білім бағдарламасының ажырамас компоненті болып табылады. Шет тілін білу – халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырудың және ғылыми-зерттеу университетінің даму принциптерімен сәйкес академиялық мобильділік аясындағы біліктілікті арттырудың ең негізгі шарттарының бірі. Кәсіби-бағытталған шет тілі студенттердің кәсіби білімдерін қолдануда және тілді жан-жақты игеруде кәсіпке бағытталған материалды қолдану мен іріктеу арқылы көрініс табады.

Пәнді оқыту барысында басқа тілде қарым-қатынас жасаудың базалық біліктілігін ары қарай жетілдірумен қатар тілді кәсіби қарым-қатынас мақсатында қолдану үшін жүйелі, пәндік және тұлғааралық құзыреттердің кәсіби бағдарлы деңгейіне қол жеткізіледі. Кәсіби-бағытталған тіл – жалпы білім беретін мектеп бағдарламасында оқытылатын пәндерінің базалық ағылшын тілі курсының жалғасы болып табылады. Релеванттық студентті оқыту траекториясының жалпы кәсіби және мәдениаралық бағытталуының күшеюін, болашақ мамандыққа, туған мәдениеттің семантикалық және құндылықты қорын өзге мәдениетпен салыстырудағы феноменге шынайы қызығушылықты қалыптастыру болып табылады. Курстың оқу материалын таныстыру кезінде қарым-қатынас аясының және оқытылатын тақырыптардың мазмұнын анық көрсететін түпнұсқалық мәтіндерді, аудио және бейне материалдарды, оқытылатын тіл елінің мемлекеттік

құрылымымен және экономикасымен, мәдени-тарихи қауымдастығымен, қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерімен, маңызды тарихи оқиғалармен байланысты реалийлерді білдіретін тілдік бірліктерді қолдану қарастырылады. Бағдарлама В2-С1 деңгейдегі тіл туралы білімді беруге; мәдениаралық қарым-қатынас құзыреттілігін дамытуға; кәсіби ортада тілді қолдану дағдасын қалыптастыруға бағытталған.

«Кәсіби бағытталған шет тілі» пәнін оқу нәтижесінде студент келесі құзыреттерге ие болуы қажет:

жүйелі құзыреттер:

білуі тиіс:

- ауызша және жазбаша кәсіби бағытталған мәтіндердің функционалды ерекшеліктерін білу;
- кәсіби қарым-қатынаста қабылданған құжат жүргізудің (бағдарлама аясында) негіздерін практикалық түрде білу;
- халықаралық кәсіби қарым-қатынас жағдайларындағы (бағдарлама аясында) қарым-қатынасының жосықтардың стратегиясы мен әдістерін білу;
- Өз бетінше ұғынуда және Қазақстан Республикасының дипломатиялық, консулдық қызметінің сыртқы саяси іскерлік жұмыстарын жетілдіру үрдістерін талдауда шет тілінде теориялық, әдістемелік және анықтамалық-ақпараттық материалдарды пайдалану.

пәндік құзыреттер:

жасай алуы тиіс:

- кәсіби тақырып аясында ауызша (монолог, диалог) сөздерді түсіну;
- мамандыққа байланысты тақырыптарды талқылауға қатысу;
- кәсіби тақырыптарға ауызша хабарламаларды өз бетімен дайындау, соның ішінде мультимедиялық технологияларды қолданып жасау;
- кәсіби-іскерлік қарым-қатынастың типтік жағдайларында түрлі таңбалық жүйелерде (мәтін, кесте, график, диаграмма, аудиовизуалды қатар және т.б.) қалыптасқан ағылшын тілді деректерден қажетті ақпараттарды алу;
- қажет болса сөздікті қолданып ана тілінен мамандық бойынша мәтіннің негізгі мазмұнын ана тіліне аннотациялау, қысқаша мазмұндау және баяндау;

дағдылану тиіс:

- кәсіби тақырыптарға хабарламалар, мақалалар, тезистер, рефераттар жазу;
- ауызша және жазбаша пікір айтқанда кәсіби сөйлеуге тән негізгі грамматикалық бірліктерді тану және қолдану;
- ауызша және жазбаша пікір айтқанда терминологиялық сипаттағы белсенді және пассив лексикалық минимумды қамтыған өзінің кең және тар мамандығының негізгі терминологиясын тану және қолдану;
- кәсіби қызметте коммуникативті міндеттерді орындауға қажетті ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау және ақпараттық дерек көздерін іріктеу;

- оқу және коммуникативті міндеттерге қойылған жетістікке жету тәсілін өз бетінше анықтау.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттер:

- меңгерілетін шет ел тілінің мәдениеті тұрғысында іс-әрекет нормасына бағытталған сөйленіс әрекетін құрастыра алу қабілеттілігі;
- қазіргі маманның (іздеу сайттарымен, шетелдік ЖОО-дары мен кәсіби қоғамдастықтардың беттерімен, электрондық энциклопедиялармен және т.б. шет тіліндегі электрондық пошталармен жұмыс істеу) іскерлік қарым-қатынас саласында кәсіби құзыретті қалыптастыратын маңызды құрал ретінде ақпараттық технологияларының мүмкіндіктерін мақсатты және белсенді қолдануда;
- жобалық қызметте, оқу және ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру мен жүргізуде (конференцияларда баяндама жасау, академиялық мобильділік және т.б. бағдарламалар бойынша гранттар мен машықтануларға өтініштерді рәсімдеу).

Пререквизиттер: ЖОО-дағы «Шет тілі (ағылшын тілі)».

Постреквизиттер:«Дипломатиялық және консулдық қызмет», «Дипломатиялық құжаттама» , «English for specific purposes».

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№ №	Тақырыптардың атауы
1	"Халықаралық қатынастар" мамандығына "Кәсіби-бағдарланған шет тілі" курсын енгізу
2	Шет тілінде негізгі қоғамдық-саяси терминдердің кәсіптік сөздігін қалыптастыру
3	Халықаралық қатынастар мамандығының пәндік саласындағы кәсіби бағытталған шет тілінде (ағылшын) арнайы мәтіндермен жұмыс істеу: Халықаралық қатынастар тарихы және Дипломатияның қысқаша құрылымы. Көпжақты дипломатияның эволюциясы
4	Халықаралық қатынастар жүйесіндегі негізгі теорияларды оқуға шетел тілін пайдалану. Халықаралық қатынастар саласындағы көрнекті ғалымдар. Халықаралық қатынастардың классикалық теориялары.
5	Мамандыққа байланысты арнайы мәтіндерді аудару тәжірибесі: негізгі халықаралық ұйымдар - БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, НАТО, ҰҚШҰ, АӨСШК.
6	Дипломатиялық хат алмасудағы шетел (ағылшын тілі) тілі. Шетел тіліндегі кәсіби дипломатиялық хат алмасу (Formal, informal letters; notes verbales, agreement, Letters of credence and recall etc.).
7	Бизнес-коммуникациядағы шетел тілі (ағылшын). Шетел тілінде дипломаттың кәсіби коммуникациясы(келіссөздер, кездесулер, пікірталастар, тұсаукесерлер, конференциялар және т.б.).

	Дипломатиялық хаттама және дипломатиялық этикет.
8	Арнайы кәсіби-бағытталған материал және берілген кәсіби жағдайларда шет тілін пайдалану (кейс-стадиз, рөлдік ойындар, т.б.).
9	Халықаралық қатынастардағы кәсіби-бағытталған шет тілі арқылы құралған кәсіби құзыреттілік. Кәсіби шет тіліндегі академиялық хат. Дипломатияның кәсіби тілі (ағылшын және француз).
10	Оқу үдерісіндегі академиялық қатынас (ағылшын тіліндегі кәсіби бағытталған пәндер бойынша дәрістер мен семинарлар) Дипломатиялық кадрлар. Дипломатиялық корпус. Дипломатиялық иммунитет.

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

«Кәсіби бағытталған шет тілі» – оқытылатын шет (ағылшын) тілі форматында филологияның пәндік аясы туралы теориялық білім жиынтығын ұсынуда студенттердің құзыретін қалыптастыратын оқу пәні.

«Кәсіби бағдарланған шет тілінің» **нысаны** мамандық аясында оқылатын шет тілі ағылшын тілінің термині мен түсінігінде білімнің негізгі бағыттарын, мәнін сипаттау.

Кәсіби бағдарланған шет тілі оқу пәнінің **пәні** кәсіби бағытталған шет тілі кәсіби ағылшын тілінің арнайы ғылым ретіндегі метатілі болып табылады.

Тілдік дайындықтың екінші кезеңі студенттерде мәдениаралық деңгейде когнитивті және кәсіби құзыретті қалыптастырады, студент тұлғасының зияткерлік және эмоциялық дамуын ынталандырады. Бұл кезеңде студенттердің дамуы шешілетін проблемалық мәселе негізінде коммуникативті-ойлау қызметіне дайындықты көрсетеді. Жазба сөз саласында үйреншікті тіл материалы шегінде бейтарап және ресми сипаттағы жазба сөздің өнімді үлгілерін жазу машығы мен іскерлігін қалыптастыру қарастырылады.

Бағдарлама мәтіндік материалдарды тереңірек үйренуге: түсіндіру, аудару, мәтінді айту, сондай-ақ студенттердің сөздік қорын молайтуға және оқылатын лексикалық бірліктерді талдауға және шет тілін игерудің жеткілікті әлеуметтік, жалпы білімдік деңгейін қалыптастыруды талап етуге есептелген. Оқытудың бұл кезеңінде сөйлеу қызметінің төрт түрінде коммуникативті машық пен шеберлік қалыптасады, ол қоғамдық өмірдің түрлі салаларында тұлғарааралық және мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде шет тілін жеткілікті дәрежеде еркін қолдануды қамтамасыз етеді.

Шет тілін оқытудың бұл курсы қызметтің төрт түрінде: тыңдау, сөйлеу, оқу және жазуда коммуникативті-интермәдени құзырет негізін қамтиды. Бұл көлем шеңберінде құзыреттің жалпыеуропалық шкаласы (ОЕК) В2 деңгейі – базалық стандарттылық деңгейі меңгеріледі.

Пәнді оқыту мақсаты:

Үйренушілерде көпмәдениетті және көптілді орта жағдайында

әлеуметтік мәдени, академиялық және кәсіби салаларда тиімді, дербес қатынас үшін басқа тілді коммуникативті құзырет қалыптастыру бұл бағдарламаның **стратегиялық мақсаты** болып табылады.

Оның **практикалық мақсаты** күнделікті және академиялық қарым-қатынастағы шынайы жағдайларда, сондай-ақ кәсіби қарым-қатынастағы әдеттегі жағдайда ағылшын тілін қолдану шеберлігін қалыптастырудан тұрады.

Оқу-танымдық мақсаты ретінде үйренушілердің танымдық қызығушылығын ынталандыру, олардың когнитивтік қабілеттерін дамыту, танымдық қызметтің стратегиясы мен әдістерін қалыптастыру, ағылшын тілінде оқу жұмысының шеберлігі мен машығы ерекшеленеді. Бағдарламаның білімдік мақсатын аталған мамандық бакалаврларының жалпы мәдениет деңгейін көтеру мен ой-өрісін кеңейту құрайды.

Тиісінше, курстың **міндетіне** мыналар кіреді:

- студенттерді филология бойынша жалпы ғылыми, ғылыми-көпшілік және арнайы мәтіндердің жалпы мазмұнын түсіну мен талдауға үйрету;

- жалпы ғылыми және арнайы ауызша мәтіндердің жалпы мазмұнын қоса алғанда ағылшын тіліндегі ауызекі тілді түсіну машығын қалыптастыру мен дамыту, олардан кәсіби қызмет үшін қажет ақпараттар алу мен арнайы ауызша мәтіндерді конспектілеуге машықтандыру;

- жалпы коммуникативті, академиялық және кәсіби талаптарға сай жазбаша мәтіндерді құру машықтарын қалыптастыру мен дамыту;

- пікірталас жүргізу, ақпараттарды ұсыну мен сұрау, ережелерді/тезисті және өз көзқарасын дәлелдеуді қоса алғанда жалпы коммуникативті және кәсіби міндетті шешу үшін қажет сөйлеу машығын дамыту;

- аталған жалпы коммуникативті және кәсіби міндетті шешу үшін студенттерге қажетті грамматиканы білу және лексикалық қорды қалыптастыру мен дамыту;

- тілдік мәселелерді өз бетінше шешу машығын дамыту;

- үйренетін тілдің бір тілді сөздігін қоса алғанда сөздікпен, анықтамалықтармен, мультимедиялық және интернет-ресурстармен жұмыс жасау машығын қалыптастыру мен дамыту;

- күнделікті және кәсіби саладағы көпмәдениетті қарым-қатынас жағдайында шет тілін тиімді қолдану мақсатында мәдениетаралық құзыретті қалыптастыру мен дамыту.

Осы міндеттерді ойдағыдай орындау **түпкі мақсатқа** – кәсіби бағдарланған басқа тілді коммуникативті құзыретті қалыптастырудың тұрақты жүйесін жасауға алып келеді, ол үйренушілердің білімін жалғастыруда, сондай-ақ еңбек нарығында білім мобильділігін іске асыруда бәсекелі басымдықты қамтамасыз етеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

"Халықаралық қатынастар" мамандығына "Кәсіби-бағдарланған шет тілі" курсын енгізу.

Білімді маман қалыптастырудағы шет тілін (ағылшын) білуі. Кәсіби қарым-қатынастағы шет тілінің (ағылшын) рөлі. Кәсіби шет тілінің (ағылшын) бакалавриаттың негізгі пәндерімен байланысы: «Мамандыққа кіріспе» және т.б. «Кәсіби-бағдарлы шет тілі» пәнінің болашақ халықаралық салада жұмыс жасайтын мамандарды дайындаудағы алатын рөлі мен орны. Курстың мақсаттары мен міндеттері. Кәсіби бағдарланған шет тіліндегі халықаралық қатынастар пәнінің түсінігі. Халықаралық қатынастар субъектілері мен нысандары. Халықаралық қатынастардың формалары.

Шет тілінде негізгі қоғамдық-саяси және дипломатиялық терминдердің арнайы сөздігін құрастыру.

Мамандықтар аясында қолданылатын метатіл: қазақ тілі (орыс тілі) мен ағылшын тілінің сәйкестілігі. Терминжасамның интернационалдық қоры. Ағылшын тілінде термин қалыптастыру түсінігі. Шетел (ағылшын) тіліндегі кәсіби-бағытталған терминология. Халықаралық қатынастар басты санаттарының шетел тіліне аударудағы ерекшеліктері.Глоссарий құрастыру ерекшеліктері. Шет тілінде саяси, дипломатиялық сөздігін игеру. Шет тілінде кәсіби дипломатиялық сөздіктер пайдалану дағдылары.Электрондық сөздіктерді пайдалану. Уикипедияны (Wikipedia) пайдалану. Халықаралық қатынастардың негізгі категориялары: «Дипломатия», «Халықаралық қатынастар», «әлемдік жүйе», «халықаралық ұйым», «саяси процесс», «Дипломатиялық этикет», «шарттар мен келісімдер» және т.б. Шет тілінде негізгі түсініктер мен терминдерге: «экзекватура», «агреман», «депозитарий», «саяси акторлар», «коммюнике», «дипломатиялық корпус», «дуайен», «конвенция», «меморандум», «декларация», «бірлескен мәлімдемелер», «ноталар» «дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитеттер» және басқаларына анықтамалар.

Халықаралық қатынастар мамандығының пәндік саласындағы кәсіби бағытталған ағылшын тілінде арнайы мәтіндермен жұмыс істеу: Халықаралық қатынастар тарихы және Дипломатияның қысқаша құрылымы. Көпжақты дипломатияның эволюциясы.

Арнайы мәтіндермен жұмыс жасау. Ғылым туралы мәлімдеме. Ғылыми саланың ішкі құрылымы. Дипломат мамандығының негізгі функциялары. Кәсіби ауданы және мәдениеті. Профильдік мамандық және оның білім беру жүйесіндегі орны. Халықаралық қатынастар саласының тарихын зерттеу және талдау үшін шет тілін пайдалану. Дипломатияның қысқаша тарихы. Дипломатияның тарихын зерттеп және талдау үшін шет тілін пайдалану. “Old diplomacy” and “new diplomacy” ұғымдары. Халықаралық қатынастардың тарихи деректерін шолу. Қазақ хандығының дипломатиясы. Халықаралық қатынастар саласындағы қазіргі

әлемдегі негізгі ғылыми парадигмалары. Көрнекті ғалымдардың еңбектеріндегі кәсіби саладағы жалпы және арнайы мәселелері (Халықаралық қатынастар саласындағы ғалымдардың еңбектеріне рефераттау). Қазіргі кезеңдегі қазақстандық ғылым өкілдері. Шетелдік кәсіби сала бағыттарының негізгі тенденциялары. Кәсіптік мектептер мен концепциялар.

Халықаралық қатынастар жүйесіндегі негізгі теорияларды оқуға шетел тілін пайдалану. Халықаралық қатынастар саласындағы көрнекті ғалымдар. Халықаралық қатынастардың классикалық теориялары.

Шет тілінде қоғамдық-саяси мәтіндерді аудару (ғылыми монография, оқулық, газет, ғылыми журнал, зерттеу есептемесі, ғылыми атақты баспалар). Халықаралық қатынастардың классикалық теориялары. Халықаралық қатынастарда ең танымал теориялары - бұл реализм, либерализм, марксизм. Классикалық теориялардың негізгі идеялары (Э.Х Карр и Ганс Моргентау және басқалар.). Халықаралық қатынастар саласында негізгі ғылыми мектептер мен жаңалықтар: реализм және либерализм, әлеуметтік конструктивизм. Мамандық саласындағы белгілі ғалымдар еңбектерінің мәтіндерімен таныстыру (халықаралық қатынастар бойынша оқу-әдістемелік құралдар материалдары бойынша шет тілінде (ағылшын) мәтіндерді оқу, аудару және айтып беру).

Мамандыққа байланысты арнайы мәтіндерді аудару тәжірибесі: негізгі халықаралық ұйымдар - БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, НАТО, ҰҚШҰ, АӨСШК.

Кәсіби біліктілік: шет тіліндегі (ағылшын) арнайы мәтіндерге бағдарлану. Оқу, аударма, шет тілінде мамандыққа байланысты мәтіндерде пікір айту. Аударма: ауызша және жазбаша. Ресми және бейресми. Аударма тәсілдері: дәлме-дәл, адекватты, еркін, әдеби-шығармашылық. Мамандыққа қатысты мәтіндерді аудару. Жалпы және қоғамдық-саяси сипаттағы мәтіндерді аудару. Алғашқы халықаралық ұйымдардың пайда болуы. Негізгі халықаралық ұйымдар - БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ҰҚШҰ, АӨСШК және т.б. Халықаралық ұйымдардың рөлі мен маңызы. Халықаралық ұйымдарды ашу және оның құрылымы. Халықаралық ұйымдардың мақсаттары, міндеттері, қызметтері. БҰҰ және оның мамандандырылған ұйымдары.

Дипломатиялық хат алмасудағы шетел (ағылшын тілі) тілі. Шетел тіліндегі кәсіби дипломатиялық хат алмасу (Formal, informal letters; notes verbales, agrement, Letters of credence and recall etc.).

Шетел тілінде кәсіби дипломатиялық хат-алмасу: formal, informal letters, notes verbales, agrement, letters of credence and recall etc. Түйіндеме/CV, іскерлік хаттар (сұрату хат, растау хат, ұсыныс хат, хабарлама хат, хат хабар, шақыру хат, өтініш хат, алғыс хат, кешірім хат, ілеспе хат,) және басқа бизнес - корреспонденциялар. Іскерлік хаттағы шет тіліндегі терминологиялық тіл. Жиі кездесетін терминдер мен іскерлік хат алмасудағы ағылшын тіліндегі бастапқы түсініктер мен анықтамалар.

Бизнес-коммуникациядағы шетел тілі (ағылшын). Шетел тілінде дипломаттың кәсіби коммуникациясы (келіссөздер, кездесулер, пікірталастар, тұсаукесерлер, конференциялар және т.б.). Дипломатиялық хаттама және дипломатиялық этикет.

Дипломатияның маңызды құралы ретінде дипломатиялық келіссөздерді дайындау және өткізу, кездесулер, әңгімелесулер үшін арнайы кәсіби-бағытталған материал. Дипломатиялық этикет. Дипломатиялық этикеттің негізгі элементтері. Дипломатиялық лауазым мәселелері. Дипломатиялық хаттама, мәні және маңызы. Дипломатиялық хаттаманың негізгі принциптері. Ресми байланыстар, сапарлар және дипломаттардың әңгімелесуінің рөлі. Қазіргі кезеңдегі келіссөздер ерекшеліктері. Келіссөздердің негізгі өлшемдері және оның типологиясы, құрылымы, формасы, негізгі функциялары. Келіссөздерді ұйымдастыруға дайындық. Келіссөздерді жүргізу процесінің технологиясы. Келіссөздерді жүргізудегі тәсілдер мен мінез-құлықтар. Келіссөздер жүргізу тактикасы мен әдістері. Кәсіби дебаттар шешендік өнердің жоғарғы сапасы ретінде. Кәсіби сөйлеу құрылымы. Берілген тақырып бойынша конференция және кішігірім баяндама дайындау.

Арнайы кәсіби-бағытталған материал және берілген кәсіби жағдайларда шет тілін пайдалану (кейс-стадиз, рөлдік ойындар, т.б.). Дипломатиялық бөлім және СІМ өкілдері түсінігі және құрылымының негізгі құрамдас бөліктері. Кәсіби біліктілік: шетел (ағылшын) тілінде нақты мәтіндерге бағытталған. Мамандық бойынша кәсіби-бағдарланған ағылшын тілінде тақырып бойынша оқу, тыңдау, мәтіндерге түсініктеме жасау. Халықаралық қатынастар мамандығы проблемалары бойынша шет тілінде реферат дайындау, мәтіндерді жазу. Берілген кәсіби жағдайларда шет тілін пайдалану(case-studies, role-plays etc.), сонымен қатар қазіргі әлемдегі қоғамдық-саяси іс-шараларды зерделеу мен талдау. Тілдік және мәдениаралық байланыс. Шет тіліндегі тілдік және мәдениаралық байланыстардың формалары. Мәдениаралық байланыс және аударма. Жекеаралық байланыс. Басқа мәдени өкілдермен қатынас барысында мәдениаралық ерекшеліктермен танысу. Мамандық саласында мәдениаралық байланыстың дамуында тренингтер. Дипломатиялық байланыс барысындағы жағдайлар (дипломатиялық кездесулер, байланыстар, келіссөздер, т.б.). Дипломатиялық бөлім және СІМ өкілдері түсінігі және құрылымының негізгі құрамдас бөліктері. ҚР-ның СІМ қызметі және құрылымы.

Халықаралық қатынастардағы кәсіби-бағытталған шет тілі арқылы құралған кәсіби құзыреттілік. Кәсіби шет тіліндегі академиялық хат. Дипломатияның кәсіби тілі (ағылшын және француз).

Кәсіби құзірет: шетел (ағылшын) тілінде нақты мәтіндерге бағытталған.

Саяси-әлеуметтік және дипломатиялық мәтіндер негізінде шет тілінде негізгі дағдылар және академиялық хат дайындау ерекшеліктерін оқыту (эссе, реферат, аннотация, тезистер, мақала, баяндама, курстық жұмыс, диплом

жұмысы, диссертация, сыни талдау және басқалары). Шетел тілінде ғылыми жұмыс дайындау, әдебиеттер іздеу. Шет тілінде ғылыми мақалалардың әдебиеттер тізімін және деректерді сілтемелер талаптарын дайындау. Ғылыми мақаланы жазу. Оның құрылымы және безендіру. Дипломатия тілі (ағылшын және француз).

Оқу үдерісіндегі академиялық қатынас (ағылшын тілінде кәсіби пәндер бойынша дәрістер мен семинарлар). Дипломатиялық кадрлар. Дипломатиялық корпус. Дипломатиялық иммунитет.

Академиялық оқу қарым-қатынасындағы сөйлеу мәдениеті (ағылшын тілінде). Академиялық оқу (ағылшын тілінде мамандықтар бойынша мәтін түрі, ақпарат көздері). Академиялық қатынастың ауызша формалары (презентация, ғылыми баяндама, баяндама, талқылау, пікірсайыс). Академиялық оқу ісі қарым-қатынасы (лекция және семинар). Оқу процесін ұйымдастыру негізгі нысандарының бірі ретінде шетел тілінде семинар сабағы. Дипломатиялық қызмет және дипломатиялық кадрларды кәсіби даярлау. Консулдық қызмет мемлекеттік дипломатиялық қызметтің бөлігі ретінде . Консулдық мекеме туралы түсінік. «Дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитеттер» ұғымы.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Халықаралық қатынастар мен дипломатияның қазіргі таңдағы мәселелері.
2. Халықаралық қатынастардың негізгі критерийлері, шет тіліндегі негізгі ұғымдар мен терминдердің анықтамасы.
3. Дипломатия тарихы. «Көне» және «жаңа» дипломатия ұғымдары.
4. Дипломатиялық доктрина және оның эволюциясы. Халықаралық қатынастардың тарихы қайнар көзіне шолу. Қазақ хандығының дипломатиясы.
5. Халықаралық ұйымдар - БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, НАТО, ҰҚШҰ, АӨСШК.
6. Дипломатиялық хат алмасудағы шетел (ағылшын тілі) тілі.

Шетел тіліндегі кәсіби дипломатиялық хат алмасу (Formal, informal letters; notes verbales, agreement, Letters of credence and recall etc.).

7. Шетел тілінде дипломаттың кәсіби коммуникациясы (келіссөздер, кездесулер, пікірталастар, тұсаукесерлер, конференциялар және т.б.).

Дипломатиялық хаттама және дипломатиялық этикет. ҚР дипломатиялық тәжірибесі.

8. ҚР СІМ дипломатиялық қызметінің ұйымдастырылуы мен құрылымы. XIX ғасырда сыртқы саяси ведомстваларының эволюциясы.
9. Дипломатияның кәсіби тілі.
10. Дипломатиялық персонал. Дипломатиялық корпус. Дипломатиялық иммунитеттер.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Құжаттарға талдау жасау: а)1961 жылғы дипломатиялық қатынастар жөніндегі Вена конвенциясы; б) 1963 жылғы консулдық қатынастар жөніндегі Вена конвенциясы.
2. Кәсіби шет тілінде сөздікті қолдана отырып негізгі қоғамдық-саяси терминдердің дипломатиялық глоссарийін құрастыру.
3. «Қазақстан Республикасының штандарты» (Мемлекеттік егемендіктің ресми нышандары елтаңба, ту, әнұран, штандарт – олардың сипаттамасы , қолдану ережелері) тақырыбына қысқаша сипаттама және презентация.
4. Қазақ хандығы дипломатиясының тарихы бойынша кітапқа талдау жасау.
5. Н.Назарбаевтың, Қ.Тоқаевтың сыртқы саясат жөніндегі кітапқа талдау.
6. Құжаттарға талдау жасау: 2002 жылдың 13 мамырында қабылданған Қазақстан Республикасының «Дипломатиялық қызмет» туралы Заңы .
7. Біріккен Ұлттар Ұйымының артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция.
8. Қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастардығы өзекті мәселелер бойынша кәсіби шет тілінде саяси мақалаларға аннотация жазу.
9. Шет тілінде «Қазіргі таңдағы халықаралық қатынастар мәселелері» тақырыбына эссе жазу.
10. «Дипломатия және оның халықаралық қатынастардағы рөлі» тақырыбына қысқаша реферат жазу.
11. Қазақстан Республикасының Консулдық Жарғысы.
12. Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер Министрлігі туралы ереже.
13. Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілділігі туралы ереже.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. «ҚР Сыртқы саясаты» бойынша шет тіліндегі қоғамдық саяси әдебиеттен және монография бөлімінен мәтінді жазбаша және ауызша баяндау.
2. Шет тілінде «Халықаралық қатынастар бойынша терминологиялық саяси сөздік» құрастыру.
3. Консулдық қызмет: жалпы ережелер. Дипломатиялық үлкенділік қағидасы. «Құрметті консулдық қызметкерлер және олардың басқару нысандары» тақырыбы бойынша презентация жасау
4. Шетелдік баспасөзден алынған мақаланы аудару және мазмұнын баяндау.Елде және әлемде болып жатқан оқиғаларға байланысты өзекті саяси тақырыпта ауызша баяндау.

5. Кәсіби терминологияны қолданып халықаралық қатынастар тақырыбы бойынша презентация-конференция өткізу. Халықаралық конференциялардың регламенті: төрағалық, ресми тіл, күн тәртібі, жүргізу ережелері және т.б .

6. Шет тілінде ҚР сыртқы саясаты туралы саяси материалдар қолдану.

7. Дипломатиялық материалдарды ауызша және жазбаша аудару , және оның кәсіби шет тілін меңгерудегі маңызы .

8. Кәсіби шет тілінде академиялық хаттардың әр түрлі үлгісіндегі саяси мәтіндерге жазбаша талдау жасау.

ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. R.G. Feltham. Diplomatic Handbook. Longman. London and New York, 2000.
2. Борисенко И. И., Евтушенко Л. И. Английский язык в международных документах. – учеб. Пособие. К.: Логос-М, 2007.
3. Monographs by English and American authors, (2000-2010).
4. Murphy R.English Grammar in Use.Cambridge University Press, 1999.
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995.
6. Дипломатиялық қызмет туралы Заң. Алматы, 2002.
7. Современный словарь русско-английских, англо-русских слов (кез-келген басылым).
8. Дипломатический словарь. М., 1984-1986. Т.1-3.
10. Kairbaeva R.S., Makisheva M.K. Reader for Students of International Relations department. – Алматы, Қазақ Университеті, 2007.

Қосымша:

1. Английский для специалистов-международников.English for experts in International Relations/ Кубьяс Л.Н., Кудачкина И.В.- М: АСТ: Восток – Запад. 2008.
2. The Globalization of World Politics. An Introduction to International Relations. Edited by John Baylis and Steve Smith. Oxford, 1997.
3. European Foreign Policy. Key Documents. Edited by Christopher Hill and Karen E. Smith. London and New York, 2000.
4. International Relations/ F.Pearson, J. Rochester. II Title, 1994.
5. The Evolution of International Organizations. Luard, 1996.
6. Назарбаев Н. А. На пороге XXI в. Алматы, 1996.
7. Назарбаев Н. А. Критическое десятилетие. Алматы, 2003.
8. Токаев К. Дипломатия Республики Казахстан. – Астана, 2001
9. Barston. Modern diplomacy.– Moscow, 1988
10. Султанов Б.К. Становление внешней политики Казахстана. – Алматы, 2005.

11. Международные отношения: теории, конфликты, организации. Под ред. Цыганкова П.А. – Москва, 2004.
12. Мамандық бойынша арнайы әдебиет.
13. Борковская Н.И. Костенко С.М. и др. Пособие для научных работников по развитию навыков устной речи. Английский язык. 1970.
14. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының жыл сайынғы есебі.
15. Венская конвенция о дипломатических сношениях от 18 апреля 1961 года // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/dip_rel.shtml
16. Венская конвенция о консульских сношениях и факультативные протоколы от 24 апреля 1963 года // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pdf/consular.pdf
17. Казахстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурызда қабылданған «Дипломатиялық қызмет туралы Заңы» // http://ru.government.kz/docs/z020000299_20101227~1.htm
18. Дипломатическая служба Республики Казахстан: учеб. пособие/ под общ. ред. К. К. Токаева; ред. совет А. Ю. Волков и др. - 2-е изд., испр. и доп. – Алматы: Дом Печати Эдельвейс, 2005.

Интернет ресурстарының қосымша тізімі:

1. Сөздіктер:
1.1. http://www.multitran.ru
1.2 http://dictionary.com
1.3 http://dictionary.cambridge.org
1.4 http://dictionary.reference.com
1.5 http://www.multilex.ru/English-Russian_Multilex.html
1.6 http://lingvo.ru
1.7 http://www.thefreedictionary.com

2. Энциклопедиялар:
2.1. http://encarta.msn.co.uk
2.2. http://en.wikipedia.org
2.3. http://www.encyclopedia.com
2.4. http://www.britannica.com
2.5. http://www.probert-encyclopaedia.co.uk
2.6. http://dic.academic.ru

3. Жаңалықтар сайты:
3.1. http://www.voanews.com/specialenglish
3.2. http://www.en.wikipedia.org
3.3. http://www.findarticles.com

4. Ұйым сайттары:
4.1. БҰҰ сайты: http://www.un.org/

4.2. Дүниежүзілік банк: http://www.worldbank.org
4.3. ДҚҚ: http://www.imf.org
4.4. ДСҰ: http://www.wto.org
4.5. ОЭСР: http://www.oecd.org/statistics
4.6. МОТ: http://www.ilo.org
4.7. ҚР статистика жөніндегі агентттілігі: http://www.stat.kz

DKK 2203 – ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КОНСУЛДЫҚ КЫЗМЕТ

Көлемі 3 кредит

Авторлары:
Әліпбаев А.Р. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Чукубаев Е.С. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Пікір жазғандар:
Иембекова М.О. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, «Нархоз» университеті
Бюжеева Б.З. – тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

«Дипломатиялық және консулдық қызмет» оқу пәні болашақ халықаралық қатынастар мамандарына дипломатияның мемлекеттік қызметтің ерекше бір түрі ретінде түсінік қалыптастыруды, дипломаттың мамандығының өзіне тән ерекшеліктерін ашып көрсетуді, мемлекеттердің дипломатиялық және консулдық қызметінің функционалдық мақсаттарымен таныстыруды көздейді.

Аталмыш пәннің мазмұны осы мамандық бойынша қазіргі кезде өтіп жатқан үрдістерге және ҚР-ның сыртқы саяси міндеттеріне сәйкес келеді.

Пәнді игеру барысында студент:

дипломатия тарихы мен дипломатиялық қызметтің әлемдік тәжірибесінен және Қазақстан Республикасының қазіргі дипломатиялық қызметінен т*үсінігі болуға тиіс.*

негізгі дипломатиялық ұғымдар мен терминологияны; 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының негізгі анықтамаларын; дипломатиялық өкілдіктердің иммунитеттері мен артықшылықтарын; Қазақстан Республикасының дипломатиясы мен дипломатиялық қызметінің қағидаларын; дипломатиялық жұмыстың негізгі түрлері мен әдістерін *білуге тиіс*.

Дипломатиялық жұмыстың қазіргі үрдістері мен өзгерістерін сараптау; дипломатиялық стратегия мен тактиканы, дипломатиялық және консулдық қызметтің өзіндік ерекшеліктері мен өзіне тән белгілерін саралауға *икемді болуға тиіс.*

Орталық Сыртқы істер ведомствосының және шетелдік өкілдіктерінің рөлі мен қызметін айқындау, оның қызметін үйлестіру; дипломатиялық құжаттардың негізгі түрлерімен жұмыс жасау және мемлекеттік және дипломатиялық протокол қызметінің ұйымдастырушылық және тәжірибелік д*ағдысы болуға тиіс.*

Қазақстан Республикасының сыртқысаяси қызметі шеңберінде дипломатиялық және консулдық қызметінің жұмыстарын жетілдіруде

теоретикалық, әдістемелік және анықтамалық-ақпараттық мәліметтерді дербес сараптай алу үшін *құзыретті болуы тиіс.*

«Дипломатиялық және консулдық қызмет» пәнінің бағдарламасы «5В020200-халықаралық қатынастар» мамандығының типтік оқу жоспарына сәйкес құрастырылған. Пәнді тиімді игеру үшін студенттер келесі пәндерді теоретикалық және тәжірибелік тұрғыдан жетік меңгерулері тиіс:

Пререквизиттері: «Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы», «Азия және Африка елдерінің тарихы», «Мамандыққа кіріспе: халықаралық қатынастар».

Постреквизиттері: «Дипломатиялық құжаттама», «Дипломатиялық протокол және этикет», «Көпжақты дипломатия», «Қазақстан Республикасының Консулдық қызметі».

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

1.	Кіріспе
2.	Дипломатиялық қатынастар
3.	Сыртқы қатынастардың мемлекеттік органдары
4.	Дипломатиялық өкілдік
5.	Халықаралық үкіметаралық ұйымдар жанындағы мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері
6.	Консулдық қызмет және оның жұмыс істеуі
7.	Дипломатиялық протокол
8.	Дипломатия мамандары
9.	Қазақстан Республикасының дипломатиялық тәжірибесі
10.	Дипломатиялық жұмыстың негізгі түрлері мен әдістері
11.	Протоколдық жұмыс
12.	Дипломатиялық байланыстар, жеке сапарлар мен сұхбаттар
13.	Келіссөздер дипломатияның құралы ретінде
14.	Келіссөздер барысының технологиясы
15.	Қазіргі кездегі дипломатияның ұйымдастырылуы мен тәжірибесіндегі өзгерістер

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Қазақстан Республикасының өз тәуелсіздігін жариялауы еліміздің әлемдік қауымдастық жүйесіне енгендігін білдірді. Егеменді еліміздің өзінің сыртқы саяси функцияларын жүзеге асыруда дипломатиялық және консулдық қызметтің негізін жетік білетін халықаралық қатынастар мамандарына деген қажеттілік туындады. Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастар алаңында егеменді ел

ретінде шығуы, мемлекетіміздің шетелдік мемлекеттермен қатынасының ауқымын кеңейте түсті.

Сыртқы саяси қатынастардың кең саласында мемлекетер арасындағы дипломатиялық және консулдық қатынастар, олардың даму деңгейі, осыған сәйкес нормативтік-құқықтық негіздің болуы және т.б. маңызды орынды иемденеді.

Пән *мақсаты:* мемлекеттің сыртқы саясатын жүзеге асыруда дипломатиялық және консулдық қызметтің функционалды міндеттері мен рөлін оқыту.

Міндеттері: дипломатиялық қарым-қатынастар жүргізудің негізгі қағидаларымен таныстыру; дипломатиялық және консулдық қызметтің рөлі мен мәнін көрсету; дипломатиялық және консулдық қызметтің негізгі түрлерін, әдістері мен техникалық қабылдауларын аша тусу; 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының негізгі анықтамаларын, дипломатиялық өкілдіктердің иммунитеттері мен артықшылықтарын, Қазақстан Республикасының дипломатиясы мен дипломатиялық қызметінің қағидаларын зерделеу.

«Дипломатиялық және консулдық қызмет» курсының бағдарламасы, 1992 жылдан бері қарай оқу үрдісі барысында сыналған бірінші басылымға негізделген.

Дипломатиялық және консулдық пәні. Тарихы. Елшілік құқығының субъектілері. Дипломатиялық және консулдық құқықтың қайнар көздері. Дипломатиялық және консулдық қызмет туралы көпжақты және екіжақты келісім-шарттар. Дипломатиялық өкілдік: оның қызметін құқықтық реттеу. Дипломатиялық өкілдіктің құрамы және міндеттері. Агреман. Жағымсыз тұлға (персона нон грата), консулдық патент. Дипломаттардың міндеттері. Консулдардың міндеттері. Дипломатиялық артықшылықтар мен жеңілдіктер. Консулдық артықшылықтар мен жеңілдіктер. Дипломатиялық және консулдық артықшылықтардың ортақтығы және айырмашылығы. Халықаралық ұйымдардың дипломатиялық құқығы. Халықаралық ұйымдардағы мемлекеттердің тұрақты өкілдіктері. Халықаралық конференциядағы делегациялардың құқықтық жағдайы.

Консулдық қызметтің құқықтық реттелуі. Қазақстан Республикасындағы шет мемлекеттер консулдық өкілдіктерінің құқықтық мәртебесі. Штаттан тыс консулдың құқықтық мәртебесі. Дипломатиялық қатынастар жөніндегі 1961 жылғы Вена конвенциясы; Консулдық қатынастар жөніндегі 1963 ж. Вена конвенциясы; Қазақстанның басқа мемлекеттермен жасасқан екіжақты келісімдері.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Дипломатиялық қатынастар

«Дипломатиялық қатынастар» ұғымы. Дипломатиялық қатынастарды орнату. Дипломатиялық өкілдіктермен алмасу.

Құжаттардың түрлері, келісімдер, келісім туралы құжаттарды жариялау тәртібі мен мерзімдері, коммюникенің мәтінін келісу. “Үшінші елдерде” өкілдік ету.

1961 ж. дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы. Қазақстан Республикасының 1997 және 2002 ж. ”Дипломатиялық қызмет туралы ” заңы.

Дипломатиялық қатынастарды уақытша тоқтату және үзу тәртібі. Дипломатиялық қатынастарды қайта қалпына келтіру.

Сыртқы қатынастардың мемлекеттік органдары

Сыртқы саясат мәселелері бойынша шешім қабылдауға қатысатын сыртқы қатынастар органдары. Мемлекет басшысының сыртқы қатынастарды іске асырудағы рөлі. Елдің сыртқы саясатын жүзеге асырудағы үкімет басшысы мен үкіметтің өкілеттілігі мен қызметтері. Парламенттердің сыртқы саясат пен сыртқы қатынастар бойынша мәселелерді шешудегі рөлі. Сыртқы саясат ведомствосы (СІМ) басшысының өкілеттіліктері мен қызметі.

Арнайы сыртқысаяси ведомстволардың рөлі, олардың құрылымы.

Сыртқы қатынастардың шетелдік органдары. Сыртқы қатынастардың тұрақты шетелдердегі органдары. Сыртқы қатынастардың шетелдердегі уақытша органдары.

Сыртқы істер министрлігінің міндеттері. Дипломатиялық қызмет органдарының негізгі қызметтері. СІМ-нің ұйымдастырылуы мен құрылымы.

Дипломатиялық өкілдік

Дипломатиялық өкілдік түсінігі. 1961 ж. дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының дипломатиялық өкілдіктер туралы баптары.

Дипломатиялық өкілдіктің негізгі міндеттері мен қызметтері. Дипломатиялық өкілдік персоналы. Дипломатиялық өкілдік басшысы. Агреман, оны сұрау және алу процедурасы. Персона грата. Персона нон грата. Сенім грамотасын тапсыру. Кері шақырып алу грамотасы. Босату грамотасы. Таныстыру және визалар. Дипломатиялық өкілдікке кумулятивті негізде жетекшілік жасау.

Дипломатиялық өкілдік құрылымының негізгі құрамдас бөліктері. Дипломатиялық өкілдік қызметкерлерін тағайындау тәртібі.

Дипломатиялық өкілдіктер мен оның персоналының халықаралық-құқықтық мәртебесі. Дипломатиялық өкілдіктердің мәртебелері мен функцияларын анықтайтын халықаралық келісімдер.

Дипломатиялық өкілдіктер мен олардың персоналы мәртебесінің ұлттық заңнамалық құжатарда мемлекеттік-құқықтық реттелуі.

«Дипломатиялық иммунитеттер мен артықшылықтар» ұғымы. Дипломатиялық өкілдіктің негізгі иммунитеттері мен артықшылықтары.

Дипломатиялық өкілдік мәртебесінің мәселесі.

Дипломатиялық өкілдіктер мен олардың персоналының мәртебесін халықаралық-құқықтық реттеудегі қазіргі кездегі тенденциялар.

Халықаралық үкіметаралық ұйымдар жанындағы мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері

Халықаралық ұйымдардың түсінігі және классификациясы. Халықаралық ұйымдардың жалпылай сипаттамасы, олардың шарттық базасы. Халықаралық ұйымдарға мүше болу. Халықаралық ұйымдар арасындағы үлкендік.

Халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдіктердің түсінігі және функциялары. Дипломатиялық протоколдың халықаралық ережелері. Халықаралық ұйымдардың орналасқан елдегі құқықтық мәртебесі. Халықаралық лауазымды қызметтің ерекше сипаты.

Халықаралық ұйымдарға мүше-мемлекеттердің жалпы иммунитеттері мен артықшылықтары. Арнайы миссиялар. Арнайы миссиялардың функциялары мен құқықтық мәртебесі. Арнайы миссиялар жөніндегі 1969 ж. конвенция.

Консулдық қызмет және оның жұмыс істеуі

Консулдық қызмет мемлекеттің дипломатиялық қызметінің құрамдас бөлігі ретінде. Консулдық қызметтің құқықтық негізі.

Консулдық мекемелердің түрлері. Консулдардың екі түрі: штаттағы консулдар, құрметті консулдар. Консулдық өкілдік персоналы. Консулдық округ. Консулдық корпус. Дуайен.

Консулдық қызметтің жалпылама сипаты. Консулдық артықшылықтар мен иммунитеттер. Консулдық иммунитеттер мен артықшылықтардың дипломатиялық иммунитеттер мен артықшылықтардан айырмашылығы, оларды анықтаудағы функционалдық әдістің басымдылығы.

Дипломатиялық протокол

Дипломатиялық протокол, мәні мен маңызы. Дипломатиялық қатынастар туралы 1961 ж. Вена конвенциясының протоколдық нормалары. Дипломатиялық протокол нормаларының міндеттілік сипаты.

Дипломатиялық протоколдың негізгі ұстанымдары. Дипломатиялық протоколдың халықаралық сипаты. Дипломатиялық протокол нормаларын сақтаудың ұлттық ерекшеліктері.

Дипломаттық өкілдердің сыныптары мен дәрежелері. Дипломаттық дәрежелерді беру тәртібі. “Дипломатиялық корпус” түсінігі. Дуайен, оның өкілеттігінің сипаты, функциялары. Дипломатиялық протокол нормаларын қатаң сақтаудың міндеттілігі. Халықаралық ізеттілік ережелерін сақтау. Дипломатиялық этикеттің негізгі элементтері.

Дипломатиялық протокол нормаларын жетілдіру. Дипломатиялық протокол дипломатияның саяси құралы ретінде.

Дипломатия мамандары

Дипломатиялық қызмет және кәсіби дипломатия мамандарын дайындау.

Дипломаттарды дайындау мен кәсібиліктеріне қойылатын талаптардың эволюциясы. Көрнекті дипломаттар дипломат кадрлардың үлгісі ретінде.

Дипломатиялық қызметтің үлгілері. Кәсіби қызметтің сыртқы саяси жүйедегі мәртебесі. Дипломатиялық академиялар, мектептер, факультеттер. Дипломатиялық сипаттағы шетелдердегі оқу орталықтары. Дипломат мамандарды дайындаудағы елтанымдық ерекшеліктер.

Қазақстан Республикасында дипломат мамандарының қалыптасу үрдісі. Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет кадрларының құрамы. Дипломатиялық қызмет қызметкерлерін таңдап алу және дайындау жүйесі.

Қазақстан Республикасының дипломатиялық тәжірибесі

Дипломатиялық қызмет органдарының негізгі функциялары: әлемдегі қазіргі даму үрдістерін сараптау. ҚР өкілдіктерінің шетелдік мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынасуы. ҚР халықаралық саясат стратегиясын жүзеге асыру шетелдерде ҚР-ның сыртқы және ішкі саясаты туралы ақпараттар таратуға ықпал жасау.

Мемлекеттік және дипломатиялық протокол. ҚР дипломатиялық протокол нормаларының халықаралық тәжірибемен сәйкестігі. Мемлекеттік протоколды өткізу салтанатының ұлттық ерекшеліктері.

Дипломатиялық жұмыстың негізгі түрлері мен әдістері

Дипломатиялық өкілдік жұмысының дәстүрлі бағыттары. Дипломатиялық қызметкерлердің қабылдаушы елдегі ақпараттық қызметтері және оның маңызы. Өз елінің ұстанымы туралы ақпараттық-түсіндірме жұмыс. Сараптамалық жұмыс. Дипломатиялық өкілдіктің протоколдық функциялары. Дипломатиялық жазбалардың дипломатиялық өкілдік жұмысындағы маңызы.

Дипломатиялық өкілдіктің дәстүрлі емес жұмыс түрлері: мәдени, лингвистикалық, экономикалық, әскери көмек, гуманитарлық көмек. Істерді шешудің қарапайым түрлері, жұмысты үйлестіру.

Протоколдық жұмыс

Дипломатиялық қызметтегі протоколдық жұмыстың рөлі. Протоколдық шаралардың негізгі міндеттері. Елшіліктерді ұйымдастыру мен ашу рәсімдері. Ресми сапарлар мен ресми байланыстардың протоколы. Жоғары деңгейдегі мемлекеттік сапардың өлшемдері мен тәжірибесі. Шетелдік дипломаттар мен делегацияларды қарсы алу дайындығы.

Дипломатиялық қабылдаулар: қабылдаулардың мақсаттары, негізгі түрлері. Қабылдауларды дайындау әдістерінің халықаралық тәжірибесі және оның дипломатиялық этикеті. Халықаралық протоколдық тәжірибенің этикеті. Өкілеттілік шаралардың түрлері. Дипломаттың визиттік карточкалары.

Дипломатиялық өкілдіктің негізгі протоколдық функциялары. Жекелеген елдердің дипломатиялық протоколының ерекшеліктері. Қазақстан Республикасының дипломатиялық протоколы.

Дипломатиялық байланыстар, жеке сапарлар мен сұхбаттар

Дипломаттардың байланыстарының, сапарларының және сұхбаттарының рөлі. Ресми байланыстар. Байланыстарды дипломатиялық қабылдаулар, протоколдық шаралар және басқа да кездесулер көмегімен дамыту. Дипломатиялық сұхбаттардың маңызы. Дипломатиялық сұхбаттарды дайындау техникасы. Дипломатиялық сұхбаттардың схемасы. Тапсырмалар бойынша сұхбаттар және олардың сипаты. Жеке өз бастамасымен өткізілетін сұхбаттар. Баспасөз өкілдерімен кездесу.

Сұхбаттарды өткізудегі дипломаттардың жеке қасиеттері мен өнері. Дипломатиялық сұхбаттар жазбасының ережелері.

Келіссөздер дипломатияның құралы ретінде

Келіссөздер дипломатиялық жұмыстың маңызды түрлерінің бірі ретінде. Қазіргі келіссөздер барысының ерекшеліктері. Келіссөздердің түрлері және оның негізгі белгілері. Келіссөздер құрылымы. Келіссөздердің негізгі қызметі. Келіссөздерге теориялық негізде дайындалу. Келіссөздерді ұйымдастыру дайындығы. Келіссөздерге дайындалу әдістері.

Келіссөздердің кезеңдері: пікір алмасу (бастапқы); дәйектеу және болашақ келіссөздердің жалпы ауқымын анықтау; ұстанымдарды келістіру және уағдаластыққа қол жеткізу (қорытынды). Келіссөздердің мазмұнды бөлігі. Ортақ тәсілдің қалыптасуы және оның келіссөздер барысындағы маңызы. Келіссөздердің қорытынды құжаттары және олардың түрлері.

Келіссөздер барысының технологиясы

Келіссөздерді жүргізу техникасы және оның маңызы. Келіссөздерді жүргізудің стратегиясы мен тактикалық тәсілдері. Өз ұстанымдарына жалған сипат бере білу әдістері. Бопсалау және әріптесті тығырыққа тіреу әдісі. “Салями” тәсілі және оның маңызы. Қоқан-лоқы өзін-өзі ұстау түрі ретінде. Өз ұсынысынан бас тарту. Екіжақты талқылау. Топтау. “Лас айла” тәсілін қолдану және оның ережелері. “Бастапқы деңгейді барынша көтеру” тәсілдері.

Әріптестік тәсілінің ерекшеліктері. Екіжақты мүдделерді қалыптастыру және іске асыру мәселелері және оның келіссөздер барысындағы маңызы. Ымыраға келу жолдары. Келіссөздердегі бітістірушілік және оның маңызы. Кәсіби дипломаттардың келіссөздер мен құжаттарды саяси ресімдеудегі рөлі. Келіссөздердегі ұлттық стильдің өзіндік ерекшеліктері.

Қазіргі кездегі дипломатияның ұйымдастырылуы мен тәжірибесіндегі өзгерістер

Мемлекеттердің санқырлы сыртқы саяси қызметінің күн санап арта түсуі және қазіргі дипломатия қызметінің жаңа салалары. Коммуникацияның қазіргі кездегі құралдары және дипломатия. Технологиялық революцияның жаңа мүмкіндіктерін пайдалану.

Халықаралық ұйымдар ауқымындағы дипломатиялық әрекет. Жетекші елдер мен кіші мемлекеттердің, “үшінші дүние” елдерінің, микро мемлекеттердің

қазіргі кездегі дипломатиялық қызметі. Дипломатияның ұлттық стилінің жүйеленуі; дипломатиялық әдістердің әмбебаптылығы. Келіссөздер саласындағы сындарлы параллелизм.

Дипломатиялық институттардың модификациясы. Дипломатиялық қызметтің даму болашағы. Қазіргі дипломатиялық стиль. Қазіргі дипломатияның іскерлігі, ашықтығы, қуаттылығы.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. «Көне» және «жаңа» дипломатия.
2. Қазақ хандығының дипломатиясы.
3. Дипломатиялық доктрина және оның дамуы.
4. XIX ғасырдағы сыртқысаяси ведомстволық дамуы.
5. Халықаралық қатынастардың халықаралық-құқықтық негізі.
6. Шет мемлекеттерінің дипломатиялық тәжірибесі.
7. Халықаралық үкіметаралық ұйымдар жанындағы дипломатиялық өкілдіктер.
8. Дипломатиялық иммунитеттер: дипломатиялық корпуске қажеттілігі.
9. Дипломат мамандар.
10. Дипломатиялық үлкенділік мәселесі.
11. ҚР дипломатиялық қызметінің қалыптасуы.
12. ҚР дипломатиялық тәжірибесі.
13. Дипломатиялық этикет.
14. Қазіргі кездегі халықаралық қатынастар және дипломатия мәселелері.
15. Дипломатиялық тіл.

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Қазақстан Республикасының 2002 ж. ”Дипломатиялық қызмет туралы ” заңы.
2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі туралы Ережесі.
3. Қазақстан Республикасының Консулдық Жарғысы
4. 1963 ж. Консулдық қатынастар туралы Вена Конвенциясы.
5. 1969 ж. Халықаралық шарттар құқы туралы Вена Конвенциясы.

СТУДЕНТТІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ОРЫНДАЛАТЫН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Ежелгі Шығыс елдерінің дипломатиялық қызметі.
2. Ежелгі Грекияның дипломатиялық қызметінің қалыптасуы.

3. Ежелгі Римнің дипломатиялық қызметінің қалыптасуы.
4. Ежелгі Византия мен Венеция Республикасының дипломатиялық қызметі.
5. 1961 ж. Дипломатиялық қатынастар туралы Вена Конвенциясы.
6. Қазіргі Франция мен Германияның дипломатиялық қызметі.
7. Ұлыбританияның дипломатиялық қызметі.
8. Ресей дипломатиясының қалыптасуы және даму жолдары..
9. Қытай Халық Республикасының дипломатиясы.
10. Испания мен Италияның дипломатиялық қызметі.
11. Араб елдерінің дипломатиясы
12. Жапония дипломатиясы
13. АҚШ-тың дипломатиялық қызметі.
14. Қазақстан Республикасының дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдіктері туралы Ережесі.
15. ҚР-сы СІМ-нің орталық аппараты, оның құрылымы.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Венская конвенция о дипломатических сношениях от 18 апреля 1961 года // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/dip_rel.shtml

Венская конвенция о консульских сношениях и факультативные протоколы от 24 апреля 1963 года // http: // www. un. Org /ru /documents/ decl_conv /conventions/pdf/consular.pdf

2. Венская конвенция о праве международных договоров от 23 мая 1969 года // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/law_treaties.shtml
3. Закон Республики Казахстан «О дипломатической службе от 7 марта 2002 года» // http://ru.government.kz/docs/z020000299_20101227~1.htm
4. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 октября 2004 года № 1118. Вопросы Министерства иностранных дел Республики Казахстан (по состоянию на 22.10.2007 г.) // http://mfa.kz/ru/#!/legal-status/
5. Дипломатическая служба Республики Казахстан: учеб. пособие/ под общ. ред. К. К. Токаева; ред. совет А. Ю. Волков и др. - 2-е изд., испр. и доп. – Алматы: Дом Печати Эдельвейс, 2005.
6. Смағұлова Г.М., Төлеуова Б.Т. Дипломатиялық және консулдық қызмет. Оқу құралы. -Қарағанды, 2011.
7. Лапин Г.Э. Консульская служба. Учебное пособие. – М: «Международные отношения», 2012.

Қосымша:

1. Әліпбаев А.Р. «Дипломатиялық құжаттама». Оқу құралы. –Алматы, 2009.
2. Әліпбаев А.Р. «Дипломатия тарихы». Оқу құралы. – Алматы, 2013.

3. Әліпбаев А.Р. «Халықаралық келіссөздер». Оқу құралы. –Алматы, 2012.
4. Исағалиев Қ., Исағалиев А.Қ. Дипломатия дәрістері. – Алматы, 2013.
5. Батырша-ұлы С. Дипломатиялық қызмет және халықаралық қатынастар. Оқулық. -Астана,2011.
6. Демин Ю.Г. Статус дипломатических представительств и их персонала. Учебное пособие. – М: «Международные отношения», 2010.
7. История международных отношений. Учебник. В 3-х томах/ под общ. ред. Торкунова А.В. – М: «Аспект Пресс», 2012.
8. Современные международные отношения. Учебник/ под общ. ред. Торкунова А.В., Малыгин А.В. – М: «Аспект Пресс», 2012.
9. Косов Ю.В. Мировая политика и международные отношения. Учебное пособие. – С-Пб: «Питер», 2012.
10. Попов В.И. Современная дипломатия: теория и практика. Дипломатия - наука и искусство. Курс лекций. – М: «Международные отношения», 2010.
11. Официальный сайт Министерства иностранных дел РК// http://www.mfa.kz/

ZhKHK 2204 – ЖАҢА КЕЗЕҢДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТАРИХЫ

Көлемі 3 кредит

Авторлар:
Байзақова Қ.Е. – тарих ғылымдарының докторы, профессор
Идрышева Ж.Қ. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Пікір жазғандар:
Сұлтанов Б.Қ. – тарих ғылымдарының докторы, Қазақ-Неміс университеті халықаралық және аймақтық ынтымақтастықты зерттеу институтының директоры
Макашева К.Н. – тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

«Жаңа кезендегі халықаралық қатынастар тарихы» пәні «5В020200 – халықаралық қатынастар» мамандығының типтік оқу жоспарының Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес дайындалды.

«Жаңа кезеніндегі халықаралық қатынастар тарихы» курсының тақырыптары XVII ғасырдан бастап 1918 ж. дейінгі кезеңдегі халықаралық қатынастар тарихының маңызды мәселелерін қамтиды.

Халықаралық қатынастар тарихын және сыртқы саясатты тұтастай меңгеру үшін пән мазмұны ірі аймақтардың, әлемнің жетекші мемлекеттерінің сыртқы саяси тарихындағы негізгі оқиғаларға ерекше мән беріп, осы көпғасырлық үрдістің даму заңдылықтары мен негізгі кезеңдерін қамтиды. Материалды беруде жүйелік, хронологиялық, жағрапиялық және маңызды мәселелік қағидалар пайдаланылған.

Бұл пәнді меңгеру аясында студент тиіс:

халықаралық қатынастардың тарихы, әлемдік саясат және оның даму перспективасының негізгі тенденциялары туралы *түсінігі болуы.*

оқытылып отырған пәннің негізгі түсініктері мен терминдерін; салыстырмалы дипломатия тұрғысынан жаңа заманның негізгі оқиғаларын; құпия дипломатияның принциптерін және жетекші еуропалық державалардың саясатын *білуі*;

халықаралық қатынастар саласында болып жатқан үрдістерді талдау; алынған білімнің тұтас жүйесінің өзара байланыстылығын талдау; халықаралық қатынастар саласындағы алынған білімді халықаралық ынтымақтастық жөніндегі құрылымдар жұмысын ұйымдастыруда қолдану *біліктілігінің болуы.*

жаңа заман кезеңіндегі әлем аймақтарының тарихи-саяси картасын қолданудың; халықаралық саяси, жалпы әлемдік демографиялық, миграциялық,

экономикалық, экологиялық үрдістерді, халықаралық қауіпсіздік пен халықаралық қатынастарды қолданбалы талдау және болжау *дағдысының болуы*.

халықаралық қатынастардың даму логикасы, мемлекетаралық қатынастарға әсер ететін халықаралық қатынастар дамуының факторларын анықтауда, тарихи даму үрдісіндегі халықаралық дипломатияның рөлі мен орнын түсіну мәселесінде *құзыретті болуы*.

Курста берілген білім мен біліктілік жиынтығы тарихи даму үрдісіндегі халықаралық дипломатияның рөлі мен орнын түсінуге негіз болады. Оқиғаларды салыстырмалы және сыни талдау арқылы студенттерде халықаралық қатынастар тарихы мәселесіндегі білім мен біліктің қажетті кешені қалыптасады.

Пререквизиттері: «Жаңа кезеңдегі Еуропа және Америка елдерінің тарихы және дипломатиясы», «Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заманғы тарихы және дипломатиясы», «Шығыс елдерінің тарихы және дипломатиясы», «Дипломатиялық және консулдық қызмет»

Постреквизиттері: «Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар тарихы», «Халықаралық қатынастардың қазіргі жүйесі», «Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты», «Көпжақты дипломатия».

«Жаңа заман кезеңіндегі халықаралық қатынастар тарихы» пәнінің бағдарламасы 1992 ж. басталған оқу үрдісі барысында шындалған осы бағдарламаның бірнеше басылымдарына негізделеді.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырыптың атаулары
	Кіріспе
1	XVII ғасырдағы халықаралық қатынастар және халықаралық қатынастардың Вестфальдік жүйесінің қалыптасуы
2	XVIII ғасырдағы халықаралық қатынастар
3	XVII – XIX ғ.басында отарлық империялардың қалыптасуы
4	Солтүстік американдық отарлардың тәуелсіздік үшін соғысы. XVIII ғ.аяғы – XIX ғ.басындағы халықаралық қатынастар жүйесіндегі АҚШ
5	XVIII ғ.аяғы - XIX ғ.басындағы халықаралық қатынастар
6	XIX ғасырдың бірінші отыз жылдығында халықаралық қатынастардың Веналық жүйесінің қалыптасуы
7	"Шығыс мәселесі" және еуропалық дипломатия
8	XIX ғасырдың бірінші жартысында Орта Шығыс пен Үндістандағы халықаралық қатынастар
9	XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қиыр Шығыстағы халықаралық қатынастар
10	XIX ғасырдың 40-60-шы жж. халықаралық қатынастар
11	XIX ғасырдың соңғы отыз жылдығындағы халықаралық қатынастар
12	XVIII ғ.аяғы - XIX ғ.басындағы Қиыр Шығыстағы халықаралық

	қатынастар
13	XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ.басындағы Солтүстік және Латин Америкасындағы халықаралық қатынастар
14	Әлемді территориялық бөлісудің аяқталуы
15	Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында және соғыс барысындағы дипломатиялық күрес (1900-1918 жж.)

ПӘН МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Студенттерде XVII ғасырдан бастап XX ғ.басына дейінгі аралықтағы халықаралық қатынастар және дипломатия тарихы туралы қажетті білімді қалыптастыру курстың мақсаты болып табылады.

Курстың міндеттері:

- оқытылып отырған пәннің негізгі түсініктері мен терминдерін оқып-зерттеу;
- халықаралық келісім-шарттардың қабылдануы және белгілі бір тарихи оқиғалардың түрлі баяндалуы мен тарихын оқып-зерттеу;
- халықаралық саяси, жалпы әлемдік демографиялық, миграциялық, экономикалық, экологиялық үрдістерді, планетарлық ортаның өзараықпал механизмдерін, халықаралық қауіпсіздік пен халықаралық қатынастарды қолданбалы талдау және болжауды үйрену;
- жаңа заман кезеңіндегі отарлық иелену күресіндегі жетекші еуропалық державалардың құпия дипломатиясының принциптерін оқып-зерттеу;
- мемлекетаралық қатынастарға ықпал етуші халықаралық қатынастар дамуының факторларын анықтауда құзырлы болуы.

Халықаралық қатынастар тарихын кезеңге бөлу мәселесі. Хронологиялық, формациялық, өркениетті тәсілдер. Халықаралық қатынастар тарихының жалпы сипаттамасы. «Сыртқы саясат», «сыртқы саяси қатынастар», «екіжақты және көпжақты қатынастар» ұғымдары. Сыртқы саяси қызметке ықпал ететін факторлар мен сыртқы саяси құралдар.

Жаңа заман кезеңінің жалпы және ереше белгілері. Капитализмнің қалыптасуы мен дамуы кезеңіндегі халықаралық қатынастардың маңызды кезеңдері мен даму заңдылықтары. Мемлекеттер жүйесі және олардың сипатты белгілері. Негізгі халықаралық қайшылықтар. Халықаралық құқықтың қалыптасуы.

Курс деректері: құжаттық және мемуарлық әдебиет, дипломатиялық сөздіктер, баспасөз, парламенттік құжаттар, заңдық актілер, статистика, мұрағат құжаттары.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

XVII ғасырдағы халықаралық қатынастар және халықаралық қатынастардың Вестфальдік жүйесінің қалыптасуы

XVII ғасыр қарсаңындағы халықаралық және саяси жағдай. Ұлы жағрафиялық ашулар мен алғашқы отарлық басып алулардың халықаралық қатынастар жүйесінің қалыптасуына ықпалы. Ұлттық мемлекеттер жүйесі. Орыс мемлекетінің, Осман империясының, Англияның, Францияның, Испанияның, Португалияның, Данияның, Швециянын, Құрама провинциялар республикасының халықаралық рөлі.

Ресейдің халықаралық жағдайының нығаюы. Осман империясының Шығыс және Орталық Еуропадағы, Кавказ бен Ирандағы жаулап алушылық соғыстары. Жетекші еуропалық әулеттердің бақталастығы. Еуропадағы француз үстемдігінің күшеюі. «Мемлекеттік мүдде», «табиғи шекара», «саяси тепе-теңдік» қағидалары. Француз дипломатиясының үстемдігі. Отыз жылдық соғыс. 1648 ж. Вестфаль бейбіт бітімі және оның мәні. Буржуазиялық революция жылдарындағы Англияның сыртқы саясаты. О.Кромвельдің дипломатиясы. Ирландияны басып алуы. Шотландия мен Ирландияның Англияға қосылуы. Ағылшын-голланд бәсекелестігі. Күштердің жаңа тепе-теңдігінің қалыптасуы. Испания, Франция, Англия және Голландияның сауда және отарлық мүдделерінің қақтығысы. Халықаралық қатынастардың Вестфальдік жүйесі, оның ерекшеліктері.

Қазақ хандығының құрылуы. XYI-XYII ғг. Қазақ хандығының сыртқы саяси және сауда байланыстары. Қазақ хандығын біріктіру әрекеттері.

XVIII ғасырдағы халықаралық қатынастар

Еуропадағы күштер ара-қатынасының өзгеруі. Англия мен Франция бақталастығының басталуы. Испан мұрасы үшін соғыс және оның қорытындысы. Францияның халықаралық ықпалының төмендей бастауы. Австрия мен Ұлыбританияның халықаралық рөлінің күшеюі. Пруссияның нығаюы. XYIII ғасырдағы Англияның сыртқы саясаты.

Халықаралық қатынастардағы Солтүстік және Балтық мәселесі. I Петр тұсындағы Ресейдің сыртқы саясаты. 1700-1721 жж. Солтүстік соғысы. Ресейдің жетекші еуропалық мемлекетке айналуы. XYIII ғасырдың бірінші жартысында халықаралық қатынастардағы поляк мәселесі. 1733-1735 жж. поляк мұрасы үшін соғыс және оның қорытындысы. Пруссияның ұлғаюы және оның әскери державаға айналуы. Австрия-пруссиялық бақталастықтың күшеюі. 1740-1748 жж. австриялық мұра үшін соғыс және оның қорытындысы. Ағылшын-француз және австрия-пруссиялық бақталастықтың басты мәні.

Еуропалық мемлекеттердің негізгі қайшылықтары. 1756-1763 жж. Жетіжылдық соғыс және оның қорытындысы. Отарлар және әлемдік үстемдік үшін ағылшын-француз күресінің жаңа кезеңі. Австрия-прусстық бақталастықтың күшеюі. Халықаралық қатынастардағы поляк мәселесінің күшеюі. Польшаның бірінші бөлінуі.

Осман империясының халықаралық жағдайы. XVII-XVIII ғг. орыс-қытай қатынастары. Амур жағалауын Ресейдің игеруі. орыс-қытай қатынасындағы алғашқы Нерчин келісім-шарты. XYIII ғ. Ресей мен Қытай арасындағы сауда және

шекара мәселелері. XVII-XVIII ғғ. Қытайдың батысеуропалық державалармен қатынасы.

ХҮIII ғ. басындағы қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайы. Қазақ жерлерінің Ресейге қосыла басталуы. Ортаазиялық хандықтарының Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерлерін жаулап алуы.

XVII – XIX ғ.басында отарлық империялардың қалыптасуы

Жаңа заман кезеңіндегі отарлық жүйенің жалпы сипаттамасы. Отарлық саясат ірі державалардың сыртқысаяси қызметіндегі түйінді мәселе ретінде. "Отар"(колония) және "отарлаушы"(метрополия) ұғымдары. Отарлық империялардың пайда болуы және дамуы. Отарлық экспансияның типологиясы: кейінгі феодалдық Испания, Португалия және Ресей; абсолюттік Франция; ерте буржуазиялық Нидерланды және Англия.

Испания мен Португалияның отарлық империя құруларының ерекшеліктері. Голланд отарлық империясының пайда болуы және голланд отарлық саясатының негізгі бағыттары.

Англияның отарлық империя құруының басталуы. Ағылшын отарлаушылығының негізгі бағыттары. Англияның отарлық, сауда және теңіздегі үстемдік үшін күресі. Француз отарлық империясының пайда болуы. Францияның отарлық саясатының негізгі бағыттары. Меркантилизм саясаты. ХҮIII ғасырдың екінші жартысынан XIX ғасырдың 70-ші жылдарына дейінгі аралықтағы еуропалық державалардың отарлық жаулап алулары және бақталастығы. Англияның қоныс аударушы отарлары. Доминиондардың құрылуы. XIX ғ. ортасында Америка Құрама Штаттарының Латин Америкасына отарлық экспансиясының басталуы.

Солтүстік американдық отарлардың тәуелсіздік үшін соғысы. XVIII ғ.аяғы – XIX ғ.басындағы халықаралық қатынастар жүйесіндегі АҚШ

Тәуелсіздік үшін соғыстың себептері. Соғыстың басталуы. АҚШ-тың тәуелсіздігі үшін соғыс жылдарындағы Францияның ұстанымы. Сауда және одақ туралы американ-француз келісім-шарты бағытындағы келіссөздер. Осы келісім-шарт айналасындағы дипломатиялық күрес.

Англияның солтүстікамерикандық отарларының соғысы және оның халықаралық қатынастарға тигізген ықпалы. Еуропалық мемлекеттердің ұстанымы. Францияның Англиямен соғысқа кіруі. Испанияның АҚШ-қа қатысты ұстанымы. Ресейдің «қарулы теңіздік бейтараптық жүйесін» құруы және Ұлыбританияның дипломатиялық оқшауланыу.

1783 жылғы Версаль келісім-шарты және АҚШ-ты тәуелсіз мемлекет деп тануы. АҚШ-тың сыртқы саясатының қалыптасуы, қағидаттары, құралдары. Тәуелсіздік үшін соғыстан кейінгі ағылшын-американ қатынастары.

XIX ғ.басында АҚШ сыртқы саясатының белсендірілуі. АҚШ сыртқы саясатындағы екі бағыт. АҚШ мемлекеттік аумағының кеңею үрдісі оның сыртқы

саясатына тән ерекшелік ретінде. 1810-1812 жж. Ағылшын-американ соғысы және оның қорытындысы.

Латын Америкасы елдеріндегі АҚШ және еуропалық мемлекеттердің экспансиясы. Монро сыртқы саяси доктринасының жариялануы. Оқшауланушылық саясатының басталуы. АҚШ пен Мексика арасындағы соғыс: соғыстың нәтижелері.

XVIII ғ.аяғы - XIX ғ.басындағы халықаралық қатынастар

Еуропалық мемлекеттердің дворяндық-династиялық дипломатиясының түрлері мен әдістерінің өзгеруі. Еуропалық мемлекеттердің сыртқы саясатындағы жаңа принцип – «араласпау принципі».

XVIII ғ.аяғындағы француз буржуазиялық революциясының халықаралық қатынастарға ықпалы. Францияның дипломатиялық қызметін ұйымдастыру жүйесіндегі өзгерістер. Пильниц декларациясы және бірінші антифранцуздық коалицияның құрылуы. Францияның революциялық соғыстары. Антифранцуздық коалицияны кеңейтудегі Англияның рөлі. Польшаның екінші бөлінуі. 1794-1799 жж. Термидориандық реакция және директория жылдарындағы еуропалық дипломатия. Польшаның үшінші бөлінуі. Польша мемлекетінің жойылуы.

1796-1799 жж. Францияның сыртқы саясаты және соғыстары. Францияның басқыншылық соғыстарының басталуы. Еуропада француздық басымдықтың орнығуы. „Еншілес республикалардың“ құрылуы. Наполеон соғыстарының сипаты. Еуропа және Таяу Шығыстағы француз экспансиясы және екінші антифранцуздық коалицияның құрылуы.

Наполеон Бонапарттың дипломатиясы. Әлемдік үстемдік үшін ағылшын-француз күресі. Наполеондық Франциямен соғыстардағы Ресейдің рөлі. Үшінші коалициямен соғыс. Еуропадағы француз үстемдігінің орнауы. Наполеон Бонапарттың әскери және дипломатиялық жетістіктерінің себептері.

1807 ж. Тильзит бітімі және Франция мен Ресей арасында Еуропадағы ықпал ету аймағын бөлісуі. Бесінші коалициямен соғыс. Наполеонның Ресейге басып кіруі. 1812 жылғы Отан соғысы. Алтыншы және жетінші антинаполеондық коалициялар. Наполеондық әскердің талқандалуы. Наполеондық империяның құлдырауы.

XIX ғасырдың бірінші отыз жылдығында халықаралық қатынастардың Веналық жүйесінің қалыптасуы

Наполеондық соғыстардың қорытындысы мен мәні. Вена конгресі. Конгрестегі еуропалық мемлекеттердің мақсаттары және олардың арасындағы қайшылықтар. А.Талейранның дипломатиясы және легитизм қағидасы. Еуропада аумақтық-мемлекеттік құрылым мәселесі жөніндегі еуропалық мемлекеттердің дипломатиялық күресі. Ресейге қарсы Англия, Австрия және Францияның құпия одағы. Поляк және саксондық мәселелер. Герман одағының құрылуы.

Вена конгресінің Қорытынды актісі. Дипломатиялық қызмет және дипломатиялық құжаттама туралы Вена регламенті. Халықаралық қатынастардың Веналық жүйесінің қалыптасуы. Еуропадағы жаңа саяси тепе-теңдік.

«Қасиетті Одақтың» құрылуы. «Қасиетті Одақ» қызметінің үш кезеңі. «Қасиетті Одақтың» ыдырауының басталуы. 1822 жылы Англияның сыртқы саясатындағы бетбұрыс. Испаниядағы француздық басқыншылық. Еуропа державалары және Латын Америкасы. 1830-1831 жж. Еуропадағы революциялық және ұлттық қозғалыстар және олардың еуропалық дипломатияға әсері.

«Шығыс мәселесі» және еуропалық дипломатия

«Шығыс мәселесінің» мәні. Осман империясының дағдарысы. XVIII ғ.аяғы - XIX ғ.басындағы орыс-түрік соғыстарыРесейдің қаратеңіздік державаға айналуы. 1806-1812 жж. орыс-түрік соғысы.

Балкандағы ұлт-азаттық қозғалыстың дамуы. «Грек мәселесінің» пайда болуы. Грек мәселесі төңірегіндегі дипломатиялық күрес және жетекші еуропалық мемлекеттердің ұстанымы. 1828-1829 жж. орыс-түрік соғысы және тәуелсіз грек мемлекетінің құрылуы.

XIX ғасырдың 30-шы жылдарындағы «шығыс мәселесіндегі» халықаралық қайшылықтар. Түрік-египет қайшылықтары және египеттік дағдарыс. Еуропалық мемлекеттердің ұстанымы. 1841 ж.бұғаздар жөніндегі Лондон конвенциясы.

1848-1849 жылдардағы революцияның балкан халықтарының халықаралық жағдайына әсері. 50-ші жылдардың басындағы «шығыс мәселесі». Ресей мен еуропалық мемлекеттер арасындағы қайшылықтың «шығыс мәселесіндегі» шиеленісуі. 1853-1856 жж. Қырым соғысы, оның сипаты. 1856 ж. Париж конгресі және оның шешімдері. Қырым соғысының халықаралық салдары. Орыс сыртқы саясатының жаңа бағытының басталуы. Құрлықтағы күштер тепе-теңдігінің өзгеруі. Халықаралық қатынастардың Веналық жүйесінің күйрей бастауы.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Орта Шығыс пен Үндістандағы халықаралық қатынастар

Шығыс мемлекеттерінің экономикалық және әскери әлсіздігі. Орта Шығыс мемлекеттері мен Үндістан дипломатиясына тән белгілері. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы еуропалық державалардың отарлық өктемдігі: олардың мақсаттары мен әдістері. Ағылшын-француз және ағылшын-орыс қайшылықтары. Англияның жаулап алушылық саясатының мәні. Ост-Инд компаниясының монополиясының алып тасталуы және Үндістанды отарлық эксплуатациялаудың жаңа кезеңі. Ағылшын-сикх соғыстары. Үндістанды отарлық жаулап алудың аяқталуы. 1857-1859 жж. Үнділік халық көтерілісі және Үндістандағы отарлық аппараттың құрылымы мен отарлық саясаттың формасының өзгеруі. Англияның Шығыстағы жаулап алу жоспарлары.

XIX ғ.басында еуропалық мемлекеттердің саясатындағы Иран. Ирандағы еуропалық державалардың өктемдік жүргізуі. Орта Шығыстағы Англия мен Франция арасындағы күрес. Закавказьенің Ресейге қосылуы. Ирандағы ағылшын-

орыс бақталастығы. Кавказдағы Ресей шекарасының кеңеюі. Орыс-иран соғыстары және оның қорытындылары. Герат мәселесі.

Англия мен Ресей саясатындағы Ауғанстан. Бірінші ағылшын-ауған соғысы. Англияның жеңілуі және оның «мүлде әрекетсіздік» саясатына көшуі. Ортаазиялық хандықтардағы орыс және ағылшын миссиялары. Ресейдің Орта Азиядағы ұстанымы.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қиыр Шығыстағы халықаралық қатынастар

Еуропа елдері мен АҚШ-тың Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы отарлық өктемдік жүргізуінің күшеюі. Қытайдың «өзін-өзі оқшаулау» саясаты, оның дипломатиясының ерекшеліктері. XIX ғасырдың басына қарай Қытайдың халықаралық жағдайы. XIX ғасырдың басында Қытайды «ашу» үшін өнеркәсіпті державалардың күресі.

Бірінші апиын соғысы және 1842 ж. Нанкин келісім-шарты. Бірінші тең құқықсыз келісім шарттар. Қытайдың халықаралық қатынастарының тәжірибесіне «принципа наибольшего благоприятствования» енгізуі. Англия, АҚШ, Францияның Қытайдағы ұстанымдары. Цин үкіметінің дипломатиясы. 1858 ж. Тяньцзинь келісім-шарттары және ұлы державалардың Қытайды ықпал ету аймағына бөлісе бастауы. 1860 ж. Пекиндік тең құқықсыз конвенциялары. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы орыс-қытай қатынастары. Қытайдың отарлық тәуелділігінің күшеюі.

Жапонияның еуропалық мемлекеттермен қатынасы. Жапония мен Кореяның оқшауланыуы: себептері мен салдарлары. Ресейдің Тынық мұхиты жағалауына шығуы және орыс-жапон қатынастарында территориялық мәселенің пайда болуы. XIX ғасырдың 50-ші жж. АҚШ-тың Қиыр-Шығысқа отарлаушылық түрде енуі. Батыс державаларының Жапониямен жасасқан тең құқықсыз келісім-шарттары. Еуропалық державалардың дипломатиясы және 60-шы жж. Корея. Қиыр Шығыстағы ағылшын-орыс және ағылшын-американдық қайшылықтар.

XIX ғасырдың 40-60-шы жж. халықаралық қатынастар

XIX ғ. 40-шы жж. австрия-прусстық және орыс-прусстық қайшылықтардың күшеюі. Францияның веналық жүйені сақтауға ұмтылысы. Ұлыбританияның «еуропалық тепе-теңдік» саясаты.

1848-1849 жж. революцияның еуропалық дипломатияға ықпалы. Шлезвиг-Гольштейн және 1848 ж. Германияның ұлттық бірігуі мәселлеріне еуропалық державалардың көзқарасы. 1848-1849 жж. Италиядағы революция және Австрияға қарсы ұлт-азаттық соғыс. «Вена жүйесі» негізінің әлсізденуі.

1856 ж. Париж бітімінен кейінгі Англия, Франция, Ресей дипломатиясы. Халықаралық қатынастардың Қырымдық ішкіжүйенің құрылуы. Франция ықпалының өсуі. Ұлыбританияның сауда-өнеркәсіптік және отарлық қуатының нығаюы. Ресейдің жаңа сыртқысаяси бағытының негіздері.

Италияны біріктіру жолындағы күрестегі екі ағым. Біріктірудің дипломатиялық дайындығы. 1859 ж. Франция мен Италияның Австриямен соғысы. Итальян корольдігінің құрылуы. Италияның бірігуінің қорытындысы мен мәні.

Германияның бірігуінің негізгі кезеңдері. Австрия-пруссия бақталастығының себептері мен барысы. Австрия-прусс-дат соғысы. Австрия-прусс-итальян соғысы. Франко-прусс соғысы, соғысушы тараптардың мақсат-мүдделері. Франкфурт бейбіт келісім-шарты. Герман империясының құрылуы. Италия мен Германия бірігуінің халықаралық мәні. Халықаралық қатынастардың Веналық жүйесінің күйреуі.

XIX ғ. бірінші жартысындағы қазақ-орыс қатынастары. Ресейдің Ұлы жүз аумағын жаулап алуы.

XIX ғасырдың соңғы отыз жылдығындағы халықаралық қатынастар

Индустриалды қоғамға өту. Отарлар және ықпал ету аймағы үшін күрестің күшеюі. Халықаралық қатынастар дамуындағы екі ағым: халықтар ынтымақтастығы және әрқайсысының жекелілігі. Еуропаның саяси картасындағы негізгі өзгерістер. Жаңа мемлекеттердің пайда болуы және олардың сыртқы саяси ұмтылыстары. Үш император Одағының құрылуы. XIX ғ. 70-ші жж. француз-герман қарама-қайшылықтары.

Австро-Венгрия және Ресей мүдделерінің қақтығысуы. 1875-1878 жж. Балқан дағдарысының ерекшеліктері. 1877-1878 жж. орыс-түрік соғысы. Берлин конгресі: қатысушылары, мақсаттары және негізгі шешімдері.

Австрия-орыс және орыс-герман қатынастарының шиеленісуі. Ресей мен Германияның кедендік соғыстары. Австрия-герман одағының құрылуы. Үштік Одақтың құрылуы. 1885 ж. Ағылшын-француз және ағылшын-орыс қарама-қайшылықтары. Жерорта теңіз Антантасының құрылуы. Англияның «керемет оқшаулану» саясаты. Франко-орыс одағының құрылуы. Еуропада әскери-саяси одақтар жүйесінің құрылуы. АҚШ-тың американдық құрылықтағы және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы үстемдікке талпынысы.

Еуропалық мемлекеттердің саясатындағы Таяу Шығыс. Түркия үстінен қаржылық бақылаудың орнатылуы. XIX ғ. 70-ші жж. Ауғанстанның халықаралық жағдайы.

XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басындағы Қиыр Шығыстағы халықаралық қатынастар

XIX ғ. аяғында Қиыр Шығыстағы ұлы державалар күресінің шиеленісуі. Жапонияның сыртқы саяси доктринасы. Қиыр Шығыстағы Ресей саясатының белсенуі. Сахалин жөніндегі мәселе бойынша орыс-жапон келіссөздері. Кореядағы жапон өктемдігі. АҚШ, Англия, Германия және басқа мемлекеттердің Кореямен тең емес келісім-шарттарды жасасуы.

Жапон-қытай соғысы. Қытайды ықпал ету аймағына бөлісудің аяқталуы. 1899-1900 жж. Қытайдағы халық көтерілісі. Еуропалық мемлекеттердің Қытайға

интервенциясы және «Қорытынды хаттамаға» қол қойылуы. Қытайдың жартылай отарға айналуы.

ХХ ғ. басында Қиыр Шығыстағы ықпал ету аймағын бөлісу бойынша ұлы державалар күресінің шиеленісуі. Қиыр Шығыстағы ағылшын-орыс бәсекелестігі. ХХ ғ. басындағы орыс-жапон қарама-қайшылықтары. 1902 ж. ағылшын-жапон. Қиыршығыстық қақтығысты өршітудегі АҚШ-тың рөлі.

1904-1905 жж. орыс-жапон соғысы. Портсмут бейбіт келісім-шарты. Орыс-жапон соғысында Ресейдің жеңілісінен кейінгі Қиыр Шығыстағы халықаралық жағдайдағы өзгерістер. Жапонияның Кореяны аннекциялауы. Жапонияның толық теңқұқықты болуы. Қиыр Шығыста Жапонияның басымдылығының бекітілуі.

XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ.басындағы Солтүстік және Латин Америкасындағы халықаралық қатынастар

Солтүстік Америкадағы Азаматтық соғыс барысындағы Англия, Франция және Испанияның дипломатиясы. АҚШ территориясына еуропалық державалар интервенциясының басталуы. Американдық мемлекеттердің сыртқы саясатында панамериканизм идеологиясының қалыптасуы. АҚШ отарлық экспансиясының басталуы. АҚШ-тың әскери-теңіз флотының күшеюі. Гавай аралдарының АҚШ иеліктеріне қосылуы. 1898 ж. Испан-американ соғысы және оның қорытындылары

Латин Америкасындағы АҚШ-тың сыртқы саясаты. XIX ғ. екінші жартысындағы латынамерикандық мемлекеттердің өзара аумақтық қақтығыстары. АҚШ-тың Латын Америкасындағы экспансиясы және «Монро доктринасының» жаңа интерпретациясы. Т.Рузвельттің «үлкен шоқпар» саясаты. Орталық Америка және Кариб бассейні елдеріне АҚШ-тың қарулы басқыншылығы. «Доллар дипломатиясы» және АҚШ-тың Латын Америкасына экономикалық енуі. Латын Америкасындағы Германия мен АҚШ арасындағы экономикалық бақталастығы. Венесуэла дағдарысы. Американ-герман қарама-қайшылықтарының күшеюі. Панамерикан одағының құрылуы. Латын және Солтүстік Америкадағы халықаралық қатынастардың аймақтық ішкіжүйесінің құрылуы.

Әлемді территориялық бөлісудің аяқталуы

Өнеркәсіптік даму кезеңіндегі отарлардың рөлі. Азия мен Африкада еуропалық мемлекеттердің отарлау өктемдігін жүргізудің жалғасуы. Германия империясының, Италия және АҚШ-тың отарлау өктемдігінің басталуы.

Азияда еуропалық державалардың отарлау өктемдігін жүргізудің күшеюі. Англия мен Францияның Оңтүстік-Шығыс Аазиядағы жерлерді жаулап алу үшін күресі. Осман империясындағы ықпал үшін ұлы мемлекеттердің бақталастығы. XIX-XX ғасырлар тоғысында жетекші державалардың теміржол құрылысы саласындағы бақталастығы.

Ауғанстанда Англия протекторатының орнатылуы. Иранның жартылай отарға айналуы. Ресейдің Орта Азиядағы саясаты. Отарлау мәселесіндегі ағылшын-орыс және ағылшын-француз қарама-қайшылықтары.

Африка ұлы державалардың саясатында. XIX ғ. 70-90-шы жж. Тропикалық Африканың отарлық бөлінуі. Ағылшын-бур соғысы. Африканы отарлық бөлісудің аяқталуы. Африкадағы ағылшын, француз, неміс, итальян отарлары.

Тынық мұхиттағы аралдар үшін ұлы державалардың күресі. XX ғасырдың басында әлемді отарлық бөлісудің аяқталуы және халықаралық қатынастардың ғаламдық жүйесінің құрылуы.

Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында және соғыс барысындағы дипломатиялық күрес (1900-1918 жж.)

XX ғасырдың басындағы дүниежүзілік саясатты айқындайтын негізгі халықаралық қарама-қайшылықтар. Ағылшын-герман қарама-қайшылықтарының үдей түсуі. 1904 ж. ағылшын-француз келісімі 1907 ж. Орталық Шығыста ықпал ету аймағын бөлісу жөніндегі ағылшын-орыс келісімі. Антантаның немесе Үштік келісімнің құрылуы.

Ағылшын-герман теңіз бақталастығы. Босния дағдарысы және ұлы державалар ұстанымдары. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы ұлы державалар арасындағы экономикалық және саяси қарама-қайшылықтар. Италияның Жерорта теңізінде стратегиялық ұстанымын нығайту үшін күресі. Балқан соғыстары және күштердің қайта топталуы. Осман империясында және Болгарияда австро-герман одағы ықпалының күшеюі.

Әскери-саяси одақтардың мақсаттары мен міндеттері. Сараеводағы оқиғалар және шілде дағдарысы. Бірінші дүниежүзілік соғыстың себептері және сипаты. Соғысушы державалардың экономикалық мүмкіндігі, әскери күштері мен стратегиялық жоспарлары. Қарама-қарсы одақтардың кеңеюі. Төрттік Одақтың құрылуы. Жапонияның соғысқа кіруі. Лондон келісімі және Италияның Антантаға қосылуы.

Соғыстан шығу үшін дипломатиялық күрес. АҚШ-тың соғысқа кіруі. В.Вильсонның «14 пункті» бағдарламасы. Сепараттық Брест-Литовск бітімінің бекітілуі және оның халықаралық салдары. Азамат соғысының басталуы және Антанта елдерінің Ресейге басқыншылығы. Австро-Венгрия, Түркия, Болгарияның соғыстан шығуы. Компьендік уақытша бітім.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. XVII ғ.аяғы – XVIII ғ.бірінші жартысында халықаралық қатынастарда Англияның өрлеу процессінің басталуы
2. Еуропадағы династиялық соғыстар және олардың салдарлары
3. Англия және Франция отарлық империяларының құрылуы
4. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы халықаралық қатынастар жүйесіндегі АҚШ
5. Наполеон Бонапарттың дипломатиясы және антифранцуздық коалицияның құрылуы

6. 1815 жылғы Вена конгресінің негізгі шешімдері
7. Қырым соғысы: себептері, барысы және салдарлары
8. Үндістанның отарға айналуының аяқталуы
9. XIX ғ. бірінші жартысында Қытайдағы еуропалық державалардың саясаты
10. Италия және Германияның бірігуі үшін дипломатиялық күрес
11. 1875-1878 жж. Балқан дағдарысы
12. Қытайдың жартылай отар елге айналуы
13. XX ғ.басындағы АҚШ-тың сыртқысаяси доктринасы
14. XIX ғ.аяғында Африкадағы жетекші елдердің отарлық мүдделері
15. Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында әскери-саяси блоктардың қалыптасуы

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. «Мемлекеттік мүдде», «табиғи шекаралар», «саяси тепе-теңдік» принциптері.
2. XVIII ғ.бірінші жартысындағы династиялық соғыстар
3. Халықаралық қатынастардағы Балтық мәселесі
4. Отарлық империяларының құрылуы (XVII-XIX ғғ.)
5. АҚШ сыртқы саясатының қалыптасуы, оның принциптері, құралдары
6. Наполеон Бонапарттың әскери және дипломатиялық жетістіктерінің себептері
7. 1814-1815 жж. Вена конгресінің қорытындылары.
8. «Шығыс мәселесі» және еуропалық дипломатия
9. Халықаралық қатынастардағы Қырымдық ішкіжүйенің құрылуы
10. XIX ғ.ортасына қарай Қытайдың отарлық тәуелділігінің күшеюі
11. Италия және Германияның бірігуінің халықаралық маңызы
12. Латин және Солтүстік Америкадағы халықаралық қатынастардың аймақтық ішкіжүйесінің қалыптасуы
13. XX ғ.басындағы негізгі халықаралық қарама-қайшылықтар.
14. Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңындағы дипломатиялық күрес
15. Бірінші дүние жүзілік соғыстың себептері мен сипаты.

СТУДЕНТТІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ОРЫНДАЛАТЫН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. XVII ғ. ағылшын-голланд бақталастығы
2. Вестфаль бейбіт бітімінің талдауы
3. 1756-1763 жж. жеті жылдық соғыс және оның қорытындылары
4. «Монро доктринасы» және оның мәні
5. «Қасиетті Одақ» қызметінің үш кезеңі

6. XVIII ғ.аяғы – XVIII ғ.басындағы орыс-түрік соғыстары жіне оның қорытындылары

7. Қырым соғысының халықаралық салдарлары

8. Үндістан мен Орта Шығыстағы дипломатиялық күрес

9. XIX ғ.50-ші жылдарында АҚШ-тың Қиыр Шығысқа отарлық енуі

10. Үштік Одақтың құрылуы және оның маңызы

11. 1904-1905 жж. орыс-жапон соғысы және оныг қорытындысы

12. XX ғ.басында әлемді территориялық бөлісудің аяқталуы

13. Антантанын құрылуы, оның мақсаттары

14. В.Вильсонның «14 пункттері» Бағдарламасы

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. История международных отношений в новое время /Под ред. К.И. Байзаковой. – Алматы, 2006

2. История международных отношений /Под ред. Акд. А.В. Торкунова, проф. М.М. Наринского. – Т.1. – М., 2015

3. История дипломатии. Т. 1-2. – М., 1963

4. Протопопов, А.С. История международных отношений и внешней политики России: 1648-2005: учеб.для студентов вузов / Анатолий Сергеевич Протопопов, Владимир Матвеевич Козьменко, Наталья Сергеевна Елманова; под ред. А. С. Протопопова.- 2-е изд., испр. и доп.- М.: Аспект Пресс, 2008.

5. Ревякин А.В. История международных отношений в новое время. – М.,2004

6. Системная история международных отношений. В 4-х томах /Под ред.А.Д. Богатурова. – Т.1-2. – М.,2000.

Қосымша:

1. Байзакова К.И., Кукеева Ф.Т., Умаров К.Е. История внешней политики США. Учебное пособие /Под ред. Кукеевой Ф.Т. – Алматы: КазНУ, 2007

2. Губайдуллина, М.Ш. Внешняя политика Германии: (1871-2004): учеб. пособие.- Алматы: Қазақ ун-ті, 2004

3. Дебидур, А. Дипломатическая история Европы: Священный союз от Венского до Берлинского конгрессов:1814-1878. – Т.1-2. - Ростов-на-Дону, 1995

4. Китай в мировой и региональной политике: История и современность / Ин-т Дальнего Востока РАН. - Отв. ред. А.Г. Яковлев. – М., 2002

5. Мажиденова, Д.М. Дипломатическая служба в контексте эволюции мировой политики: (с древнейших времен до Венского регламента).- Астана: Күлтегін, 2003.

6. Никитина Ю.А. Международные отношения и мировая политика. Учебное пособие для студентов вузов. – М.,2014.

HZHT 2205 – ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТАРИХЫ

Көлемі 3 кредит

Авторлар:
Байзакова Қ.Е. – тарих ғылымдарының докторы, профессор
Идрышева Ж.Қ. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Пікір жазғандар:
Сұлтанов Б.Қ. – тарих ғылымдарының докторы, Қазақ-Неміс университеті халықаралық және аймақтық ынтымақтастықты зерттеу институтының директоры
Макашева К.Н. – тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

«Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар тарихы» пәнінің бағдарламасы мемлекеттік білім беру стандартының типтік оқу-әдістемелік жоспарына сәйкес «Халықаралық қатынастар – 050202» мамандығы бойынша құрастырылған. Курс тақырыптары халықаралық қатынастар тарихының 1918-1990 жылдар кезеңіндегі басты мәселелерді қамтиды.

Халықаралық қатынастар тарихы мен сыртқы саясат жөнінде толық білім беру үшін пән мазмұны осы үдерістің басты кезеңдері мен даму заңдарымен қоса, ірі аймақтар мен алдыңғы қатарлы әлем мемлекеттерінің сыртқы саяси тарихының басты оқиғаларын ерекше атап көрсетеді. Мәліметтің мазмұндамасында жүйелік, хронологиялық, географиялық және мәселелік қағидалар қолданылған.

Бұл пәнді меңгеру аясында студент тиіс:

халықаралық қатынастардың тарихы және халықаралық қатынастардың қазіргі жағдайы, әлемдік саясат дамуының негізгі тенденциялары мен оның дамуының перспективалары туралы *түсініктері болуы* тиіс.

оқытылатын пәннің негізгі ұғымдары мен терминдерін; салыстырмалы дипломатия тұрғысынан алғанда қазіргі кезеңнің негізгі оқиғаларын; көпжақты дипломатияның қағидаларын мен жетекші державалардың сыртқы саясатты жүргізудің әдістері мен құралдарын б*ілуі тиіс.*

қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастардың жетекші мәселелері бойынша жиналған фактілік материалды ой елегінен өткізу; халықаралық қатынастар саласында болып жатқан үдерістерді талдау; алып жатқан білімнің біртұтас жүйесінің өзара байланысын талдау; геосаяси жағдайды; өзекті халықаралық мәселелерге бейімделу; халықаралық қатынастар саласы бойынша алған білімдерін сәйкес ведомстволарға ұсынымдама жасау үшін халықаралық

ынтымақтастық құрылымдарының жұмысын ұйымдастыруда білікті түрде қолдана білу *біліктілігінің болуы тиіс.*

қазіргі кезеңдегі әлемдегі аймақтардың тарихи-саяси картасын қолдану дағдысы; халықаралық саяси үдерістердің, жалпыәлемдік демографиялық, миграциялық, экономикалық, экологиялық үдерістердің, халықаралық қауіпсіздік пен халықаралық қатынастардың өзара әсер механизмдерінің қолданбалы талдауы мен болжауы *дағдысын меңгеруі тиіс.*

халықаралық қатынастар дамуының логикасы мәселесінде, мемлекетаралық қатынастарға ықпал ететін халықаралық қатынастар дамуының факторларын анықтауда *құзыретті болуы тиіс.*

Пререквизиттері: "Европа және Америка елдерінің қазіргі заманғы тарихы және дипломатиясы", «Шығыс елдерінің тарихы және дипломатиясы», "Дипломатиялық және консулдық қызмет", «Жаңа кезеңдегі халықаралық қатынастар тарихы».

Постреквизиттері: «Халықаралық қатынастардың қазіргі жүйесі», «Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты», «Көпжақты дипломатия».

«Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар тарихының» бағдарламасы 1992 жылдан бастап оқу үдерісі кезінде мақұлданған бірнеше басылымдарға негізделеді.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырыптың атаулары
	Кіріспе
1	Халықаралық қатынастардағы Версаль-Вашингтон жүйесінің құрылуы
2	XX ғ. 20-шы жылдарындағы халықаралық қатынастар
3	XX ғ. 30-шы жылдарындағы халықаралық қатынастар
4	1925-1939 жылдардағы Қиыр Шығыстағы халықаралық қатынастар
5	Еуропадағы соғыс қарсаңындағы саяси дағдарыс және екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы державалардың дипломатиялық күресі
6	Соғыстан кейінгі әлемді бейбіт реттеу және Потсдам-Ялта халықаралық қатынастар жүйесінің құрылуы
7	Отарлық жүйенің ыдырауы үдерісі
8	XX ғасырдың 60-шы жылдарындағы халықаралық қатынастар
9	XX ғасырдың 70-ші жылдарындағы халықаралық қатынастар
10	XX ғасырдың 80-ші жылдарындағы халықаралық қатынастар
11	Халықаралық қатынастар жүйесіндегі БҰҰ Еуропадағы бәсеңдік. Жалпыеуропалық (Хельсинкий) үдерісі
12	Еуропадағы интеграциялық үдерістердің дамуы
13	Биполярлық жүйе кезеңінде халықаралық қатынастар жүйесіндегі Таяу

	және Орта Шығыс елдері
14	Биполярлық жүйе кезеңіндегі Азия-Тынық мұхит аймағындағы халықаралық қатынастар
15	Биполярлық жүйе кезеңінде халықаралық қатынастар жүйесіндегі АҚШ және Латынамерикандық мемлекеттер

ПӘН МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Студенттерде XX ғ. 20-90-шы жылдары аралығындағы халықаралық қатынастар және дипломатия тарихы туралы қажетті білімді қалыптастыру курстың мақсаты болып табылады.

Курстың міндеттері:

- оқытылып отырған пәннің негізгі түсініктері мен терминдерін оқып-зерттеу;

- халықаралық қатынастардың Версаль-Вашингтондық, биполярлық жүйе кезеңіндегі жетекші еуропалық державалардың саясаты мен көпжақты дипломатиясының принциптерін оқып-зерттеу;

- Азия және Африка елдеріндегі отарлық жүйе үрдісінің күйреуінің ерекшеліктерін және оның халықаралық қатынастарға ықпалын оқып-зерттеу;

- халықаралық қатынастардың даму логикасы, мемлекет аралық қатынастарға әсер ететін халықаралық қатынастар дамуының факторын анықтау мәселесінде құзыретті болуы.

Қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастар тарихының кезеңделуі. Қазіргі кезеңдегі қоғамдық дамудың негізгі тенденциялары. Хронологиялық, формациялық, өркениетті тәсілдер. Әлемнің жетекші елдерінің сыртқы саясатының жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктері. Соғысаралық және соғыстан кейінгі кезеңдегі халықаралық қатынастар дамуының негізгі мәселелері. Әлеуметтік және экономикалық үрдістердің ғаламдануы. Дамыған елдердің экономикасының әлемдік экономикаға интеграциялануы. Экологиялық мәселелердің ғаламдануы. Мемлекет аралық өзара қарым-қатынастардың халықаралық-құқықтық негізі. Халықаралық қатынастардағы құқықтық институттардың рөлі.

Дипломатияның жаңа ұстанымдары. XX ғасырдағы дипломатияның сипаттамасы. Халықаралық қатынастар тарихын зерттеудегі жүйелік әдіс. Версаль- Вашингтон халықаралық қатынастар жүйесінің құрылуы және оның ерекшеліктері. Халықаралық қатынастардың Потсдамдық-Ялталық жүйесінің құрылуы. Супер-державалардың блоктық саясаты. Екі блок арасындағы идеологиялық күрестің мәні. Көпжақты және ұжымдық дипломатияның ерекшеліктері.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Халықаралық қатынастардағы Версаль-Вашингтон жүйесінің құрылуы

Дипломатиялық дайындық және Париж бейбіт конференциясының ашылуы. Конференцияның басты мәселелері. Ондық кеңес. Бейбіт реттеу мәселелеріне қатысты жеңген мемлекеттердің басты көзқарастары.

Версаль бейбіт келісім-шарты, оның басты тараулары мен баптары. Келісімнің сипаттамасы мен шарттары. Ұлттар Лигасы статутының қабылдануы. 1921 жылғы американ-герман келісімі. Германияның әлсіреуі және оның ұлы держава мәртебесінен айырылуы.

Бірінші дүниежүзілік соғыс бойынша Германияның одақтастарымен бейбіт бітімнің талаптары бойынша шарттары. Австрияның жағдайы. Сен-Жермен бейбіт келісім-шарты. Трианон бейбіт келісім-шарты. Болгария үшін бейбіт келісімнің шарттары. Нейи бейбіт келісім-шарты. Орталық және Оңтүстік Шығыс Еуропадағы территориялық-мемлекеттік қайта құрулар. Жаңа мемлекеттердің құрылуы.

Севр бейбіт келісімі, оның шарттары. Бейбіт келісім-шартқа қол қою кезеңіндегі Түркияның халықаралық және саяси жағдайы. Осман империясын бөлісудің шарттары. Конференциядағы шығыс және отарлық мәселелер. Мандаттық жүйенің құрылуы. Репарациялық мәселе. Париж конференциясындағы орыс мәселесі. АҚШ-тың оқшаулану саясатына оралуы. Еуропадағы Версаль халықаралық қатынастар жүйесі.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Қиыр Шығыстағы күштердің ара-қатынасы. Ағылшын-американ бақталастығы. Жапон-американ қарама-қайшылықтары. Жапон-орыс қарама-қайшылықтары. Вашингтон конференциясының шақырылуы және ашылуы. Конференцияның қатысушылары. Конференцияның мақсаты. Теңіз қаруларын шектеу мәселесі. Төрттік державалардың трактаты, оның мазмұны. Теңіз қаруларын шектеу мәселесі. Бестік держава келісім-шарты. Қытай мәселесі. Тоғыз держава трактаты. Ұлы державалардың Қытайдағы ықпал ету саясатынан бас тартуы. Вашингтон конференциясындағы орыс мәселесі. Кеңес-қытай және кеңес-жапон мәселелерінің реттелуі.

Азия-Тынық мұхит аймағындағы жаңа күштер теңдігінің қалыптасуы. АТА-дағы Вашингтон халықаралық қатынастар жүйесі, оның ерекшеліктері мен қарама-қайшылықтары. Латын Америкасындағы халықаралық қатынастардың ішкі жүйесінің қалыптасуы. Версаль-Вашингтон жүйесі, оның артықшылықтары мен қарама-қайшылықтары.

XX ғ. 20-шы жылдарындағы халықаралық қатынастар

Версаль халықаралық қатынастар жүйесін нығайту мәселесі. Таяу және Орта Шығыстағы ұлы державалар арасында қақтығыстардың шиеленісуі. Қара теңіздік бұғаздар режимі туралы жобалар мен конвенциялар. Капитуляция

режимінің алынуы. Мосул қақтығысы. Лозанна бейбіт келісім-шарты. Халықаралық қатынастардың таяушығыстық ішкі жүйесінің қалыптасуы. Соғыстан кейінгі көпполярлылықтың ерекшеліктері.

Халықаралық қатынастар мен соғысаралық кезең дипломатиясындағы орыс мәселесі. Кеңес-поляк соғысы. Кеңестік Ресейдің дипломатиялық танылуы. Ресейдің Шығыс елдерімен жасаған келісімдері. Еуропаның экономикалық жағынан қалыпқа келу мәселесі. 1922 жылғы Канн конференциясы, Генуя конференциясы, оның мақсаты, қатысушылары. Кеңес-герман жақындасуы. Гаага қаржы-экономикалық конференциясы.

Халықаралық қатынастар мен соғысаралық кезең дипломатиясындағы герман мәселесі. Германияны қарусыздандыру және репарация туралы мәселе. Германияның репарация төлеуден бас тартуы және Рур қақтығысы. 1924 жылғы Лондон конференциясы және Дауэс жоспарының қабылдануы. Ұлттар Лигасы және 1924 жылғы халықаралық дауларды бейбіт түрде тұрақтандыру жөніндегі Женева хаттамасы. Ұлттар Лигасындағы қарусыздандыру мәселесі.

Орта Азия мен Орта Шығыстағы халықаралық қатынастардың ішкі жүйесінің қалыптасуы. Аймақтық қатынастардағы Иранның жағдайы. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін аймақтық қатынастар жүйесіндегі Ауғаныстан. Ортаазиялық мемлекеттері жағдайының халықаралық қатынастардағы ерекшеліктері. Түркістан аумағындағы кеңестік биліктің орнауы.

Еуропадағы халықаралық қатынастардың тұрақтануы. Ұлттар Лигасы және 1924 жылғы халықаралық дауларды бейбіт түрде реттеу жөніндегі Женева хаттамасы. XX ғ. 20-шы жылдарының екінші жартысындағы еуропалық тәртіптің басты ерекшеліктері. Араб Шығысындағы ағылшын дипломатиясы. Марокко мен Сириядағы соғыстың дипломатиялық салдары. Рейн пактісі бойынша герман меморандумы. 1925 жылғы Локарно конференциясы. Рейн кепілдік пактісінің мазмұны мен мақсаты. Бірқатар төрелік келісімдердің қабылдануы. Локарнодан кейінгі Германияның ұстанымы.

Локарнодан кейін ағылшын-итальян жақындасуы. Итальян фашизімінің басты мақсаты мен орынсыз әрекеттері. Жерорта теңізі мәселесі. Еуропадағы қауіпсіздік жөніндегі аймақтық пактілерді құрудағы Ұлыбритания мен Францияның бастамалары. «Жаңа Локарно» құру жобалары: Балтықтық, Балқандық, Солтүстік, Шығыс, Орталық Еуропалық. КСРО мен Локарно үдерісі. Кіші Антанта. Ұлттар Лигасы және Кіші Антанта мемлекеттері. «Пан-Европаны» құру жобалары. Франко-германдық экономикалық жақындасуы. Ұлттар Лигасы, оның қызметі. Ұлттар Лигасындағы қарусыздандыру мәселесі. Бриан-Келлог пактісіне қол қойылуы.

XX ғ. 30-шы жылдарындағы халықаралық қатынастар

Теңіз қаруларын шектеу жөніндегі Лондон конференциясы. 30-шы жылдардың басына қарай державалар арасындағы қарама-қайшылықтың шиеленісуі. Халықаралық қатынастардағы Германияның орны мен рөлі. Халықаралық қатынастардағы Германия. 1929-1933 жж. әлемдік экономикалық

дағдарыс және оның халықаралық қатынастарға ықпалы. Державалар арасында қайшылықтың шиеленісуі. 1931 жылғы австро-германдық кедендік одақ. Версаль келісімін қайта қарау жөніндегі мәселе.

Италиядағы фашизм және оның жаулап алу жоспарлары. Национал-социалистердің сыртқы саясаты. Фашистік үгіт-насихаттың идеялық негізі. Гитлерлік дипломатияның бағдарламасы, міндеттері және әдісі. Фашистік Германияның аумақтық экспансиялау жоспары. Фашистік державалардың ашық агрессиясы. Италияның Эфиопияға басып кіруі. Саар плебисциті. Германияның қайта қарулануы. Германияның Версаль келісім-шартының әскери баптарынан бас тартуы және батыс державаларының ұстанымы. Ұлттар Лигасынан Германияның шығуы. Халықаралық қатынастардың Версальдік жүйесінің күйреуі.

XX ғасырдың 30-жылдарындағы бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін күрес. 1932-1934 жж. Женевадағы қарусыздандыру туралы халықаралық конференция және державалар ұстанымы. Ұлттар Лигасындағы қарусыздандыру мәселесі. Германияның қарсы әрекетіне қатысты Францияның ұстанымы. КСРО-ның Ұлттар Лигасына кіруі және өзара көмек туралы келісім жасасуы. 1935-1936 жж. Лондондық теңіз конференциясы. 1936 жылғы Монтрёдағы конференция және қаратеңіздік бұғаздар жайлы Лозанна конвенциясының қайта қаралуы. Нион конференциясы және оның шешімдері.

«Оқшаулану» доктринасы және араласпау (қол сұқпаушылық) саясаты. Араласпау саясатының дамуы. 1936 ж. австро-герман келісімі және Испаниядағы фашистік бүлік және итальян─германдық интервенция. Испандық мәселелерге «қол сұқпаушылық» саясаты және оның сәтсіздігі. Араласпау жөніндегі комитет, оның құрамы. Араласпау жөніндегі комитеттен КСРО-ның шығуы. Агрессиялық мемлекеттер одағының құрылуы. «Берлин─Рим» осінің құрылуы. 1936 жылғы антикоминтерндік пакт, оның қатысушылары, мазмұны. Италияның антикоминтерндік пактқа қосылуы.

Еуропадағы «агрессорды тыныштандыру» саясаты. Фашистік мемлекеттер агрессиясының күшеюі. Австрия аншлюсі және еуропалық дипломатияның ұстанымы. Судет мәселесі. Мюнхен конференциясы, оның мақсаты, қатысушылары. Мюнхен конференциясынан кейінгі Англия, АҚШ, Франция дипломатиясының ұстанымдары.

1925-1939 жылдардағы Қиыр Шығыстағы халықаралық қатынастар

Халықаралық жүйенің ерекшелігі және аймақтық державалар саясаты. Қиыр Шығыста және Тынық мұхиты бассейніндегі державалар бәсекелестігі. Тынық мұхитындағы Жапонияның стратегиялық ұстанымдарының бекітілуі. Қытай мен КСРО арасындағы қатынастардың реттелуі. 20-жылдардың ортасындағы кеңес-жапон қатынастарының реттелуі.

1925-1927 жылдардағы Қытайдағы ұлттық төңкеріс және оның Вашингтон жүйесіне ықпалы. Гоминьдан мемлекетін Батыс елдерінің мойындауы және

Қытаймен тең дәрежеде емес жасалған халықаралық келісім-шарттардың қайта қаралуы.

АТА-дағы әскери-теңіз шектеулері тәртібінің күшеюі. Бес державаның 1930-жылғы Лондонда өткен теңіз конференциясы. Жапонияның сыртқы саясаты, оның мақсаты. Паназияттық доктрина. Жапонияның Маньчжурияны жаулап алуы. Маньчжурия дүниежүзілік соғыстың алғашқы ошағы ретінде. Маньчжоу-Го мемлекетінің құрылуы. Ұлттар Лигасындағы жапон-қытай қақтығысы.

АҚШ пен Англияның Жапонияға қысымының күшеюі. КСРО мен Қытайға қатысты Жапонияның саясаты. Соғыс ашпау туралы Кеңес─Қытай келісім-шарты. Жапон─Кеңес қарама-қайшылықтары. Шығыс─Қытай темір жолының сатылуы. Вашингтон жүйесінің дағдарысы және Жапонияның тікелей экспансияға көшуі. Жапонияның әрі қарай экспансиялау жөніндегі 1936 жылғы бағдарламасы. Жапонияның Германия және Италиямен жақындасуы. Жапонияның антикоминтерндік пактіге қатысуы.

1937 жылғы Солтүстік Қытайдағы Жапония агрессиясы. АҚШ пен Англияның «агрессорды тыныштандыру» саясаты. Қиыр Шығыста КСРО мен Жапония мүдделерінің тоғысуы. Хасан көлі мен Халхин─Гол өзені аймағындағы әскери қақтығыстар.

Еуропадағы соғыс қарсаңындағы саяси дағдарыс және екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы державалардың дипломатиялық күресі

Агрессорды тыныштандыру саясаты. Чехословакияны басып алу және бөлу (1939 ж.). Словакия мемлекетінің құрылуы. Отарлар туралы батыс елдерінің Германиямен келіссөздері. Германияның Польша мен Литваға талаптары. Германия агрессиясының қауіптілігі және ағылшын-француз одағы. Кепілдік саясаты және ағылшын-француз кепілдіктері. 1939 жылғы Мәскеудегі ағылшын-француз-кеңес келіссөздері, мемлекеттер ұстанымдары. Шабуыл жасамау туралы кеңес-герман пактісі. Келісімнің құпия баптары. КСРО мен Германияның Польшаны бөлісуі. Шекара сызығы.

Екінші дүниежүзілік соғыс алдындағы халықаралық күштердің орналасуы. Германияның Польшаға әскери шабуылы. Соғыстың басталуы. Екінші дүниежүзілік соғыстың себептері мен сипаты. Соғысушы мемлекеттердің мақсаттары. Ұлы державалардың дипломатиясы.

1939 жылғы кеңес-герман сауда келісімі. Германия мен КСРО арасындағы "Достық және шекара туралы" келісім-шарты, оның салдарлары. КСРО-ға Батыс Украина, Батыс Белорссия және Балтық жағалауы республикаларының қосылуы. 1939 жылғы фин компаниясы. 1940 жылғы кеңес-фин келісім-шарты. КСРО-ғы Бессарабияның қосылуы.

1940 жылғы Үштік пакт. Батыс Европадағы «Оғаш соғыс» және Франция капитуляциясы. «Еркін Франция» қозғалысы. Германия-Италия-Жапония әскери одағы. Американ дипломатиясының ұстанымы.

Соғыстағы одақтастар үшін дипломатиялық күрес. Ағылшын-американ жақындасуы. КСРО-ның соғысқа кіруі. 1941 жылғы Атлантикалық хартия.

Антигитлерлік коалицияның құрыла бастауы. Ағылшын-кеңес келісімі.Тынық мұхиты бассейніндегі американ-жапон және ағылшын-жапон қатынастарының шиеленісуі. Жапонияның Пёрл-Харборға шабуылы. АҚШ-тың соғысқа араласуы. Одақаралық қатынастар.

Берлин пактісіне Болгария, Венгриия Румыния, Словакия және Хорватияның қосылуы. Германиия, Италия және Жапония арасындағы өзара көмек туралы келісім-шарт.

Ағылшын-кеңес келісім-шарты және КСРО мен АҚШ арасындағы келісім (1942 ж.). Екінші майданды ашу мәселесі. Антигитлерлік коалиция мемлекеттерінің ынтымақтастығы және олардың келіспеушіліктері. Тегеран конференциясы және оның шешімдері. Екінші майданды ашу. Каирдағы және Думбартон-Окстағы конференциялар. Антигитлерлік коалицияның соғыстан кейінгі Германияны құру жоспарлары. Қырым (Ялта) конференциясы және оның шешімдері. Германияның капитуляциясы. БҰҰ-ның құрылуы. Ұлы державалар басшыларының Потсдам конференциясы және оның шешімдері. КСРО мен Жапония арасындағы соғыс. Жапония капитуляциясы. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі әлемнің саяси картасы.

Соғыстан кейінгі әлемді бейбіт реттеу және Потсдам-Ялта халықаралық қатынастар жүйесінің құрылуы

Соғыстан кейінгі әлемдік тәртіп. Соғыстан кейінгі Еуропа құрылымы мәселесі. Потсдам конференциясы және оның шешімдері. Әлемнің екі жүйеге бөлінуі және екі ұлы державаның саяси бағыттарының қарама-қайшылығы. Атом мәселесі. Қарусыздандыру мәселесі. Соғыстан кейінгі бейбіт реттеу мәселелері. Париж бейбіт конференциясы. Еуропалық мемлекеттердің шекарасы мәселесі. Италиямен, Румыниямен, Венгриямен, Болгариямен, Финляндиямен бейбіт келісім-шарттар. Австрия және Германиямен бейбіт келісімдерге келу мәселелері. Жапониямен бейбіт келісімнің негізгі баптары және державалардың Қиыр Шығыстағы қарама-қайшылықтары.

«Қырғи қабақ соғыстың» басталуы. «Қырғи қабақ соғыс» түсінігі және оның себептері. Қалыптасу көздері, ыакторлары. КСРО мен АҚШ-тың иделогиялық қарама-қарсылығы. Жанталаса қарулану. Екі әскери-саяси блоктың қалыптасуы. Биполярлы Ялта-Потсдам халықаралық қатынастар жүйесінің қалыптасуы.

Коммунизмді ұстап тұру доктринасы. Трумэн доктринасы және Маршалл жоспары. КСРО қамқорлығындағы социалистік жүйенің құрылуы. Германия мәселесі. «Берлин дағдарысы» және Германияның бөлінуі. Соғыстан кейінгі халықаралық қатынастар жүйесіндегі Германия мәселесі және жетекші державалар ұстанымы.

Әскери-саяси одақтардың құрылуы. Солтүстік Атлантикалық ұйымның (НАТО) құрылуы. Варшава Шарты Ұйымы, оның екі жүйе арасындағы әскери-саяси қақтығыстардағы рөлі. Ұлы державалардың әскери қақтығыстары. Кореядағы соғыс және жетекші державалардың ұстанымы. АНЗЮС, СЕАТО,

СЕНТО секілді әскери-саяси одақтардың құрылуы. Бейбіт күштердің соғыс қаупімен күресі.

Отарлық жүйенің ыдырауы үдерісі

Ұлт-азаттық төңкерістер. Отарсыздандыру үдерісінің үш кезеңі. Отарлық жүйенің ыдырауының басталуы. Азия мен Африкада тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы. Отарлық соғыстар.

Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азияның елдері үшін екінші дүние жүзілік соғыстың экономикалық және саяси салдарлары. Отарлық мемлекеттердің тәуелсіздіктерін алуы. Үндіқытайдағы соғыс және ұлы державалар дипломатиясы. Женевалық келісімдер және Францияның Вьетнам, Лаос, Камбоджаның тәуелсіздігін мойындауы. Сирия мен Ливанның тәуелсіздігі. Француз империясының Француз одағына айналуы.

Бирманың ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресі. Отарлауға қарсы Индонезия халқының ұлт-азаттық соғысы. “Марионеттік мемлекеттердің” Шығыс Индонезия, Шығыс Суматра, Шығыс Яваның құрылуы және ұлттық бірлік үшін күрес. Филиппин аралдарының тәуелсіздігі. Мандаттық жүйенің жойылуы. Жаңа мемлекеттер - Үндістан мен Пәкістанның құрылуы. Дж.Нерудің сыртқы саясаты. Британ ұлттар достастығының құрылуы.

Африкадағы азат ету қозғалыстары және халықаралық қатынастар. Африканы азат етудің негізгі кезеңдері. Суэц каналының мемлекетік меншікке өтуі және Египетке қарсы ағылшын-француз-израильдік Үштік агрессия. Итальяндық отарлардың тағдыры. Тунис, Мавритания, Марокко тәуелсіздігінің жариялануы. Алжирдегі отарлық соғыс. 1962 ж. Эвиан келісімдері. Тропикалық Африка мемлекеттерінің оянуы. Панафрикалық қозғалыс. Африка жылы.

Азия мен Африканың жас тәуелсіз мемлекеттері халықаралық қатынастардың субъектілері ретінде. Халықаралық аренадағы күштер ара-қатынасының өзгеруі. БҰҰ және отарсыздану мәселелері.

Қосылмау қозғалыстары және оның негізгі принциптері. Панча Шила принциптерін жасау және оның халықаралық қатынастардағы рөлі. Азия және Африка елдерінің Бандунг конференциясы және «Бейбіт өмір сүрудің бес пирнципінің» қабылдануы. Қосылмау қозғалысының әртектілігі. Араб мемлекеттері Лигасының қызметі. «77 тобының» құрылуы. Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері Ассоциациясының (АСЕАН) құрылуы.

XX ғасырдың 70-80-ші жж. Оңтүстік Африкадағы ағылшын және португалдық отарлардың тәуелсіздік алуы. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі дамушы мемлекеттер.

XX ғасырдың 60-шы жылдарындағы халықаралық қатынастар

Халықаралық саясаттағы негізгі тенденциялар. АҚШ және басқа батыс державаларының сыртқы саясатына тән ерекшеліктер. Ірі мемлекеттердің сыртқысаяси доктриналары.

АҚШ-тың «орамды елеу» доктринасы. Конвергенция доктринасы. Оның иделогтары. Кариб дағдарысы. Ядролық соғыстың басталу мүмкіндігі. Үш салада ядролық қаруды сынақтан өткізуге тыйым салу жөніндегі Мәскеу келісімі. Ядролық қаруды таратпау туралы келісім. Францияның НАТО-дан шығуы.

Еуропадағы жағдайды жақсарту мәселесі және қарусыздандыру. БҰҰ және қару-жарақты қысқарту мәселесі. АҚШ және КСРО мемлекет басшыларының Венадағы кездесуі (1961 ж.). Герман мәселесі. Берлин қабырғасының құрылуы. Хальштейн доктринасы. ГФР мен Францияның жақындасуы және 1963 жылғы Елисей келісімі. Варшава пактісі қатысушыларының Еуропадағы ұжымдық қауіпсіздік мәселесі бойынша еуропалық мемлекеттер кеңесін шақыру жөніндегі бастамасы. Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа мемлекеттері халықарлық қатынастар жүйесінде.

Социалистік мемлекеттердің сыртқысаяси доктринасы. “Брежнев доктринасы”. Социалистік елдер лагері арасында келіспеушіліктердің туындауы. Кеңес әскерлерінің Чехословакияға енгізілуі. Кеңес-қытай қақтығысы. Аймақтық шиеленістер. Вьетнамдағы АҚШ агрессиясы.

XX ғасырдың 70-ші жылдарындағы халықаралық қатынастар

Халықаралық қатынастар жүйесіндегі күштердің жаңаша орналасуы. Қазіргі әлемнің қарама-қайшылықтың төрт тобының құрылуы. Халықаралық қатынастардағы жаһандық мәселелердің өсуі. 70-жж. халықаралық қатынастар жүйесі дамуындағы екі кезең. Бірінші кезең және 70-жж. бірінші жартысындағы халықаралық жағдайдың жағымды дамулары.

70-жж. бірінші жартысындағы кеңес-американ қатынастары және халықаралық шиеленістің бәсеңдеуі. Бәсеңдеу саясаты, оның екі негізгі компоненті. КСРО мен АҚШ мемлекет басшыларының кездесуі. КСРО мен АҚШ арасындағы әскери-стратегиялық тепе-теңдік. Никсонның «Гуам доктринасы». Никсонның бәсеңдеу ісіне қосқан үлесі. Париж бейбіт келісімдері. Солтүстік және Оңтүстік Вьетнамның қосылуы. СЕАТО и СЕНТО әскери блоктарының қызметін тоқтатуы. Ортақеуропалық үрдістің басталуы. Бүкіләлемдік бейбітшілік Кеңесінің қызметі.

70-ші жылдардағы халықаралық қатынастардың екінші кезеңі. 70-ші жж.екінші жартысындағы халықаралық қатынастар дамуының негізгі тенденциялары. Революциялық жаңару үдерістері. АҚШ пен КСРО-ның бәсеңдеуден қатаң қарсыластыққа өтуі. КСРО-дағы «жаңа бағытқа» қарсы оппозиция. Кеңес және американ сыртқы саясаттарының жаһандануы. Бәсеңдеу саясатындағы кедергінің туындауы. Ауғанстандағы көтеріліс және кеңестік әскердің енуі. Аймақтық қақтығыстардың өткірленуі. Халықаралық қатынастардағы шиеленістердің өріс алуы. Бейбіт қатар өмір сүру 70-ші жылдардағы халықаралық қатынастардың бір түрі ретінде. Бейбіт қатар өмір сүру концепциясының кеңестік интерпретациясы, оның идеологиялық аспектісі.

XX ғасырдың 80-ші жылдарындағы халықаралық қатынастар

1980-жылдардағы халықаралық қатынастар дамуының басты үдерістері. 80-ші жылдардағы халықаралық қатынастардың екі кезеңі және олардың сипаттамалары. 80-ші жылдардың бірінші жартысындағы халықаралық текетірестердің шиеленісуі. Қарсыласуды күшейтудің факторлары. Халықаралық әскери-стратегиялық жағдайдың шиеленісуі. КСРО мен АҚШ-тың әскери қарсыластығы. Қаруланудан жарыстың өсуі. АҚШ-тың стратегиялық қорғаныс бастамасын (СҚБ) жариялауы. АҚШ Президенті Р. Рейган және оның «ядролық шектелген соғыс» тұжырымдамасы.

«Қайта құру» саясаты мен КСРО-дағы саяси жаңаша ойлаудың басталуы. Бәрін тегіс қамти алатын халықаралық қауіпсіздіктің кеңестік тұжырымдамасы. 80-ші жылдардың екінші жартысындағы кеңес-американ қатынастары. Орта және жақын арақашықтықтағы зымырандарды қысқарту туралы Вашингтон келісім-шарты. Шағын және орта қашықтықтағы зымырандарды қысқарту жөніндегі келісім. КСРО-ның «Брежнев доктринасынан» бас тартуы. Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдеріндегі демократиялық көтерілістер және олардың нәтижелері. Еуропадағы күштер ара-салмағының жаңадан қалыптасуы. ООШЕ-дағы алмасу, өзгеру үдерісі. еуропаның жаңа саяси картасы. Варшава пактісінің таратылуы (ВКҰ).

Халықаралық және аймақтық жанжалдар. Жанжалдарды шешудегі бітімгершілік қызметі жағынан БҰҰ рөлінің артуы.

Халықаралық қатынастар жүйесіндегі БҰҰ

БҰҰ-ның құрылуы. Сан-Францискода өткен конференция және БҰҰ Жарғысы. БҰҰ мақсаттары мен ұстанымдары. БҰҰ құрылымы. Бас Ассамблея: құрылымы, қызметі, өкілеттігі. Қауіпсіздік Кеңесі: құрылымы, қызметі, шешім қабылдау принциптері.

БҰҰ арнаулы ұйымдары. БҰҰ білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша (ЮНЕСКО). Халықаралық Еңбек Ұйымының (ХЕҰ), Әлемдік Денсаулық сақтау Ұйымының (ӘДҰ) және т.б. қызметі. МАГАТЭ─ның құрылуы.

БҰҰ қызметінің негізгі бағыттары. Адам құқықтары мен демократия саласындағы БҰҰ қызметі және оның негізін қалайтын құжаттар. Жалпыға бірдей Адам Құқығы Декларациясының қабылдануы (1948) және оның негізгі принциптері. БҰҰ және экономикалық және әлеуметтік даму мәселелері. Қарусыздандыру мәселелері және БҰҰ рөлі. Ядролық қару және ұлы державалардың стратегиясы. Антарктидадағы алғашқы демилитаризацияланған аймақтың пайда болуы.

1960-жылдардағы БҰҰ қызметі. Халықаралық ынтымақтастық пен өзара түсінушілікті нығайтудағы БҰҰ рөлі. Отарлауға қарсы БҰҰ рөлі. БҰҰ мүшелері санының көбеюі. 1970-1980 жж. халықаралық ұйымдардағы БҰҰ рөлі. Аймақтық шиеленістерді реттеудегі БҰҰ рөлі. Герман мәселесін шешудегі БҰҰ рөлі. БҰҰ және экология мәселелері. Қоршаған ортаны қорғау бойынша БҰҰ Бағдарламасы.

Халықаралық жағдайдың түзелуі және БҰҰ жағдайы. Халықаралық ынтымақтастық пен өзара түсіністікті нығайтудағы БҰҰ рөлі.

Еуропадағы бәсеңдік. Жалпыеуропалық (Хельсинкі) үдеріс. 70-ші жылдардағы халықаралық шиеленістің бәсеңдетілуі бейбіт қатар өмір сүрудің маңызды түрлерінің бірі ретінде. КСРО-ның батысеуропалық елдермен периферияльық ынтымақтастық саясаты. Кеңес-француз қатынастары. Кеңес-британ қатынастары.

Еуропадағы қатынастардың реттелуі. В. Брандт және «жаңа шығыстық саясаттың» басталуы. 70-ші жылдардағы герман мәселесі. ГФР және КСРО, ГФР және ГДР арасындағы келісімдер. Хальштейн доктринасынан бас тарту. Соғыстан кейінгі Еуропа шекараларының батысеуропалық елдер тарапынан мойындалуы және Шығыс Еуропадағы саяси бәсеңдеушілік. Батыс Берлинге қатысты төртжақты келісім.

Варшава келісім-шарты ұйымының барлық еуропалық елдерге жалпы еуропалық кеңес шақыру туралы үндеуі. Финляндияның рөлі. Еуропадағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік туралы Кеңеске дайындық және оның өткізілуі. Халықаралық өмірдегі жаңа ұғымның – Жалпыеуропалық үдерістің пайда болуы. Еуропадағы қауіпсіздік жіне ынтымақтастық жөніндегі Кеңес.

ЕЫҚК–нің Қорытынды Актісі, оның негізгі принциптері. ЕЫҚК қызметінің «үш қоржыны».

Бейбіт өмір сүрудің жалпыдемократиялық принциптері. Хельсинки форумының халықаралық маңызы. ЕЫҚК шеңберіндегі кездесулер мен келіссөздер. ЕЫҚК мүше-мемлекеттері өкілдерінің Вена және Париж қаласында өткен кездесулері.

Еуропадағы интеграциялық үдерістердің дамуы

Еуропалық бірігу идеялары. Еуропалық интеграцияның объективті және субъективті факторлары. Соғыстан кейінгі Еуропадағы еуропалық қозғалыс. Еуропалық экономикалық ынтымақтастық ұйымы. Батыс Одағының құрылуы. Еуропа Кеңесінің құрылуы. Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық комиссия. Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот.

1950 ж. Шуман декларациясы. Еуропалық Қауымдастықтардың қалыптасуы. Еуропалық Көмір және Болат өндіру Бірлестігінің құрылуы (ЕКББ): мақсаттары, құрылымы, қызметі. Еуропалық төлем одағы. Еуропалық қорғаныс қауымдастығын (ЕҚҚ) құру жоспарлары. 50-ші жылдардағы Батыс Еуропаның әскери салада бірігу жоспарларының жүзеге аспай қалуының себептері.

1957 ж. Рим келісім-шарты. Еуропалық Экономикалық Қауымдастықтың (ЕЭҚ) құрылуы: мақсаттары, принциптері, стратегиясы. Еуропалық интеграция мәселесі бойынша Франция, Германия, Италияның ұстанымдары. ЕЭҚ негізгі институттары.

Еуратом, оның қауымдастықтар жүйесіндегі рөлі. Формирование Еуропалық еркін сауда ассоциациясының қалыптасуы (ЕАСТ). ЕЭҚ елдерінің үшінші мемлекеттермен қатынастары.

ЕЭҚ дамуының негізгі кезеңдері. Европалық Қауымдастықтардың ортақ саясаты. XX ғ. 60-70-ші жж. ЕО институционалдық өзгерістер. Европалық интеграцияның Қауымдастықтан Европалық Одаққа дейін дамуы. 1986 ж. Европалық Бірыңғай Акт. Европалық Қауымдастықтардың кеңею кезеңдері. Европадағы жаңа халықаралық жағдай.

Биполярлық жүйе кезеңінде халықаралық қатынастар жүйесіндегі Таяу және Орта Шығыс елдері

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы және Таяу және Орта Шығыстың әскери-стратегиялық, экономикалық және саяси маңызының өсуі. Аймақтағы КСРО, АҚШ және Ұлыбритания бәсекелестігі. Түркия, Иран, Ирак, ОАР, Сирия және Ливандағы демократиялық қозғалыстар.

"Трумэн доктринасы" және аймақтағы АҚШ-тың саясаты.

Мандаттық жүйенің құлдырауы. БҰҰ-ның Палестинаға қатысты резолюциясы. Израиль мемлекетінің құрылуы. 1948-1949 жж. Палестинадағы әскери әс-қимылдар. Таяушығыстық дағдарыс пен оның алғышарттары. Таяушығыстық жанжалдың басты кезеңдері. Суэц дағдарысы және аймақтағы халықаралық қарама-қайшылықтардың өткірленуі. Таяушығыстық дағдарысты реттеудегі БҰҰ-ның рөлі. «Эйзенхауэр доктринасының» жариялануы және оның мәні. Араб мемлекеттеріне қарсы 1967 ж. Израиль агрессиясы. Таяу Шығыстағы КСРО-ның сыртқы саясаты және оның ерекшеліктері. Таяушығыстық дағдарыстағы Египеттің ұстанымы. 80-ші жж. Таяушығыстық дағдарыс. Таяушығыстық дағдарысты шешудің жолдары мен әдістері.

Әскери-саяси одақтар жүйесінің құрылуы. «Бағдад пактісі». ОШАКҰ –ның құрылуы. Әскери одақтар жүйесіндегі Иран. 1979 Иран революциясы және Иранның сыртқы саясатының ерекшеліктері. Араб түбегінің шығыс жағалауындағы жаңа тәуелсіз Бахрейн, Біріккен Араб Эмираттары (БАЭ), Катар мемлекеттерінің пайда болуы.

Ирак республикасының сыртқы саясаты. Иран-ирак соғысы және оның нәтижесі. Исламдық экономикалық және саяси интеграция. ОПЕК-тің құрылуы және оның қызметі. Халықаралық қатынастар және Түркия.

Ауғанстан маңайындағы сыртқысаяси жағдай. Халықаралық қоғамдастық және ауған мәселесін реттеу. Халықаралық қатынастардың биполярлық жүйесіндегі Үндістан мен Пәкістанның рөлі. Экономикалық Ынтымақтастық Ұйым(ЭЫҰ) және оның қызметі.

Биполярлық жүйе кезеңіндегі Азия-Тынық мұхит аймағындағы халықаралық қатынастар

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Азия-Тынық мұхиты аймағының қалыптасуы. АТА-ның басты субаймақтары. Әлемдік саясаттағы АТА рөлінің күшеюі.

ҚХР мен Жапонияның аймақтық саясаттың тәуелсіз орталықтарына айналуы. Корея мәселесінің туындауы.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық қатынастар жүйесіндегі Жапония. Американдық оккупация. Жапонияның КСРО және ҚХР-мен қатынастары. Солтүстік территориялар мәселесі. Дипломатиялық қарым-қатынастардың орнатылуы. Хатояманың сыртқы саясаты. 50-70-ші жылдардағы қытай-жапон қарама-қайшылықтары.

ҚХР сыртқы саясатының негізгі принциптері. БҰҰ-дағы ҚХР құқығы туралы мәселе. АҚШ-тың ұстанымы. Кеңес-қытай қатынастары. ҚХР-дың халықаралық аренаға шығуы. ҚХР-дың сыртқы саясатындағы "ерекше бағыт". «Хунвейбиндік дипломатия»: мақсаты, құралы және нәтижесі. Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне қатысты ҚХР-дың саясаты. «Пинпонгтік дипломатия». Тайвань мәселесі. ҚХР мен АҚШ ұстанымдары. ҚХР мен Жапония арасындағы бейбіт келісім-шарт. Қытай және АСЕАН елдері: ынтымақтастықтың мәселелері мен перспективасы. 70-ші жылдардың басындағы Қытайдың сыртқысаяси бағытындағы өзгерістер. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық қатынастар жүйесіндегі Оңтүстік-Шығыс Азия елдері.

Аймақтың халықаралық дамуындағы басымды фактор. Тынық мұхиттық алдыңғы қатарлы державалар – КСРО, АҚШ,ҚХР, Жапония арасындағы өзара қарым-қатынас. Орталықтандырылған күш қатынастарының аймақтық деңгейінің құрылуы мен мемлекетаралық қатынастардың біршама дербес ішкіжүйелерінің қалыптасуы.

Аймақтағы басты қарама-қайшылықтар. АТА-дағы халықаралық қатынастардың екіжақты сипаттамасы және «жұмсақ аймақтану». АТА-дағы АҚШ-тың алатын ерекше рөлі. АТА-дағы қауіпсіздік мәселесі. Кореяны біріктіру мәселесі. Аймақтағы жанталаса қарулану. Аймақтағы қауіпсіздік жүйесін құру мәселелері. АТА елдеріндегі экономикалық интеграция мен оның ерекшеліктері. Аймақтық көпполярлылықтың дамуы.

Биполярлық жүйе кезеңінде халықаралық қатынастар жүйесіндегі АҚШ және Латын Американдық мемлекеттер

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы америкааралық ынтымақтастың дамуы. Латын Америкасындағы АҚШ әскери базалар желісінің құрылуы. Америкааралық қорғаныс кеңесінің құрылуы. Американдық мемлекеттер Ұйымының құрылуы (АМҰ). Америкааралық қауіпсіздік жүйесінің қызметтері. Әскери-саяси топтардың құрылуы – Орталық Америка мемлекеттер Ұйымы (ОАМҰ).

1940-1980-ші жылдар аяғындағы Латын Америкасындағы интеграциялық үдерістер. Латын Америкасындағы интеграцияның формалары. Латынамерикандық Еркін сауда Ассоциациясын құру туралы келісім-шарт (ЛЕСА). Орталықамерикандық ортақ нарықтың құрылуы (ОАОН). Анд тобының құрылуы. Латынамерикандық экономикалық жүйенің құрылуы (ЛАЭЖ). Латынамерикандық мемлекеттердің интеграциялық үдерістері әлсіздігінің себептері. АҚШ-тың Латын Америкасындағы интеграциялық үдерістерге әсері.

Аргентинаның ұзаққа созылған халықаралық изоляциядан шығуы. Аргентинаның прагматикалық сыртқы саяси бағыты. Аргентинаның аймақтық интеграцияға қатысуы. Оңтүстікамерикандық құрлықтағы Бразилияның рөлінің басымдылығы. Аймақтық халықаралық ұйымдардағы Бразилияның белсенді қызметі. Чилидің халықаралық изоляциядан шығуы. Чилидің халықаралық және аймақтық интеграцияға қатысуы. Чили дипломатиясы және адам құқығы мен демократияны қорғау мәселесі. Чили және халықаралық лаңкестік және есірткі мафиясымен күрес.

Халықаралық қатынастардағы Латынамерикандық елдер. 60-шы жылдардағы латынамерикандық мемлекеттердің сыртқысаяси белсенділігінің өсуіне бағытталған тенденция. 1967 ж. ядросыз аймақ құру жөніндегі Тлателолько келісім- шарттары.

1970-80-ші жылдардағы халықаралық сахнадағы өзгерістер және латынамерикандық елдердің сыртқы саясаттары. Ынтымақтастық пен қауіпсіздік мәселелері (Рио тобы, америкааралық қауіпсіздік жүйесінің қызметі). Латынамерикандық елдер және АҚШ. Өосылмау қозғалысы және Тыныкмұхиттық экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Кеңес. Латынамерикандық елдер және БҰҰ, халықаралық қаржылық ұйымдардың Латын Америка елдеріне көмегі.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1.Париж конференциясындағы шығыс және отарлық мәселелер

2.Вашингтон конференциясындағы теңіздегі қаруландыруды шектеу мәселесі

3.Халықаралық қатынастардағы Германия мәселесі және соғысаралық кезеңдегі дипломатия.

4.ХХ ғасырдың 20-шы жылдардың аяғы мен 30-шы жылдардағы бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін күрес.

5.Соғыстан кейінгі Германияның тағдыры бойынша антигитлерлік коалицияның жоспарлары

6.Соғыстан кейінгі әлемді бейбіт реттеу мәселелері және «қырғи қабақ соғысының» басталуы

7. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі үшінші әлем елдері

8. Ядролық қаруды таратпау саласындағы БҰҰ қызметі

9.Кариб дағдарысы және оның салдарлары

10.ГФР-ның «Жаңа шығыс саясаты» және оның халықаралық мәні

11.Еуропалық Қауымдастықтың қалыптасуы

12.ЕЫҚК-ның Қорытынды актісі және оның принциптері

13.Таяушығыстық қақтығыс: алғышарттары, сипаты

14.АТА қауіпсіздігінің қауіптері мен қатерлері және Азияда әскери блоктардың құрылуы

15.Латын Америкасындағы аймақтық интеграция

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Халықаралық қатынастардың Версаль-Вашингтон жүйесін құру бойынша халықаралық конференциялардың негізгі шешімдері
2. Соғысаралық кезеңдегі халықаралық қатынастардың негізгі тенденциялары
3. Соғыстан кейінгі халықаралық қатынастар жүйесіндегі герман мәселесі және жетекші державалардың ұстанымы
4. «Қырғи қабақ соғыс» түсінігі, оның пайда болу себептері
5. Азия және Африкада тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы
6. Араб-Израиль қақтығысындағы негізгі акторлардың ұстанымдары
7. Аймақтық қақтығыстарды реттеудегі БҰҰ-ның бітімгершілік рөлі
8. Еуропалық интеграциялық үдеріс: идеялық қайнар көздері, институттары және негізгі кезеңдері
9. Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдері халықаралық қатынастар жүйесінде
10. Корея жартыаралындағы екі мемлекеттің мәселесі
11. XX ғ. 70-80-ші жылдарында халықаралық қатынастардың ғаламдық мәселелерінің өсуі
12. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі латынамерикандық қоғамның дамуындағы ортақ белгілер

СТУДЕНТТІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Соғысаралық кезеңдегі халықаралық қатынастардағы репарациялық мәселенің мәні
2. Соғысаралық кезеңдегі халықаралық қатынастар және дипломатиядағы орыс мәселесі
3. Бірінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі Азия-Тынық мұхиты аймағында жаңа күштер теңдігінің қалыптасуы
3. Соғысаралық кезеңде Еуропадағы агрессорды «тыныштандыру» саясаты
4. Антигитлерлік коалициядағы елдердің ынтымақтастығы және олардың келіспеушіліктері
5. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі әлемнің саяси картасы
6. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін әскери-саяси блоктардың құрылуы
7. Биполярлық жүйе кезіндегі соғыс қаупіне қарсы бейбітшілікті сүйгіш күштердің күресі
8. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі үшінші әлем елдері

9. Социалистік елдердің сыртқысаяси доктринасы

10. Кеңестік және американдық сыртқы саясаттың ғаламдануы

11. .«Қайта құру» және КСРО-дағы саяси жаңаша ойлау саясатының басталуы

12. ЕЭҚ дамуының негізгі кезеңдері

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. История международных отношений в новейшее время. – Алматы, 2006

2. История международных отношений. – Т.3. Ялтинско-Потсдамская система /Под ред. А.В. Торкунова, М.М. Наринского. – М., 2015

3. Протопопов, А.С. История международных отношений и внешней политики России: 1648-2005: учеб. для студентов вузов. - 2-е изд., испр. и доп.- М.: Аспект Пресс, 2008.

4. Системная история международных отношений. В 4-х томах /Под ред.А.Д. Богатурова. – Т.1-2. – М.,2000

5. Системная история международных отношений. В 2-х томах /Под ред.А.Д. Богатурова. – Т.1. События 1918-1945 – М.,2006

Қосымша:

1. Арыстанбекова А.Х. Миротворческая деятельность ООН. - Алматы, 2005

2. Арыстанбекова А.Х. Глобализация. – Алматы, 2007

3. Байзакова К.И., Губайдуллина М.Ш. и др. Становление и развитие системы европейской безопасности и обороны. – Алматы, 2002

4. Байзакова К.И., Кукеева Ф.Т. США и НАТО. – Алматы, 2005

5. Байзакова К.И., Кукеева Ф.Т., Умаров К.Е. История внешней политики США. Учебное пособие /Под ред. Кукеевой Ф.Т. – Алматы: КазНУ, 2007

6. Быстрова Н.Е. СССР и формирование военно-блокового противостояния в Европе (1945–1955 гг.). Ч. 1. – М.: ИРИ, 2005.

7. Быков О.Н. Международные отношения: трансформация глобальной структуры. – М., 2003

8. Губайдуллина М.Ш. Внешняя политика Германии (1871-2004). – Алматы, 2004

9. Европа: вчера, сегодня, завтра / Отв. ред. Н.П. Шмелев. – М., 2002

10. Кальвакоресси П. Мировая политика после 1945 года. М., 2000.

11. Китай в мировой и региональной политике: История и современность / Ин-т Дальнего Востока РАН. - Отв. ред. А.Г. Яковлев. – М., 2002

12. Кукеева Ф.Т. Европейский Союз и США: современные аспекты трансатлантического партнерства. – Алматы, 2003.

13. Международные отношения: теории, конфликты, организации /Под ред. П.А. Цыганкова – М., 2004

14. Современные международные отношения. /Под ред. А.В.Торкунова. – М.,2015

15. Уткин А.И. Мировая «холодная война». – М.: ЭКСМО: Алгоритм, 2005.
16. Ширяев Б.А. История международных отношений в Тихоокеанском регионе: учеб. пособие. – СПб., 2010.

DKZHT 2206 – ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗУ ТЕХНИКАСЫ

Көлемі 2 кредит

Авторлары:
Әліпбаев А.Р. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Байкушикова Г.С. – доктор PhD, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доцент м.а.

Пікір жазғандар:
Шкапяк О.Н. – доктор PhD, Қазақстан-Неміс университетінің әлеуметтік және саяси ғылымдар факультетінің деканы
Чукубаев Е.С. – тарих ғылымдарының кандидаты, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының меңгерушісі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

“Дипломатиялық келіссөздер жүргізу техникасы” оқу пәні болашақ халықаралық қатынастар мамандарына халықаралық келіссөздерді ұйымдастыруды, өткізуді, оның жіктелуі мен тағылымдық астарын жан-жақты көрсету. Болашақ мамандардың коммуникативті құзыреттілік деңгейін көтеру.

“Дипломатиялық келіссөздер жүргізу техникасы” оқу пәнін игеру шеңберінде студенттің ие болуға тиісті **құзыреті:**

құралдық: дипломатиялық қызметтер мен халықаралық келіссөздер туралы деректі фильмдермен танысу мүмкіндігі, келіссөздердің әдіс-тәсілдері туралы нақтылы мәліметтердің болуы;

жалпы түсінік: халықаралық келіссөздер тарихы дипломатия тарихы екендігі, ресми дипломатиялық қызметтің басқа нұсқалары мен түрлері келіссөздерге қатысты бағынышты орында болатындығы туралы;

жүйелік: келіссөздерді мемлекетаралық қарым-қатынастардағы қайшылықты жағдайларда саяси мәмілеге қол жеткізудің шеберлігі мен ғылымы ретінде де қарастыруды түйіндеу;

халықаралық келіссөздер әртүрлі елдер өкілдерінің арасындағы пікір алмасу мақсатындағы, өзара мүдделі мәселелерді шешудегі, алауыздықты реттеудегі, әртүрлі саладағы ынтымақтастықты дамытудағы, халықаралық келісімдерді дайындау және жасасу барысындағы негізгі байланыстардың бірі екендіктерін *сараптай алуы тиіс;*

Нақты құзыреті:

- пән бойынша оқылатын негізгі ұғымдар мен терминдерді; Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі мен дипломатиясының қағидаларын;

халықаралық келіссөздердің түрлері мен келіссөздер үрдісінің негізгі кезеңдерін *білуге тиіс;*

- келіссөздер үрдісінің табиғатын түсінуге тиіс;

келіссөздер дайындығын ұйымдастыру шеберлігіне ие болуға тиіс;

- халықаралық келіссөздер жүргізудің стратегиялықжәне тактикалық әдіс-тәсілдерін пайдалана алуы тиіс;
- дипломатиялық келіссөздердегі тәжірибелік шеберлікті *меңгеруге тиіс.*
- келіссөздер барысының бағыт-бағдарын айқындауға қабілетті болуы тиіс;
- халықаралық келіссөздер нәтижесінде дайындалатын құжаттарды, олардың мәнерлік және тілдік ерекшеліктерін біліктілік тұрғысынан сараптай білуге *құзыретті болуы тиіс.*

"Дипломатиялық келіссөздер жүргізу техникасы" пәнінің бағдарламасы "5В020200- халықаралық қатынастар" мамандығының типтік оқу жоспарына сәйкес құрастырылған. Пәнді тиімді игеру үшін студенттер келесі пәндерді теоретикалық және тәжірибелік тұрғыдан жетік меңгерулері тиіс:

Пререквизиттері: "Дипломатиялық және консулдық қызмет", «Дипломатиялық құжаттама», «Дипломатиялық протокол және этикет»,

Постреквизиттері: "Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты", «Көпжақты дипломатия» және т.б.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырыптың аты
1	Кіріспе
2	Дипломатия, дипломат және халықаралық келіссөздердің мәні
3	Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мен дипломатиясы
4	Халықаралық келіссөздер үрдісінің тағылымдық астары
5	Халықаралық келіссөздердің ерекшеліктері, түрлері және қызметі
6	Келіссөздер жүргізуді ұйымдастыру
7	Халықаралық келіссөздер үрдісінің құрылымы
8	Халықаралық келіссөздердің қорытынды құжаттарын дайындау
9	Келіссөздер жүргізудің негізгі стратегиялары және әдіс-тәсілдері
10	Халықаралық қақтығыстарды реттеудегі үшінші тараптың рөлі мен орны
11	Аса жоғары, жоғары деңгейдегі келіссөздер және қорытынды құжаттары
12	Халықаралық келіссөздерді жүргізудің қағидалары мен ережелері
13	Келіссөздер үрдісіндегі ұлттық мәдени ерекшеліктердің мәні мен рөлі
14	Келіссөздер этикеті
15	Дипломатиялық сұхбаттасудың сындарлы тәсілдері

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

«Халықаралық келіссөздер» ұғымы дипломатияда нық бекіген ұғым, өйткені келіссөздер дипломатиялық қызметтің тұғыры. Халықаралық келіссөздер тарихы дипломатия тарихы екендігі, ресми дипломатиялық қызметтің басқа нұсқалары мен түрлері келіссөздерге қатысты бағынышты орында болатындығы сараланады.

Келіссөздерді мемлекетаралық қарым-қатынастардағы қайшылықты жағдайларда саяси мәмілеге қол жеткізудің шеберлігі мен ғылымы ретінде де қарастыруға болады. Сонымен бірге халықаралық келіссөздер әртүрлі елдер өкілдерінің арасындағы пікір алмасу мақсатындағы, өзара мүдделі мәселелерді шешудегі, алауыздықты реттеудегі, әртүрлі саладағы ынтымақтастықты дамытудағы, халықаралық келісімдерді дайындау және жасасу барысындағы негізгі байланыстардың бірі екендігі дәйектеледі.

Пән *мақсаты*: халықаралық келіссөздер жүргізудің әдіс-тәсілдеріне үйрету, соның негізінде студенттер мен магистранттарға дипломатиялық келіссөздердегі тәжірибелік шеберлікті меңгеруге көмектесу;

Міндеттері: Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мен дипломатиясының қалыптасуы мен негізгі міндеттерін айқындау;

- дипломатия және халықаралық келіссөздер ұғымымен және оның ерекшеліктерімен таныстыру;
- халықаралық келіссөздер үрдісінің тағылымдық астарына студенттердің назарын аудару;
- келіссөздердің түрлері мен қызметін жан-жақты қарастыру;
- келіссөздерді ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін сараптау;
- халықаралық келіссөздер үрдісінің құрылымын талқылау;
- келіссөздер жүргізудің негізгі стратегиялары және әдістерімен таныстыру;
- келіссөздердегі бітістірушілік мәселесін жан-жақты қарастыру;
- қақтығыстарды реттеудегі және алдын алудағы келіссөз мәдениетінің қалыптасуымен таныстыру;
- келіссөздер үрдісіне қатысты Келіссөздер жүргізу ережесімен таныстыру;
- іскерлік кездесудің этикетімен таныстыру;
- икемділік қабілетін жетілдіру, келіссөздердің өзіндік мәнері мен әдісін табуға ұмтылдыру, өздік жүйені дербес түрде жетілдіруді ойластыруға бейімдеу;
- халықаралық келіссөздер нәтижесінде дайындалатын дипломатиялық құжаттардың мазмұны мен нысанына қарай, құжаттардың тілдік нұсқаларын пайдалануға байланысты құжат дайындауға қатысты студенттерде шеберлік пен ептілікті қалыптастыру. Қазақстанның жүргізіп отырған дипломатиялық бағыты мен бағдарын келіссөздер арқылы жан-жақты жеткізуге дағдыландыру.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Дипломатия, дипломат және халықаралық келіссөздердің мәні

«Дипломатия» сөзіне түсінік. Г. Никольсонның дипломатия сөзінің мәнін айқындауы. Дипломатия сөзінің анықтамасы. “Дипломатия” ұғымын халықаралық қақтығыстардың алдын алу немесе реттеу, өзара тиімді шешімдер мен мәмілеге келу, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты кеңейте және тереңдете түсу мақсатында келіссөздер жүргізу өнерімен де байланыстыруы.

Дипломат мамандығы ең ежелгі мамандықтардың бірі ретінде. Қазақ дипломатиясының тарихына қысқаша шолу жасау. Қытай мен Қазақ хандығы арасындағы дипломатиялық байланыстар.

Бүгінгі күні дипломат – Сыртқы істер министрлігінің орталық негізгі және қосымша мекемелерінде немесе шетелдегі дипломатиялық өкілдіктерде (елшіліктерде, миссияларда, консулдықтарда) шет мемлекеттердің өкілдерімен саяси байланысты жүзеге асырушы ресми лауазымды тұлға, сыртқы істер министрлігінің қызметкері ретінде. Қазіргі кезеңдегі дипломат мамандығына қойылатын талаптар.

1961 жылғы 18 сәуірде қабылданған Дипломатиялық қатынастар жөніндегі Вена конвенциясы мен 1963 жылғы 24 сәуірдегі Консулдық қатынастар жөніндегі Вена конвенциясы. Дипломатиялық қызметке қатысты еңбектер.

Халықаралық қатынастардағы мемлекеттердің дипломатиялық қызметінің негізгі түрлері: халықаралық конгрестер, мәслихаттар, мәжілістер, мемлекет өкілдерінің әр қилы деңгейлеріндегі жүйелі кездесулері мен халықаралық қатынастардың әр түрлі мәселелеріне байланысты көпжақты немесе екіжақты халықаралық келіссөздер өткізуі.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мен дипломатиясы

XX ғасырдың 90-жылдары халықаралық қатынастардағы жаңа бетбұрыс кезеңі. 1991 жылғы 16 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігінің салтанатты түрде жариялануы.

Әлемнің жетекші елдері Қазақстан Республикасын халықаралық қатынастардың толыққанды мүшесі ретінде тануы. Қазақстан Республикасының тұңғыш Сыртқы істер министрі. Қазақстан Республикасымен жандандыратын ынтымақтастық аясының басым бағыт-бағдарының айқындалуы.

Халықаралық қатынастардың жаңа жүйесінде Қазақстан Республикасы өзінің геосаяси орналасу ерекшеліктеріне сай сыртқы саяси бағыттарын азиялық елдермен қоса еуропалық елдермен де тең дәрежеде жүргізу мақсатында көптармақты саясатты ұстануы. Дипломатиялық қызметті үйлестіруші Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі туралы алғашқы ереже. Шетелдегі дипломатиялық қызметті ұйымдастыру мақсатында 1992 жылы 2 шілде күні Президент Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Елшілігі туралы», «Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісінің негізгі міндеттері мен құқықтары туралы» ережелерінің бекітілуі.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелген негізгі міндеттемелер. Қазақстан Республикасының 1997 жылы 12 қарашада қабылдаған «Дипломатиялық қызмет туралы заңы». Қазақстан Республикасының "Дипломатиялық қызмет туралы заңына" толықтырулар енгізіліп, 2002 жылы 7 наурызда қабылдаған жаңа мәтіні.

Халықаралық келіссөздер үрдісінің тағылымдық астары

Ежелгі кезеңдегі *келіссөз* сөзінің мәні. «Келіссөз» ұғымы. Н. Макиавелли мен К. фон Клаузевиц саяси келіссөздер туралы пікірі. Бүгінгі «халықаралық келіссөздер» ұғымы.

Халықаралық қатынастардағы келіссөздердің мәні мен маңыздылығының сараланyы. Кардинал Ришельенің «Саяси өсиет» атты еңбегіндегі келіссөздер анықтамасы. Французбдық ғалым Франсуа де Кальердің «Ел билеушілерімен келіссөздер жүргізу тәсілдері» деген еңбегіндегі келіссөздердің мәні. Французбдың белгілі саясаттанушысы М. Дюверженің саясатқа қатысты ойы.

Халықаралық келіссөздердің іс жүргізу астары. Басқа саяси қарым-қатынастардан келіссөздердің ерекшелігі. Халықаралық келіссөздер – тараптардың саяси қақтығыстарды шешуге немесе ынтымақтастықты ұйымдастыруға және бірлескен шешім қабылдауды қажет етуге бейімделінген, жазба түрде келісімдермен немесе шарттармен ресімделінген саяси жеке тұлғаралық өзара әрекеттестігінің және бірлескен қызметінің арнайы түрі ретінде. Келіссөздерге қатысты шетелдік ғалымдар: американдық ғалымдар Р.Фишер мен У. Юридің пікірлері. Ф. Ч. Икленің «Мемлекеттер келіссөздерді қалай жүргізеді» атты еңбегі. Ресейлік саясаттанушы М. Лебедеваның еңбектеріндегі келіссөздердің мәні. Ресейлік ғалым В. В. Удаловтың ойы. Американдық саясаттанушы И.В. Зартман келіссөздер барысы туралы. К.Селлих и С.С. Джейн пікірі. Французбдық зерттеуші Л. Белланже келіссөздер туралы. Канадалық автор Г. Уинхем келіссөздің үш сатысы туралы. Келіссөздерді зерттеу әдістері. Контент-сараптама әдісінің мәні.

Халықаралық келіссөздердің ерекшеліктері, түрлері және қызметі

Келіссөздер – бұл адамдар арасындағы көптеген өзара әрекет түрлері. Халықаралық келіссөздердің өзіндік ерекшеліктері. Мәселенің болуы. Тараптар мүдделерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары. Уағдаласушы тараптардың өзаратәуелділігі. Күрделі құрылым. Тараптардың пікір алмасулары. Мәселелерді бірлесе отырып шешу. Халықаралық келіссөздерге тән негізгі белгілер. Келіссөздерді бірнеше топқа жіктеу. Келіссөздердегі өкілдіктер деңгейіне байланысты саяси келіссөздер және дипломатиялық келіссөздер. Келіссөздердегі қатысушылардың санына байланысты екіжақты және көпжақты келіссөздер болып бөлінуі. Келіссөздерді өткізу түрлері. Халықаралық келіссөздердің тікелей және жанама, ашық және құпия, бір мәрте ғана өтетін және жиі өтетін (жүйелі) келіссөздер деп айқындалуы. Халықаралық келіссөздерді топтастыру. Тараптардың қызығушылық танытуына қарай американдық зерттеуші Дж.Дин

пікірі. Француз зерттеушісі Ж.-И.Нирамбердің қатысушылардың қажеттіліктеріне қарай келіссөздерді бөлуі. Келіссөздердің алға қойған мақсат-мүдделеріне қарай бірқатар қызметтерді атқаруға бағытталуы**.** Ақпараттық-коммуникативті қызметі. Келіссөздердің реттеушілік қызметі. Өзіндік мақсаттарды шешу (ішкісаяси және сыртқы саяси) қызметі. Келіссөздердің насихаттық қызметі. Келісссөздердің саяси айла-амалдары. Келіссөздер халықаралық алаңдағы әрекеттерді үйлестіру қызметі

Келіссөздер жүргізуді ұйымдастыру

Келіссөздерге дайындық. Мәліметтер жинау және келіссөздер жөнінде болжау. Келіссөздер тұжырымдамасын және болашақ шешімінің нұсқаларын дайындау, негізгі стратегия мен тактиканы айқындау. Әріптестермен ұйымдастырушылық мәселелерін келісу кезеңі. Келіссөздерге дайындықтың бірінші кезеңі. Келіссөздерге қатысушылардың бастапқы ұстанымын талқылау. Келіссөздерге теоретикалық тұрғыдан дайындық. Келіссөздің қажеттілігі және келіссөздер нәтижесінде мақсатқа жету деңгейін белгілеу. «Келіссөздердегі ұстаным” ұғымы. Қатысушылардың бастапқы саяси ұстанымдарын талқылау. Жалпы мәселені сараптау келіссөздерге дайындалудың негізі. Ұстанымды нығайтуда келіссөздерге қатысушылардың мәртебелерінің әсері.

Келіссөздер алдында бастапқы ұстанымды нығайтуда бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы. Сенім деңгейін арттыру. Келіссөздерге дайындықтың екінші кезеңіндегі келіссөздердің тұжырымдамасын айқындау. Ұсыныстар мен дәйектемелерді дайындау. «Ішкі келіссөздер». Стратегия мен тактиканы айқындау. Келіссөздерде мәселені қарастыруға қатысты тиісті нұсқаулық құжаттарды айқындау. Анықтамалық сипаттағы құжаттар (анықтамалар, сұхбаттарға қатысты мәліметтер, осы келіссөздерге қатысты БАҚ хабарламалары) және негізгі құжаттар (негізгі сөз сөйлеулердің мәтіндері, ұсыныстардың жобасы, ұсынылатын қорытынды құжаттар).

Келіссөздерге дайындықтың үшінші кезеңі. Ұйымдастырушылық дайындығының негізгі кезеңдері. Өткізетін орын мен кездесу уақытын таңдау. Келіссөздерді өткізу мерзімдерін айқындау. Келіссөздердегі күн тәртібін анықтау. Келіссөздердің атауын айқындау. Келіссөздерді өткізудің деңгейін айқындау. Дайындық кезеңінде келіссөзге қатысушы өкілдерді отырғызу мәселесі. Қазіргі кезеңдегі келіссөздерге қатысушыларды отырғызудың бірқатар нұсқалары. «Келіссөздер жөніндегі келіссөздер». Халықаралық келіссөздерді жүргізу тәртібінің негізгі ережелері. Халықаралық келіссөздерді жүргізудегі тіл мәселесі. Келіссөздердің нәтижесінде шешім қабылдау тәртібі. Консенсус және дауыс беру түрлерінің жетістіктері мен кемшіліктері.

Халықаралық келіссөздер үрдісінің құрылымы

Халықаралық келіссөздер – өзіндік құрылымы мен даму қарқыны бар күрделі үрдіс. Келіссөздер саласындағы сарапшылардың келіссөздер үрдісін шартты түрде бірнеше сатыға бөлуі. А*лғашқы сатысы* - өзара мүдделер мен ұстанымдарды, тұжырымдарды айқындау, әр тараптың ұсыныстар жасауы және

пікірталас тақырыбын белгілеу. П*ікір-сайыс сатысы*, негізгі мәселелерді талқылау және мәмілеге келу, болашақ келісімнің жалпы шеңберін айқындау. Қ*орытынды сатысы* – келісімді өңдеу және қол қою.

Келіссөздер үрдісінің әр құрамдас бөлігінің бір-бірінен өзіндік айырмашылығы болатын міндеттерінің болуы. Бастапқы кезеңде ұстанымдардың түйісу нүктесін айқындай алу. Келіссөздер үрдісінің маңызды құрамдас бөлігі: ұстанымды алға тарту тәсілі. Ұстанымдардағы үйлесімділікті атап өту; ұстанымдардағы айырмашылықты атап өту; ұстанымдардың ашықтығы; ұстанымдардың жабықтығы. Келіссөздердің екінші сатысы – *пікір-сайыс* кезеңІнің негізгі міндеттері: талқылануға түсетін мәселе шешімінің нұсқаларын саралау және дәйектеу, күн тәртібіндегі негізгі мәселенің өзімен айналысу. Бұқаралық ақпарат құралдары тараптардың іс-әрекеттерін ақтау мақсатында да белсенді түрде қызмет атқаруы. Келіссөздерді жүргізу тәжірибесіндегі нұсқалық әдіс; интеграциялық әдіс; теңгермешілік әдіс; ымырашылдық әдіс. Үшінші кезеңнің негізгі міндеттері: ұстанымдарды келісу және қорытынды құжаттарды, яғни шарттар, келісімдер, коммюнике және т.б. дайындау.

Халықаралық келіссөздердің қорытынды құжаттарын дайындау

Халықаралық келіссөздердің қорытынды құжаттары ретінде халықаралық шарттар, келісімдер және т.б. Халықаралық шарттар құқы туралы 1969 жылғы Вена конвенциясы. Халықаралық шарттарды өзіне тән ерекшеліктеріне орай жіктеу. Қатысушы тараптардың шеңберіне байланысты: екіжақты, көпжақты, шектелмеген, шектелген. Басқа да қатысушылардың қосылу мүмкіндігіне қарай: жабық, жартылай ашық, ашық. Халықаралық шарттардың нышаны мен құрылымына байланысты шарттар жазбаша немесе ауызша жасалынуы. Халықаралық шарттарды нысанына қарай топтау: саяси шарттар, экономикалық және мәдениет, ғылым мен басқа да арнайы мәселелер жөніндегі шартттар. Бітімгершілік шарттары. 2005 жылғы 30 мамырдағы «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы заңы». Екіжақты халықаралық шарттарға қол қоюда өкілеттіліктің түп нұсқасымен алмасуы. Халықаралық шарттардың құрылымы. Халықаралық шарттарды ресімдеу сатылары. Халықаралық шарттарға қосылу. Депозитарийлер, олардың міндеттері.

Келіссөздер жүргізудің негізгі стратегиялары және әдіс-тәсілдері

Келіссөздер стратегиясы – іс-әрекеттің қорытынды мақсаты. Мақсат – іс-әрекеттен күткен нәтиже. Келіссөздер стратегиясы және мемлекеттің сыртқы саяси стратегиясы. Келіссөздердің екі стратегиясы: саудаласу стратегиясы, әріптеспен бірлесе отырып мәселенің шешімін іздеу. Г. Никольсонның келіссөздер тәсілі. Келіссөздер нәтижесі «қатты» немесе «жұмсақ». С. Сиджел мен Л. Фурекердің келіссөздер стратегиясы жөніндегі ілімдері. «Қағидалы стратегия». Р. Фишер мен У. Юридің «Келісімге барар жол, немесе жеңіліссіз келіссөздер» еңбегі. Мақсатқа жетудің әдіс-тәсілі. Стратегия мен тактиканың байланысы. «Қысым жасау» тактикасы. «Бастапқы талаптарды көтермелеу»

тактикасы. «Біліктілігін жоққа шығару» тактикасы. «Өздік ұстанымда жалған ой туғызу» тактикасы. «Соңғы сәтте талапты ұсыну» тактикасы. «Өспелі талаптар» тактикасы. «Топтама» («пакеттік») тактикасы. «Салями» тактикасы.

Халықаралық қақтығыстарды реттеудегі үшінші тараптың рөлі мен орны

Шиеленісті мәселелерді шешуде үшінші жақты қосу. Бүгінгі сәттегі «Үшінші тарап» ұғымы. Келіссөздерге қатысушылардың «Үшінші тарапты» айқындау. «Бітістірушілік» қызметі және өкілеттілігінің мерзімі. «Бітістіруші» (делдал). «Келіссөздер үрдісінің барысын бақылаушылар», «төреші». Келіссөздердегі бітістірушілердің мақсаттары мен міндеттері. Екіжақты тиімді шешімге келудегі үшінші тараптың рөлі мен маңыздылығы. «Бітістіруші» мәртебесі. Ресми немесе бейресми «Бітістірушілер». Төреші мен бітістіруші тараптың өзара ерекшеліктері. Бітістірушілер құзыреті. Бітістірушіліктің негізгі мақсаттары. Қақтығысушы тараптардың бітістірушілікке жүгінуінің негізгі себептері. Мүдделі емес тұлғаның мәртебесі. Мүдделі тұлғаның мәртебесі. Бітістірушіліктің тікелей, жанама (қосымша), ресми, бейресми түрінде болуы. Бейтараптылық. Қақтығысушы тараптар арасында бітістірушінің атқаратын негізгі қызметтері: ақпараттық, коммуникативтік (байланыстырушылық), балама ойлардың қозғаушысы, сараптамалық, бақылаушылық. Бітістірушіліктің: дайындық, өзара танысу, өз ұстанымдарын мәлімдеу (тұсаукесер), мәселені шешу, келісімге келу сияқты кезеңдері. Бітістірушіліктің дайындық кезеңінің негізгі мақсаты. Бітістірушіліктің өзара танысу кезеңінде келіссөздерде кімдер және қандай деңгейде қатысатындығын айқындауы. Мәселені шешу кезеңінің міндеттері. Қақтығыс кезіндегі келіссөздер. Қақтығыстарды бейбіт түрде шешу.

Аса жоғары, жоғары деңгейдегі келіссөздер және қорытынды құжаттары

Мемлекеттің аса жоғары, жоғары деңгейдегі ресми тұлғаларымен: монархтар, президенттер, премьер-министрлер, сыртқы істер министрлері және басқа да үкімет мүшелерімен, жоғары заң шығарушы және атқарушы билік өкілдерімен кездесулері. Жиі кездесулер, екіжақты саммиттер және де мерекелі күндердегі жоғары деңгейдегі келісімдер. Аса жоғары деңгейдегі келіссөздер жүргізуде бітістірушілік үрдісінің де орын алуы. Мәселенің табысты шешілуіне оңтайлы ықпал етуші фактор техникалық байланыс құралдары мен коммуникацияның дамуы. Ағылшын зерттеушісі Д. Данн келіссөздер үрдісіне жеке тұлғалардың әсер етуі туралы.

Келіссөздер кезінде аса жоғары, жоғары деңгейдегі қатысушылардың қол жеткізген келісімдері қате деп шешілсе, онда олардан бас тарту қиынға соғады, яғни келіссөздерге шектеулі сипат береді деген сөз. Аса жоғары, жоғары басшылардың қатысуымен өтетін келіссөздерді жүргізу үшін, алдын ала дайындық. Үкіметаралық келіссөздердің, сапарлардың қорытынды құжаттары:

бірлескен коммюнике, бірлескен мәлімдеме, бірлескен декларация, шарттар, келісімдер және т.б. Келіссөздер нәтижесінде баспасөз мәжілістерін өткізу.

Халықаралық келіссөздерді жүргізудің қағидалары мен ережелері

БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 1998 ж. желтоқсанындағы қарары: «Халықаралық келіссөздер жүргізудің қағидалары мен қондырғысы». Келіссөздердің адал жүргізілуі. Келіссөздердің мақсаттары мен мәселелері БҰҰ жарғысының, халықаралық құқық заңнамаларының қағидаларына сәйкес болуы. Келіссөздерде қолайлы көңіл күйді сақтау. Халықаралық келіссөздер жүргізу барысында мемлекеттердің “өзін-өзі ұстау (тәртіп) ережесін” сай болуы. Келіссөздер барысында “жеке тұлға” факторын есепке алу. Адам факторын ескеру – осының үш құрамдас бөлшегін ескеру: зейіннің қабылдауы, сезім (эмоция), қарым-қатынас. Мәліметті қабылдау. Сұхбаттасу, пікір алмасу. Мүдде және ұстаным. Балама жолдар іздестіру. Ресейлік ғалым В.А.Кременюктің қазіргі кезеңдегі халықаралық келіссөздер жүйесіне тән сипаттары. Аамерикалық ғалым Р.Фишер ұғымы. Келіссөздерге тәжірибелі мамандар мен сарапшылардың қатысуы.

Мәселеге қатысты әртүрлі түсініктің ара-қатынасы тым алшақ болмау үшін қарсылас тараптың орнына өздеріңізді қоя білу. Келіссөздер жүргізу кезінде адамға тән сезімге көңіл бөлу. Қарсылас тараптың айтайын деген ойын айқындау.Қарсылас әріптестеріңіздің ойын өзіңше жеткізуге талпыну. Келіссөздердің соңында түйіндей білу. Келіссөздер барысында “Мен-Біз” ұғымын ұтымды пайдалана білу. Келіссөздер барысында тиімді нәтижеге жету үшін алдын-ала жобалау мен алғашқы байланыстар. Алдын-ала өтетін келіссөздерде әріптестер арасындағы байланысты қалыптастырудың алты ережесі. Келіссөздер кезінде сауал қоя білу. Ақпараттық- мәлімет жинау және мәселені түсіну. Бақылау. Бағыттаушы - жағымсыз бағытқа жібермеу, өз арнаңда ұстау. Арандату – мақсатын білу немесе қыр көрсету. Балама –әріптеске таңдау мүмкіндігін беру. Келіссөздер жүргізуге арналған жаттығулар.

Келіссөздер үрдісіндегі ұлттық мәдени ерекшеліктердің мәні мен рөлі

Халықаралық келіссөздер үрдісіне мәдениеттің әсері. Мәдени ерекшеліктерді түсіну. Әртүрлі әлем халықтарының ұлттық протоколының ерекшеліктері. Ұлттық мәдениетіне тән әдет-ғұрыптары. Келіссөздер үрдісі және оған қатысушылардың ерекшелігі. Мәдени ерекшеліктерімен ерекшеленетін келіссөздердегі мәселелерді шешу үрдісі. ҚР дипломатиялық протоколының негізгі ұстанымдары: мемлекеттің егемендігін құрметтеу; теңдік; аумақтық тұтастық, ішкі істерге арласпау. Дипломатиялық протокол нормаларын сақтаудың ұлттық ерекшеліктері. Келіссөздердің ұлттық стилі жөнінде: (М. Берман,У. Зартман, Г. Зонненфельд, Р. Фишер, Р. Коэн, К. Йонссон, Л. Слосс, У. Кванд, Д. Макдональд, Р. Соломон, М. Лебедева). Келіссөздердің ұлттық стилі ұғымы. Келіссөздердің ұлттық стилінің айырмашылығы: өкілдерді құрастыру және олардың өкілеттілігі. Құнды қондырғылар мен бағдарлар. Келіссөзге

қатысушылардың өз-өзін ұстауы. Келіссөздердің ұлттық стилі. Келіссөздер жүргізудің жеке тұлғалық стилі. Халықаралық келіссөздерге қатысушы дипломаттардың жеке тұлғалық кәсіптік қасиеті. Дипломатиялық өкілдің келісушілік қасиеті. Келіссөздердің барысы мен нәтижесіне қатысушылардың жеке бас қасиетінің әсері. Ағылшын дипломаты Г.Никольсонның «Дипломатия» атты еңбегіндегі «Өте оңды (идеальный) дипломат» тарауы.

Келіссөздер этикеті

Қоғамдағы этикет рөлі: тарихи және әлеуметтік дамуы, қоғамдағы этикет қызметі. Этикет ережелері. Этикеттің әлеуметтік қызметі: жеке қатынастағы шиеленісті жағдайдың алдын алу, психологиялық шиеленісті бәсеңдету.

Іскерлік кездесу, сұхбаттасушыға көңіл бөлу, өкілдер жетекшісіне назар аудару. Дипломатиялық өкілділікте іскерлік қатынас стилін қалыптастыру. Дипломатиялық өкілділіктерде ресми қонақтарды қабылдау этикеті. Топтық ынтымақтастық және іскерлік қарым-қатынас. Іскерлік қарым-қатынас кезеңдері. Әріптеспен қатынасты орнату жолындағы кедергіні жеңе білу. Ортақ сұхбаттасу тақырыбыен таба білу. Келіссөздер этикеті. Тиімді келіссөздер жағдайын жасай білу. Келіссөздер тәртібі, протоколы. Шетелдік өкілдерді қарсы алу, орналастыру мәселесі, кездесу бағдарламасы, алдын-ала келісімдер, кездесу алаңын дайындау және келіссөзге қатысушыларды жайғастыру, келіссөз жүргізу үрдісі, келіссөздердің жазбасын жүргізу, әр елдің өкілдерін қабылдаудағы ерекшеліктер. Қарсы алу этикеті.

Дипломатиялық сұхбаттасудың сындарлы тәсілдері

Іскерлік кездесулер: сұхбаттасу күйінде және келіссөздер түрінде. Келіссөздер жүргізу техникасы. Келіссөздер жүргізуде – үлкен өнер болғандықтан, психология, социология, саясаттану, заңнамалық, іскерлік этикет негіздерін білу қажеттілігі. Пікір талас сәтінде сөз таба білуге баулу. Қайшылықты жағдайдың алдын алу. Қажетті сөздер мен сөзтіркестерін орынды пайдалана білу. Белгілі қайраткерлердің, ғалымдардың сөздерін қолдану. Дәйектеме таба білу, көп мағыналы сөздерді орынды пайдалану. Кездесуді жүргізу ережесінде іскерлік этикетті қоса білу. Көпжақты келіссөздердің, мәслихаттардың, мәжілістердің этикеті.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1.Дипломатия - халықаралық келіссөздердің құралы ретінде.
2. Халықаралық келіссөздердің құрылымы мен қызметі.
3. Жаһандық күн тәртібі және келіссөздер түрлері.
4.Келіссөздердің негізгі сатылары мен кезеңдері.
5.Келіссөздер жүргізудің стратегиясы мен тактикасы.
6.Келіссөздер және ақпараттық-сараптамалық қызмет.

7. Келіссөздер қақтығыстарды реттеу құралы ретінде.

8. Бітістірушілік.

9.Халықаралық келіссөздер барысындағы өзара араласудың мәдениеті мен техникасы.

10.Көпжақты келіссөздер.

11.Келіссөздер жүргізудің протоколдық және процедуралық сипаты.

12.Келіссөздердің психологиялық және бейресми құрамдас бөліктері.

13.Келіссөздер жүргізудің тәжірибесі және қорытынды келісім құжаттары.

14.Келіссөздер жүргізудегі ұлттық ерекшеліктері.

15. Қазақстанның халықаралық өзекті мәселе бойынша келіссөздердегі ұстанымы.

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Халықаралық мәслихаттар жағдайындағы келіссөздер үдерісінің ерекшеліктері.

2. Қазіргі келіссөздер үдерісіндегі ақпараттық технологиялар.

3. Көпдеңгейлі келіссөздер құрылымының дамуы.

4. ЕО шеңберіндегі мүдделер келісімінің келіссөздік құрылымы.

5. Қақтығыстарды реттеудегі келіссөздер құралдарына салыстырмалы сараптама.

СТУДЕНТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Келіссөздер жүргізудің ұлттық стиліне салыстырмалы сараптама.

2. Көпжақты келіссөздер тәжірибесінің дамуы.

3. Дипломатия келіссөздер үдерісі ретінде.

4. Қарулы қақтығыстарды шешу барысындағы мүмкіндіктер мен шеңбері. 5. Ынтымақтастық жағдайындағы келіссөздер үрдісі.

6. Келіссөздер барысындағы айла-амал мәселесі.

7. Бір мәрте және тұрақты өзара әрекет жағдайындағы келіссөздер.

8. Келіссөздерді ашық жүргізу мәселелері.

9. Қазіргі халықаралық келіссөздердің дамуындағы негізгі үрдістер.

10. Қазіргі әлемдегі аса жоғары деңгейдегі келіссөздердің рөлі.

11. Қақтығыстар жағдайындағы тараптар мүдделерінің «айналы бейнесін» келіссөздер үдерісіне бөгет ретінде қабылдануы.

12. Халықаралық келіссөздер үдерісі жаһандық жетекшілікте.

13. Әртүрлі мәдениеттегі келіссөздер ерекшеліктері.

14. Келіссөздер үдерісі және қысым көрсету.

15. Қазіргі әлемдік саясаттағы бітістірушілік мүмкіндіктері мен шектеуліктері.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Закон Республики Казахстан “О дипломатической службе от 13.03. 2002 г.”

2. Василенко И.А. Международные переговоры. – М.: Издательство Юрайт, 2013.

3. Василенко И.А. Искусство международных переговоров: Учебное пособие. - М. : Научная книга, 2014.

4. Дубинин Ю.В. Мастерство переговоров. – М., 2009.

5. Әліпбаев А.Р. «Халықаралық келіссөздер». Оқу құралы. –Алматы, 2012.

6. Лебедева М.М. Технология ведения переговоров. – М.: Аспект Пресс, 2010

Қосымша:

1. Фишер Р., Юри У. Путь к согласию, или переговоры без поражения: Пер. с анг. М.: Наука, 1990. Новейшая история стран Азии и Африки. / Под ред. А.М. Родригеса. - М., 2004

2. Попов В.И. Современная дипломатия : теория и практика: дипломатия - наука и искусство : курс лекций. – М,. 2016.

3. Демин Ю.Г. Статус дипломатических представительств и их персонала. Учебное пособие. – М: «Международные отношения», 2010.

4. Әліпбаев А.Р. «Дипломатиялық құжаттама». Оқу құралы. –Алматы, 2009.

5. Шеретов С. Г. Ведение международных переговоров. - Учебное пособие. - 2-ое изд. - Алматы: КОУ, 2007. — 164 с.

6. Дипломатическая служба РК.Под об.ред. К.К.Токаева. А.,2004.

7. Современные международные отношения. Учебник/ под общ. ред. Торкунова А.В., Малыгин А.В. – М: «Аспект Пресс», 2012.

8. Косов Ю.В. Мировая политика и международные отношения. Учебное пособие. – С-Пб: «Питер», 2012.

9. Попов В.И. Современная дипломатия. Теория и практика. – М.: Научная книга, 2011.

10. Файзуллаев А.А. Дипломатические переговоры. – Ташкент: Университет мировой экономики и дипломатии, 2007.

11. Кац Д.В. Переговоры и посредничество: инструменты повседневной деятельности международника. СПб.: СпбУ, 2005.

12. Әліпбаев А.Р.,Бөжеева Б.З. «Халықаралық қақтығыстар және оларды реттеу жолдары». Оқу құралы. –Алматы, 2016.

13.Әліпбаев А.Р.,Бөжеева Б.З. «Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының хронологиясы». Хрестоматия. –Алматы, 2016.

DK 3207 – ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАМА

Көлемі 3 кредит

Авторлары:
Әліпбаев А.Р. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Чукубаев Е.С. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Пікір жазғандар:
Каратаева Л.Р. – тарих ғылымдарының кандидаты, ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары
Нұрдаулетова С.М. – тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

“Дипломатиялық құжаттама” пәні “5В020200 – халықаралық қатынастар” мамандығының типтік оқу жоспарының Мемлекеттік стандартына сәйкес осы мамандықта оқитын студенттер үшін арнайы негізгі пән болып табылады. Пән қолданбалы сипатқа ие және студентерді дипломатиялық қатынас хаттарын және дипломатиялық құжаттарды жазу үшін дипломаттардың кәсіби қызметіндегі тәжірибелік дағдысын қалыптастыруға бейімдейді.

Пәнді игеру барысында студент:

дипломатиялық құжаттар екі елдің сыртқы саяси мекемелері арасындағы, шетмемлекеттердің дипөкілдіктері мен қабылдаушы елдің мемлекеттік мекемелері арасындағы, мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері мен халықаралық мемлекетаралық ұйымдардың басқарушы органдарымен, шетелдік дипломаттар мен қабылдаушы елдің мемлекеттік және қоғам қайраткерлері арасындағы байланыс көзі болып табылатындығы, сонымен бірге дипломаттардың ішкі ведомстволық хат-хабар жазысу ұғымын білдіретіндігі жөнінде *түсінігі болуға тиіс;*

негізгі дипломатиялық ұғымдар мен терминологияны, мемлекеттер және халықаралық қатынастардың басқа да субъектілері арасындағы қатынас көздері болып табылатын ресми құжаттарды, мемлекеттің, мекемелер мен ұйымдардың сыртқы саясат саласындағы ішкі құжаттарын *білуге тиіс*;

дипломатиядағы негізгі қағидаларға, ережелер мен өлшемдерді дайындауға, ресімдеуге және дипломатиялық құжаттар мен қатынас хаттарымен іс жүргізуге *үйренуі тиіс;*

дипломатиялық құжаттаманы ресімдеуге және жазуға қойылатын талаптар мен өзіндік ахуалға сәйкес студенттерде дипломатиялық құжаттарды құрастыруға *дағдылануы тиіс.*

дипломатиялық құжаттар мен қатынас хаттарының типтерін және түрлерін саралауға, дипломатиялық құжаттардың құрылымын айқындауға *құзыретті болуы тиіс.*

Сондай-ақ пән көлемінде студенттерге ақпараттық-талдау жұмыстарының әдістемесі жөнінде, ақпараттық базаны құрастыру тәсілі және онымен жұмыс жасау, ақпараттық-талдау және сараптау құжаттарын жазу жөніндегі негізгі білім беріледі.

Пәннің пререквизиттері: “Дипломатиялық және консулдық қызмет”, “Қазақстан Республикасының консулдық қызметі”, “Дипломатиялық протокол және этикет”.

Пәннің постреквизиттері: “Көпжақты дипломатия”, “Халықаралық қатынастардың қазіргі мәселелері”.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

	Кіріспе
1.	Дипломатиялық тіл және оның ерекшеліктері
2.	Дипломатиялық құжаттарды жазуға және ресімдеуге қойылатын талаптар
3.	Дипломатиялық құжаттардың құрылымы және протоколдық сөз орамдары
4.	Дипломатиялық құжаттардың мағыналы өзегі
5.	Дипломатиялық құжаттардың дәйектеме бөлімі
6.	Дипломатиялық құжаттардағы дерек келтірілетін бөлімді ресімдеу
7.	Дипломатиялық қатынастардағы хат-хабар жазысу құжаттары
8.	Аса жоғары, жоғары деңгейдегі кездесулердің, халықаралық мәжілістердің, ресми іс сапарлардың, келіссөздердің қорытынды құжаттары
9.	Халықаралық шарттар
10.	Дипломатиялық құжаттар негізінде мемлекеттердің хат арқылы байланысының жаңа түрлері
11.	Келіссөздер мен іс сапарларға байланысты дайындалатын дипломатиялық құжаттар
12.	Ішкі ведомстволық құжаттардың түрлері
13.	Дипломатиялық сұхбат және жазу мен ресімдеу әдістері
14.	Ақпараттық - талдау жұмысының әдістемесі

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

“Дипломатиялық құжаттама” пәні “халықаралық қатынастар” мамандығы бойынша оқитын студенттер үшін арнайы негізгі пән болып табылады.

Пәннің мақсаты: студенттерді негізгі қағидаларға, ережелер мен өлшемдерді құрастыруға, ресімдеуге және дипломатиялық құжаттар мен қарым-қатынас хаттарымен іс жүргізуге үйрету.

Осы мақсаттарға жету үшін пән шеңберінде келесі міндеттер жүзеге асырылады:

- студенттерді дипломатиялық құжаттар және қарым-қатынас хаттарының типтерімен және түрлерімен таныстыру;
- дипломатиялық тәжірибедегі дипломатиялық құжаттардың қызметі мен рөлін көрсету;
- студенттерді дипломатиялық құжаттардың құрылымымен таныстыру;
- дипломатиялық құжаттарды ресімдеуге және жазуға қойылатын талаптар мен өзіндік ахуалға сәйкес студенттерде дипломатиялық құжаттарды құрастыру дағдысын қалыптастыру;
- дипломатиялық құжаттарды жазу барысында студенттердің дипломатиялық терминологияны пайдалана білу дағдысына үйрету.

Сондай-ақ пән көлемінде студенттерге ақпараттық-талдау жұмыстарының әдістемесі жөнінде, ақпараттық базаны құрастыру тәсілі және онымен жұмыс жасау, ақпараттық-талдау және сараптау құжаттарын жазу жөніндегі негізгі білім беріледі.

“Дипломатиялық құжаттама” пәні студенттерге халықаралық саладағы мемлекеттік және мемлекеттік емес әртүрлі ұйымдарда қызмет ету үшін қажетті тәжірибелік білім алуға мүмкіндік береді.

Негізгі қарастырылатын мәселелер: дипломатиялық құжаттардың түрлері; ішкі мекемеаралық құжаттар; мемлекетаралық ресми қатынастарды жүзеге асыратын құжаттар; дипломатиялық қызметтің түрлері және дипломатиялық құжаттардың үлгілері; "дипломатиялық тіл" түсінігі; Дипломатиялық тілдің даму тарихы; дипломатиялық қатынастардың қазіргі ресми тілдері; дипломатиялық тілдің ерекшеліктері; дипломатиялық құжаттарды жазу және толтыру; дипломатиялық хат алмасудың тәртібі; дипломатиялық құжаттың реквизиттері мен дипломатиялық пошта; дипломатиялық құжаттың құрылымы; протоколдық сөз орамдары, рөлі, міндеттері; дипломатиялық құжат мәтініннің мағыналық өзегі: рөлі, міндеттері, толтыру; мағыналық өзегіне байланысты құжаттардың түрлері; дәйектемелік бөлімі: рөлі, міндеттері, ресімдеу үлгілері; деректер келтірілетін бөлім: рөлі, міндеттері; дипломатиялық хат-хабар жазысу құжаттары және оның түрлері; дипломатиялық ноталарды, естелік жазбаларды, меморандумды, жартылай ресми жеке хатты жазудың тәсілдері; Декларация. Үкімет мәлімдемесі. Халықаралық мәжілістер мен халықаралық ұйымдардағы мемлекеттер өкілдерінің мәлімдемелері мен сөз сөйлеуі. Жеделхат. Келіссөздерге әзірленетін құжаттар тізімі, сипаты. Оларды толтырудағы талаптар. Аса жоғары дәрежедегі кездесулер, сапарлар мен конференциялардың қорытынды құжаттары және т.б.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Дипломатиялық тіл және оның ерекшеліктері

“Дипломатиялық тіл” түсінігі. Дипломатиялық тіл дипломаттардың ауызша және жазбаша түрдегі қатынастарда қолданатын тілі ретінде. Дипломатиялық қатынастар барысындағы жалпы тіл ретіндегі латын тілінің рөлі. Дипломатия тарихындағы француз тілінің рөлі. Дипломатиялық қатынастардағы қазіргі ресми тілдер. Тілмаштар (аудармашылар) институты, олардың қызметі және дипломатиялық келіссөздердегі рөлі. Дипломатиялық тіл дипломатиялық сөздіктің техникалық сөз орамы ретінде. Дипломатиялық тілге қойылатын талаптар, дипломатиялық тілдің ерекшеліктері. Сөздің дипломатиядағы мәні мен беделі.

Дипломатиялық құжаттарды жазуға және ресімдеуге қойылатын талаптар

Жазбаша дипломатиялық қатынастар барысында дұрыс дипломатиялық құжат түрін таңдай білу. Дипломатиялық құжат түрінің оның мазмұнына сәйкес келуі. Дипломатиялық құжаттағы “дұрыстық пен рухты” сақтау. Әрбір дипломатиялық құжатқа жауап беру қажеттілігі. Дипломатиялық құжатта қаратпа сөзді ресімдеу талабы. Құжат жолданған адамның ата тегі мен дәрежесінің дұрыс жазылуы. Дипломатиялық құжаттың сыртқы көрінісі. Дипломатиялық құжаттың реквизиті. Дипломатиялық пошта.

Дипломатиялық құжаттардың құрылымы және протоколдық сөз орамдары

Дипломатиялық құжаттардың бағытталуы. Дипломатиялық құжаттардың екі бағытта жолдануы. Үкімет - дипломатиялық құжаттың бірінші адресаты ретінде. Халық - дипломатиялық құжаттың екінші адресаты ретінде. Дипломатиялық қатынастағы екінші бағыттың рөлі. Халықаралық қауымдастыққа арналған дипломатиялық құжаттардың бағытталуын ресімдеуге қойылатын талаптар. Екіжақты сипатқа ие дипломатиялық құжаттардың бағытталуын ресімдеуге қойылатын талаптар. Дипломатиялық құжаттардың халыққа жолдануы. Дипломатиялық құжаттардың мағыналық құрылымы: протоколдық сөз орамдары, мағыналы өзегі, дәлелдеу бөлімі, дерек келтірілетін бөлім. “Протоколдық сөз орамы” түсінігі. Дипломатиялық құжаттардағы протоколдық сөз орамының қызметі мен рөлі. Протоколдық сөз орамы қолданылатын дипломатиялық құжаттар. Ең кең таралған протоколдық сөз орамдары. Нотада, есте сақтау жазбаларында, үкімет басшыларының жеке арнауларында протоколдық сөз орамдарын дұрыс ресімдеу. Протоколдық сөз орамдарын рұқсатнама алу мәселелеріне қатысты ноталарда ресімдеу ерекшеліктері. Халықаралық қатынастар тәжірибесінде протоколдық сөз орамдарын пайдаланбайтын сәттер.

Дипломатиялық құжаттардың мағыналы өзегі

Мағыналы өзектің қызметі мен рөлі. Ішкі мазмұнына қарасты дипломатиялық құжаттардың түрлері. Мазмұны жағынан наразылық білдіретін дипломатиялық құжаттар. Ұсыныс жасауды білдіретін дипломатиялық құжаттар. Мүмкін болатын жауап қадамды ескертетін дипломатиялық құжаттар. Мемлекеттің халықаралық-құқықтық немесе саяси ұстанымын айқындайтын құжаттар. Іс-шара жөнінде хабарлайтын құжаттар. Келіскендікті ресімдейтін дипломатиялық құжаттар.

Дипломатиялық құжаттардың дәйектеме бөлімі

Дипломатиялық құжаттардағы дәйектеме бөлімінің қызметі мен рөлі. Келіссөздер барысындағы "тікелей қарым-қатынас" - дипломатиялық құжаттардағы дәйектеме бөлімінің негізі. Екіжақты қатынастарды қамтитын құжаттардағы дәйектеме бөлімін жазуда қойылатын талаптар. Көпжақты сипаттағы қатынастарды қамтитын құжаттардағы дәйектеме бөлімін жазуда қойылатын талаптар. Мемлекеттердің қандайда бір мәселеде ұсыныс жасау барысына түрткі болған деректі дәлелдеу. Қарсыдәлел және оны дәйектеме бөлімінде келтіре білу. Дәйектеме бөліміндегі дерек келтірудің рөлі. Екінші жақтың құжатына жауап болып табылатын дипломатиялық құжаттардағы дәйектеме бөлімін ресімдеу.

Дипломатиялық құжаттардағы дерек келтірілетін бөлімді ресімдеу

Дипломатиялық құжаттардағы дерек келтірілетін бөлімдер, негізгі кескіндері мен ерекшеліктері. Дипломатиялық құжаттардың деректік бөлімін жазу және оны ресімдеуге қойылатын талаптар. Дерек келтірілетін бөлімнің қызметі мен рөлі. Деректік бөлімді жазу барысында деректі сұрыптай білу, оны жіктеп, сараптап, дипломатиялық құжатта орын тәртібін белгілеу.

Дипломатиялық қатынастардағы хат-хабар жазысу құжаттары

Дипломатиялық қатынастардағы хат-хабар жазысу барысында дайындалынатын құжат түрлері. Дипломатиялық нота - дипломатиялық қатынас хаттарының негізгі түрі. Нотаның түрлері. Вербальды нота, жеке нота. Дипломатиялық ноталарды жазу тәсілі. Есте сақтау жазбаларының түрлері. Есте сақтау жазбаларын жазу тәсілі. Меморандум. Меморандум түрлері. Меморандум жазу тәсілдері. Жартылай ресми сипаттағы жеке хат. Жартылай ресми сипаттағы жеке хатты жазу барысында қойылатын талаптар. Мемлекет басшыларының жеке арнаулары мен сыртқы істер министрлерінің хаттары. Оларды ресімдеу тәсілдері.

Аса жоғары, жоғары деңгейдегі кездесулердің, халықаралық мәжілістердің, ресми іс сапарлардың, келіссөздердің қорытынды құжаттары

Дипломатиялық қорытынды құжаттардың түрлері. Коммюнике. Коммюникенің рөлі, дипломатиялық тәжірибедегі оның қызметі. Дипломатия

тарихындағы коммюнике жөніндегі түсініктің өзгеруі. Мемлекет басшыларының бірлескен мәжілістері, оның рөлі мен мәні.

Бірлескен мәлімдеме. Декларация (көпжақты және екіжақты). Коммюнике, Бірлескен мәлімдеме, Декларация арасындағы айырмашылық. Дипломатиялық тәжірибедегі қандайда бір қорытынды құжаттың дайындалуы мен қол қойылуы. Қорытынды құжаттардың тілі. Қорытынды құжаттардың тақырыптық мазмұны. Аса жоғары деңгейдегі кездесулердің, мәжілістердің, ресми іс сапарлардың қорытынды құжаттарында кең көлемде қолданылатын сөз орамдары. Қорытынды дипломатиялық құжаттардың протоколдық бөлімін ресімдеу ерекшеліктері. Қорытынды құжаттарды дайындауда және жариялауда қойылатын талаптар.

Халықаралық шарттар

Халықаралық келісімшарттар, келісімдер – келіссөздер нәтижесіндегі қорытынды құжаттар. Келісімшарттың анықтамасы мен түрлері. Халықаралық келісім шарттардың құқықтары жөніндегі Вена конвенциясы (23 мамыр, 1969 ж.) «Қазақстан Республикасының халықаралық келісім шарттарға келу, жүзеге асыру және жою тәртібі туралы» заңы. Халықаралық шарттардың топтамасы; Қатысушы тараптардың шеңберіне байланысты: екіжақты, көпжақты: шектелмеген, шектелген. Басқа да қатысушылардың қосылу мүмкіндігіне қарай: жабық, жартылай ашық, ашық. Халықаралық шарттардың құрылымы. Халықаралық шарттардың атауы, кіріспе немесе преамбула, қатынасты реттеуге қатысты нормативті ережелерден тұратын негізгі (орталық) бөлім және қорытынды ереже халықаралық шарттар құрылымының негізгі құрамдас бөліктері. Кіріспе немесе преамбула - шарттың маңызды бөлімдерінің бірі. Негізгі бөлімдегі тараптардың келісімге келген мәселе бойынша жүктелген міндеттемелері, шарттары, анықтамаларына сараптама. Халықаралық шарттарды ресімдеу сатылары. Депозитарийлер, олардың міндеттері.

Дипломатиялық құжаттар негізінде мемлекеттердің хат арқылы байланысының жаңа түрлері

Дипломатиялық құжаттардың мемлекеттік дипломатиялық қызмет түріне сәйкес келуі. Декларация, дипломатиялық құжаттың бұл түрінің ерекшелігі. Үкіметтің (Сыртқы істер министрлігінің) мәлімдемесі, оның ерекшеліктері. Баспасөзге арналған мәлімдеме. Халықаралық мәжілістердегі және халықаралық ұйымдардағы мемлекеттердің өкілдерінің мәлімдемелері мен баяндамалары. Дипломатиялық тост (ресми тілек айту). Жеделхат.

Келіссөздер мен іс сапарларға байланысты дайындалатын дипломатиялық құжаттар

Келіссөздер - мемлекеттердің сыртқы саяси мақсаттарын жүзеге асыру жолындағы маңызды құралы. Дипломатиялық келіссөздер әдісінің мәні. Екіжақты және көпжақты келіссөздер, оларды жүргізу тәсілдері. ҚР СІМ өкілдерінің шетелдік елдермен болатын келіссөздер күнтәртібінде қойылатын халықаралық

мәселелердің тақырыптары. Келіссөздерге дайындалатын құжаттар тізімі, сипаты. Оларды ресімдеуге қойылатын талаптар. ҚР СІМ қызметкерлерінің аса жоғары және жоғары деңгейдегі ресми іс сапарларға қатысты дайындайтын құжаттары, олардың сипаты. Ресми іс сапар бағдарламаларын дайындау. Халықаралық келіссөздер тәжірибесінде ауызша жасалынатын «джентельмендік келісім». Нысанына қарай топтау. Халықаралық келіссөздерде дайындалатын шарттар, ондағы қаралатын нысанға байланысты шарттардың үш үлкен тобы: саяси шарттар, экономикалық және мәдениет, ғылым мен басқа да арнайы мәселелер жөніндегі шартттар. Бітімгершілік шарттар түрлері: алдын-ала және ақырғы, қорытынды; жалпы және оңаша, жеке-дара. Қорытынды құжаттарды дайындауда және жариялауда қойылатын талаптар.

Ішкі ведомстволық құжаттардың түрлері

Ішкі ведомстволық құжаттардың түрлерін анықтау. Жылдық саяси есеп. Жылдық саяси есептің құрылымы. Жылдық саяси есепті жазу әдістері мен мәні. Жылдық саяси есепті жазу ерекшеліктері. Консулдық мекемелердің жылдық саяси есептері. Саяси хаттар. Ақпараттық хаттар. Саяси хаттар мен апараттық хаттардың ұқсастықтары мен ерекшеліктері. Баспасөзге шолу. Баспасөзге шолу құжаттарының маңыздылығы. Ақпараттық-талдау құжаттарының түрлері және оларды ресімдеу. Ақпараттық жазба. Талдау жазбасы. Талдау мақаласы. Талдау баяндамасы. Дипломатиялық сұхбат жазбасы. Саяси мінездеме. Мінездеменің негізгі бөлімі: оның саяси, қоғамдық қызметіне, оның көзқарастарына, елдегі саяси рөліне арналуы. Жедел құпия хаттар. Елдің өз дипломатиялық өкілдігі мен министрлігі арасында күнделікті дайындалатын құжаттарының қатарына жататын шартты белгімен жазылатын жеделхаттар. Шартты белгімен жазылатын жеделхаттарды дайындау Жазу тәсілдері. Консулдық қызметте дайындалатын ішкі құжаттар. Қандайда мәселені айқындау үшін немесе мәселеге қатысты ұсыныс жасалуы - Қызметтік жазба арқылы жүзеге асуы.

Дипломатиялық сұхбат және жазу мен ресімдеу әдістері

“Дипломатиялық сұхбат” түсінігі. Дипломатиялық сұхбат – дипломаттардың жұмыс түрі ретінде. Дипломатиялық сұхбаттың рөлі мен қызметі. Дипломатиялық сұхбат түрлері. Жеке белсенділігі негізінде өткізілген дипломатиялық сұхбат. Сыртқы істер министрлігі аппаратының тапсырмасы негізінде өткізілген дипломатиялық сұхбат. Дипломатиялық күнделік. Сұхбатқа дейінгі алдын-ала дипломаттың қысқа тезисті дайындауы. Дипломатиялық сұхбаттың әдіс-тәсілі. Сұхбатты күнделікте атап өтуі. Дипломатиялық сұхбатты жазбаша түрде ресімдеуге қойылатын талаптар. Дипломатиялық сұхбаттың мәтінін орталыққа жіберу.

Ақпараттық - талдау жұмысының әдістемесі

“Ақпарат” түсінігі. Ақпараттық жұмыстың түрлері мен құралы. Талдау жұмысы. Талдау жұмысының түрлері мен құралы. Зерттеу ретіндегі ақпараттық-

талдау жұмысы. Ақпараттық-талдау құжаттарын дайындау барысындағы уақытша қозғаушы күштер: құжатпен танысу уақыты мен дайындаудағы уақыт есебі. В.Плэттің ақпараттық жұмыс жөніндегі тоғыз қағидасы. Зерттеудің ойлау деңгейі. Тапсырма мен жоспар. Тапсырманы басшылыққа ала отырып зерттеу жүргізу және оның жоспарға сәйкес келуі. Ақпараттық-талдау жұмысының қызметі. Ақпараттық-талдау жұмысы және сыртқы саяси шешімдерді қабылдау процессі. Зерттеу мәселесі, оның сыртқы шекарасын айқындау. Зерттеу ниеті. Мақсатты, міндетті және жұмыс болжамын анықтау. Зерттеу тақырыбы. Зерттеудің ақпараттық негізі және оны құруы. Компьютерлік техника арқылы мәліметтік негіз жинау. Жоспарлы түрде мәлімет жинау. Ақпарат іздеу және оның түрлері. Ақпараттың құжатты деректері. Ақпараттың құжатты деректерді іздеудің жүйелілігі.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Дипломатия және дипломатиялық қызмет.
2. “Дипломатиялық тіл” ұғымы. Дипломатиялық терминдер.
3. Дипломатиялық құжат түрін дұрыс таңдай білу және оларды ресімдеуге қойылатын талаптар.
4. Дипломатиялық нота - дипломатиялық қатынас хаттарының негізгі түрі.
5. Жеке нота. Вербальді нота. Жеке ноталарды жазу тәсілі
6. Мағыналы өзегіне сай іс жүзінде дипломатиялық ноталарды ресімдеу.
7. Жадынамалық жазбалар Меморандум және жеделхаттар: ресімдеуге қойылатын талаптар.
8. Халықаралық шарттар: мәні, топтамасы, ҚР заңы.
9. Халықаралық шарттар: құрылымы, ресімдеу сатылары.
10. ҚР СІМ тарапынан дайындалған ноталардың мағыналы өзегіне қарай сараптау және ресімдеу.
11. Коммюнике: түрлері, мәні және құрылымы.
12. «Келісім» ұғымы. Келісімдерді ресімдеу.
13. Ұсыныс жасауды және қарсылық немесе мүмкін болатын жауап қадамды ескертетін дипломатиялық құжаттар дайындау**.**
14. Белгілі қоғам қайраткерінің саяси мінездемесін дайындау және сараптау.
15. Дипломатиялық сұхбат жазбасы.

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. 1961 ж. дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясын саралау.

2. ҚР Дипломатиялық қызмет жөніндегі заңын (2002 ж.) сараптау.

3. «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 ж. 30 мамырдағы № 54 Заңы.

4. Халықаралық келісім шарттардың құқы жөніндегі Вена конвенциясы (1969 ж.).

СТУДЕНТТІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ОРЫНДАЛАТЫН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Дипломатиялық қызметтің құқықтық негіздері.
2. Біріккен Ұлттар Ұйымы қызметіндегі дипломатиялық тіл.
3. Дипломатиялық қатынастардағы қазіргі ресми тілдер.
4. Дипломатиялық терминдер мен сөз орамдарының жиынтығын сараптау.
5. Тілмаштар (аудармашылар) институты, олардың қызметі және дипломатиялық келіссөздердегі рөлі.
6. ҚР СІМ туралы қолданыстағы ережені саралау.
7. ҚР дипломатиялық өкілдіктер туралы заңнамасына шолу.
8. Дипломатиялық қатынастардағы хат-хабар жазысу құжаттарына шолу.
9. Мемлекетаралық қатынастардағы жеделхаттар түрлеріне шолу (Баспасөзден іздеу).
10. ҚР қолданыстағы халықаралық шартын саралау.
11. Дипломатиялық қорытынды құжатарды дайындауда және жариялауда қойылатын талаптар.
12. Конвенция ұғымы. Конвенцияны ресімдеу.
13. Шарт, келісім, конвенцияға салыстырмалы сараптама: дипломатиялық құжаттардың осы түрлерін ресімдеудегі ұқсастықтары мен айырмашылықтары.
14. Халықаралық мәжілістер мен халықаралық ұйымдардағы мемлекет өкілдерінің мәлімдемелері мен баяндамалары.
15. Маңызды халықаралық саяси оқиғалар бойынша апталық баспасөзге шолу жасау.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Венская конвенция о дипломатических сношениях от 18 апреля 1961 года // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/dip_rel.shtml

2. Венская конвенция о консульских сношениях и факультативные протоколы от 24 апреля 1963 года // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pdf/consular.pdf

3. Венская конвенция о праве международных договоров от 23 мая 1969 года // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/law_treaties.shtml

4. Закон Республики Казахстан «О дипломатической службе от 7 марта 2002 года» // http://ru.government.kz/docs/z020000299_20101227~1.htm

5. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 октября 2004 года № 1118. Вопросы Министерства иностранных дел Республики Казахстан (по состоянию на 22.10.2007 г.) // http://mfa.kz/ru/#!/legal-status/

6. Дипломатическая служба Республики Казахстан: учеб. пособие/ под общ. ред. К. К. Токаева; ред. совет А. Ю. Волков и др. - 2-е изд., испр. и доп. – Алматы: Дом Печати Эдельвейс, 2005.

7. Әліпбаев А.Р. «Дипломатиялық құжаттама». Оқу құралы. –Алматы, 2009.

Қосымша:

1. Лойко, Л. В. Дипломатическая переписка. - Минск, 2007.

2. История международных отношений. Учебник. В 3-х томах/ под общ. ред. Торкунова А.В. – М: «Аспект Пресс», 2012.

3. Современные международные отношения. Учебник/ под общ. ред. Торкунова А.В., Малыгин А.В. – М: «Аспект Пресс», 2012.

4. Попов В.И. Современная дипломатия: теория и практика. Дипломатия - наука и искусство. Курс лекций. – М: «Международные отношения», 2010.

5. Смағұлова Г.М., Төлеуова Б.Т. Дипломатиялық және консулдық қызмет. Оқу құралы. -Қарағанды, 2011.

6. Әліпбаев А.Р. «Халықаралық келіссөздер». Оқу құралы. –Алматы, 2012.

7. Исағалиев Қ., Исағалиев А.Қ. Дипломатия дәрістері. -Алматы, 2013.

8. Батырша-ұлы С. Дипломатиялық қызмет және халықаралық қатынастар. Оқулық. -Астана,2011.

9. Лапин Г.Э. Консульская служба. Учебное пособие. – М: «Международные отношения», 2012.

10. Әліпбаев А.Р.,Бөжеева Б.З. «Халықаралық қақтығыстар және оларды реттеу жолдары». Оқу құралы. –Алматы, 2016.

11. Әліпбаев А.Р.,Бөжеева Б.З. «Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының хронологиясы». Хрестоматия. –Алматы, 2016.

12. Официальный сайт Министерства иностранных дел РК// http://www.mfa.kz/

SPMO 4208 – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Көлемі 2 кредит

Авторлары:
Күзембаева Ә.Б. – тарих ғылымдарының кандидаты, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доцент м.а.
Деловарова Л.Ф. – доктор PhD, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доцент м.а.

Пікір жазғандар:
Кукеева Ф.Т. – тарих ғылымдарының докторы, аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры;
Нурша А.К. – тарих ғылымдарының кандидааты, ҚР Тұңғыш Президенті қорының жанындағы Әлемдік экономика және саясат институтының Халықаралық зерттеулер орталығының директоры

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

"Халықаралық қатынастардың қазіргі мәселелері" пәні жоғары оқу орындарында бастапқы даярлау мен білім беру процесінің маңызды бөлігі және осы саладағы мамандарды дайындауда міндетті компоненті болып табылады.

Оқыту мақсаты – халықаралық қатынастар мен жаһандық геосаяси және геоэкономикалық үрдістердің аясында туындайтын мәселелерді, әр түрлі саяси жүйелер, қоғам мен табиғат арасындағыжаңа үрдістерді оқытуда дағдыларды дамыту және қалыптастыру.

"Халықаралық қатынастардың қазіргі мәселелері" пәнін оқу алдында "Қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастар тарихы", "Әлемдік Интеграция процестері"және мамандық бойынша кіріспе пәндер оқытылады.

Пәнді оқу нәтижесінде білім алушыныңтүсінігі болуы қажет:

- курс пен мамандықтың іргелі ұғымдарының табиғаты туралы;
- қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың негізгі мәселелерін шешуде қабылданған әдістер мен теориялар туралы;
- жаһандану және басқа үрдістер контекстіндегі халықаралық қатынастар жүйесінің жұмыс істеу және қайта құру ерекшеліктері туралы.

Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы білуі қажет:

- Халықаралық қатынастар негізгі санаттары мен ұғымдарының ерекшеліктерін;
- жаһандық және өңірлік тұрғыда шешуді қажет ететін өзекті халықаралық мәселелердің туындауының жалпы себептерін;

- қазіргі таңда өзекті мәселелерді шешу бойынша басты теориялық тәсілдер мен институттарды.

- *Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы игеруге тиісті:*

- қажетті ұғымдық аппарытты пайдалану;

- қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың негізгі мәселелері контекстінде саяси жағдайды болжау және модельдеу;

- Халықаралық қатынастар жүйесі мен негізгі мәселелерді дамыту шеңберінде қажетті ақпаратты интерпретациялау және талдау.

Бағдарламаның мазмұны студенттердің қазіргі заманғы басты үрдістер мен мәселелерді, өзгеріп отырған геосаяси және геоэкономикалық ақиқатты зерттеудегіқажеттіліктерімен анықталады.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырыптың аты
1	Кіріспе
2	Жаһандану үрдістері мен қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың өзекті мәселелері
3	Қазіргі халықаралық қатынастардағы қауіпсіздік және тұрақтылық мәселесі
4	Халықаралық қатынастардың қазіргі заманғы жүйесіндегі қарусыздану мәселесі (жаппай қырып-жою қаруын халықаралық бақылау режимдерінің құқықтық реттелуі (ЖҚҚ)
5	Халықаралық лаңкестік қауіпсіздіктің жаһандық үрдісі ретінде
6	Тұрақты даму халықаралық қатынастардың тұжырымдамасы ретінде
7	Әлемдік саясатқа БАҚ пен коммуникацияның ықпалы
8	Адам құқығын қорғау және қамтамасыз ету мәселесі
9	«Солтүстік» пен «Оңтүстік» арасындағы алшақтық мәселесі
10	Қазіргі халықаралық қатынастардағы энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері
11	Климаттың жаһандық өзгеруі және қоршаған ортаны қорғау проблемалары
12	Демографиялық теңгерімсіздік және бақыланбайтын көші-қон ағындардың мәселесі
13	Әлемдік саясаттағы әлемдік орталықтар және жетекші мемлекеттер
14	Әлемдік және аймақтық деңгейдегі интеграция мен денинтеграция мәселелері
15	Әлемнің әр түрлі аймақтарындағы халықаралық қатынастар мәселелері

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Пәннің негізгі мазмұны. Пәннің әдіснамасы. Деректермен, анықтамалық материалдармен, электрондық ресурстармен жұмыс жасау. Пән аясында интерактивті әдістерді пайдалану.

"Халықаралық қатынастардың қазіргі мәселелері" пәнінің негізгі мақсаты – студенттерді халықаралық қатынастардың жаһандық мәселелер табиғатымен, қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастар жүйесіндегі басты үрдістер мен ерекшеліктері және жаһандық өзгерістердің серпінімен таныстыру.

Курсты оқу барысында жекелеген аймақтардың және жалпы әлемнің дамуын ескере отырып, қазіргі заманғы халықаралық қарым-қатынастардың мәселелерінің мазмұны мен типологиясын жалбы заңдардың күрделі саяси құбылыстары ретінде анықтау маңызды.

Басты міндеттер:

- Халықаралық қатынастардың жаһандық мәселелеріне саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени және идеологиялық қарым-қатынастарың және т.б. жұмыс істеуінің заңдарын түсіне отырып халықаралық, жан-жақты талдау жасау;
- студенттерге жаһанданудың қазіргі заманғы процестері мен халықаралық қатынастарды әртараптандыру арасындағы қарым-қатынастарының түсінігін беру;
- теориялық және қолданбалы зерттеулер дағдыларын тереңдету;
- саяси жағдайларды болжау және модельдеу дағдыларын тереңдету.

Пәннің зерттеу объектісі - жылдам өзгеріп жатқан шындықтар контекстініндегіқазіргі заманғы халықаралық қатынастар болып табылады.

Бұл курс қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың кейбір теориялық және практикалық аспектілерін халықаралық қатынастардың нақты мәселелерін, осы мәселелердің негізгі дереккөздерін, олардың типологиясы мен ықтимал шешімдеріне амалдарды талдауға назар аударту арқылы зерделейді.

Осы пәнді оқу барысында алынған білімдер мамандарға кәсіби қызметіндегі, ғылыми және практикалық жұмысындағы ағымдағы мәселелер контекстінде халықаралық қатынастардың түйін санаттарын пайдалануға мүмкіндік береді.

Пән студенттерге мүмкіндік береді:

- қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың дамуын терең біліп көруге;
- өзекті мәселелерді шешуде әр түрлі саяси акторлардың орны мен рөлін түсінуге;
- әр түрлі саяси (халықаралық және ұлттық) мекемелердің ағымдағы мәселелері мен іс-әрекеттеріне нақты талдау жасауға;
- бұқаралық ақпарат құралдарында және басқа да дереккөздерінде құжаттар, жарияланымдардың талдауын жасауға;

- әлемдік саяси процестердің негізгі факторлары мен үрдістерін талдау мен болжаудың әдіснамасы мен құралдарын пайдаланудың тәжірибелік дағдыларын игеруге.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жаһандану үрдістері мен қазіргі халықаралық қатынастардың өзекті мәселелері

Жаһандану процесі мен халықаралық қатынастардың жаңа үрдістерінің басты ерекшеліктері. «Жаһандану» ұғымы, негізгі көзқарастар. Экономикалық жаһандану. Қазіргі халықаралық қатынастар мәселелерінің түсінігі. Теориялық көзқарастар мен практикалық аспектілер. Мәселелер мен деңгейдің типологиясы мен жіктелуі және мәселелерді шешу мен алдын алудың халықаралық тетіктерін қалыптастыру.

Қазіргі халықаралық қатынастардағы қауіпсіздік және тұрақтылық мәселесі

Жаңа жаһандық фактілер контексіндегі «қауіпсіздік» ұғымын әртараптандыру. Қазіргі кезеңдегі қауіпсіздіктің жаһандық және аймақтық деңгейлері, жаңа көзқарастар және ой-пікірлер. Қазіргі кездегі қауіпсіздіктің әскери, саяси, экономикалық, экологиялық, мәдени, ақпараттық факторларының корреляциясы (арақатынастылығы). Қауіпсіздіктің гуманитарлық аспектілері. Қауіпсіздік және ынтымақтастық. Ұжымдық қауіпсіздік, оның құрылу шарттары мен негізгі мәселелері. Халықаралық қауіпсіздікті институттандыру (әскери бөлімдер, қауымдастықтар, ұйымдар). Халықаралық тұрақтылық түсінігі. Қауіпсіздік және тұрақтылық. Қауіпсіздіктің ұлттық, өңірлік және жаһандық тетіктерін қалыптастыру.

Халықаралық қатынастардың қазіргі заманғы жүйесіндегі қарусыздану мәселесі (жаппай қырып-жою қаруын халықаралық бақылау режимдерінің құқықтық реттелуі (ЖҚҚ)

Жаппай қырып-жою қаруын бақылаудың заманауи тәсілдемелері, құралдары және әдістері. Халықаралық құқық нормалары. Өңірлік жанжалдарды реттеу құрылымында кәдімгі қаруландыруды бақылау мәселелері. Сенімді нығайту жөніндегі шаралар. Әдеттегі қаруландыруды бақылау және Азия-Тынық мұхит аймағындағы сенімді нығайту бойынша шаралар. Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) және әдеттегі қаруландыруды бақылаудың өңірлік режимі. АӨСШК. Азиялық Аймақтық Форумда сенімді, АСЕАН қауіпсіздігін нығайту шаралары. Халықаралық келісімдер жүйесі мен осы келісімдерді енгізудің тетіктері ретінде ЖҚҚ-ны халықаралық бақылау режимдерін түсіну. Қазіргі кезеңдегі ядролық қарусыздандыру мәселелері. Қазіргі кезеңдегі ядролық тежеу саясатының рөлі: ядролық және ядролық емес мемлекеттердің жағдайы. Ядролық қауіпсіздітің өңірлік аспектілері. Солтүстік Корея мен Иранның ядролық

бағдарламалары. Ядролық қауіпсіздік қамтамасыз етудегі ядросыз аймақтардың рөлі. Қазақстанның бастамалары.

Халықаралық лаңкестік қауіпсіздіктің жаһандық үрдісі ретінде

Халықаралық лаңкестік 21-ші ғасырдың жаһандық қаупі ретінде. "Халықаралық лаңкестік" ұғымы. Қазіргі заманғы халықаралық лаңкестіктің қайнар көздері, себептері және ерекшеліктері. Халықаралық лаңкестікпен күрестегі халықаралық қауымдастық. Киберлаңкестіктің пайда болуы. Ядролық, химиялық, биологиялық терроризмнің қаупі. Халықаралық терроризм, халықаралық қылмыс және адам мен есірткі саудасының корреляциясы. Лаңкестікке қарсы күрес стратегиялары: лаңкестіктің әлеуметтік, саяси, экономикалық және басқа да себептерін жою. Халық арасында жеке алдын алу жұмысы.

Тұрақты даму халықаралық қатынастардың тұжырымдамасы ретінде

"Тұрақты даму" тұжырымдамасы (әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілері). БҰҰ-ның 1970-1990 жылдардағы қызметінің шеңберіндегі Тұрақты даму көрінісін қалыптастыру. Риодағы Жер Саммиті, 1992. Күн тәртібі 21. Тұрақты дамудың Бірінші және Екінші онжылдықтары. Йоханнесбург Саммиті, 2002 және оның негізгі нәтижелері. Тұрақты дамуға қатысты іс-әрекеттің жаһандық жоспары. 2015 кейін Тұрақты дамудың күн тәртібі. Тұрақты даму мақсаттары, оның 17 мақсаттары және оларды жүзеге асыру көрінісі. Қазақстан тұрақты даму контекстінде.

Әлемдік саясатқа БАҚ пен коммуникацияның ықпалы

Бірыңғай ақпараттық және телекоммуникациялық кеңістікті қалыптастыру. БАҚ және әлемдік саясат. Халықаралық қоғамдастықтың бірыңғай кеңістік-уақытша инфрақұрылымының сипаттамалары. Мәдени және ақпараттық жаһандану. Халықаралық саяси қарым-қатынастар саласында БАҚ-тың рөлін кеңейту. Саясатты жүргізу үшін БАҚ-та компьютерлік желілерді әзірлеу және кеңінен қолдану. БАҚ-тың әлемдік саясатқа ықпалы.

Қоғамдық ой-пікірді қалыптастыруда қолдау қызметтері, теледидар мен телекомпаниялардың рөлі.

Халықаралық қатынастар жүйесіндегі және жаһандық экономикалық қарым-қатынастардағы ақпараттың рөлі.

Қазіргі әлемдегі дереккөздер мен ақпараттық айналымының табиғаты. Мемлекет және халықаралық ақпараттық қысым көрсету. Қазіргі заманғы халықаралық қақтығыстардағы ақпараттың рөлі. Ақпараттық соғыс. Интернет жаһандық ауқымдағы ақпараттық ықпал ету құралы ретінде.

Адам құқығын қорғау және қамтамасыз ету мәселесі

Адам құқығы халықаралық құқықтың негізгі қағидасы ретінде. Адам Құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Адам Құқықтары жөніндегі

халықаралық пактілер. Экономикалық, Азаматтық және Мәдени Құқықтар бойынша келісім. Азаматтық және Саяси құқықтардың Халықаралық Келісімі. Келісімнің қатысушылары – мемлекеттердің адам құқығының сақталуын бақылау. Адам құқықтарын қорғау бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының іс-әрекеттері. Адам Құқықтары жөніндегі Комиссия. Еуропа Кеңесі, ЕҚЫҰ және Еуропалық одақтағы адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау. Үкіметтік емес ұйымдардың адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша іс-әрекеттері. Адамның негізгі құқықтарына интернационализациялау процесінің әсері. Адам құқықтарын қорғау жүйесінің артықшылықтары мен шектеулері. Адам құқығы және халықаралық гуманитарлық құқық.

«Солтүстік» пен «Оңтүстік» арасындағы алшақтық мәселесі

"Бай" және "кедей" мемлекеттер. Солтүстік пен Оңтүстік елдерінің негізгі сипаттамалары. Оңтүстік Азия, Оңтүстік Африка және Латын Американың дамушы елдері. Оңтүстік Африкадағы экономикалық өзгерістер. Дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық артта қалушылық мәселесі. Байлық көрсеткіштерін бөлу (әлемдік жалпы ішкі өнімнің үлесі, әлемдік саудада қатысу, трансұлттық корпорациялардың тікелей инвестициялары, валютаның жалпы ағынынң үлесіне). Дамушы елдерде кедейшілік, жұмыссыздық, тұрмыстың әлеуметтік поляризация деңгейі мәселелерінің нашарлауы. Азық-түлік және ауыз суының жетіспеушілігі. Дамушы елдердің екі деңгейлі экономикасының феномені. Аштық, кедейлік пен аурулардың себептері. Індеттер мен әлеуметтік қақтығыстар облыстары. Экономикалық алшақтықты еңсеру стратегиялары (импортты ауыстыру саясаты, ұлттандыру, жаңа халықаралық экономикалық саптың стратегиясы). БҰҰ-ның даму бағдарламасы (БҰҰДБ), өндіргіш күштерді дамытуда ұзақ мерзімді қолдау.

Қазіргі халықаралық қатынастардағы энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері

Энергетикалық қауіпсіздік ұлттық, аймақтық және жаһандық қауіпсіздіктің бөлігі ретінде. Қазіргі заманғы гео-экономика мен геосаясатта энергетикалық мәселелер және энергияның дәстүрлі қайнар көздерінің рөлі мен маңызы. Мұнай-газ саясаты. Энергетикалық соғыс. Этом энергетикасын пайдалануға қатысты жаңа көзқарастар. Баламалы және жаңартылатын энергия көздерін дамыту. Энергия алмасу және энергияны пайдалану саласындағы аймақтық және жаһандық ынтымақтастықтың дамуы.

Климаттың жаһандық өзгеруі және қоршаған ортаны қорғау проблемалары

Қазіргі халықаралық қатынастар дамуы аясындағы қоршаған ортаны қорғау мәселелері. Қоршаған орта мәселелерін шешудегі халықаралық қауымдастықтың іс-әрекеттері. Климаттың өзгеруі және қоршаған ортаны қорғау қорғау мәселелері бойынша халықаралық және аймақтық институттардың қызметі. Экологиялық

қауіпсіздік. Орталық және ШығысЕуропадағы, Латын Америкасындағы, ТМД елдеріндегі, Тынық мұхиты аймағындағы жаппай экономикалық реформалардың қоршаған ортаға әсері. Киото хаттамасы және пост-Киото. Париж келісімі. Жаңа экологиялық саясаттың қалыптасуы.

Демографиялық теңгерімсіздік және бақыланбайтын көші-қон ағындардың мәселесі

Қоғамның демографиялық құрылымындағы жалпы өзгерістер. Әлем халқының өсу динамикасындағы өзгешеліктер. Дамыған елдерде халықтың өсуінің шектеліуі және оның себептері. Дамушы елдердегі (Қытай, Үндістан, Пәкістан және т.б.) халық өсуінің жоғары қарқыны. Африка, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің игілігіне қарай шешілген аумақтық өзгерістер үрдісі.

Көші-қон үдерісі. Еңбек нарығындағы ұлттар құрамына қарқынды көші-қонның әсері. Жаһандану аясындағы негізгі көші-қон үрдістері. Еңбек көші-қоны. Босқындар мәселесі. Трансшекаралық аймақтардың мәселесі, заңсыз көші-қон және қауіпсіздік проблемасы.

Әлемдік саясаттағы әлемдік орталықтар және жетекші мемлекеттер

Әлемдік саясат пен экономиканың жаңа орталықтары. Халықаралық акторлардың түрлері. Халықаралық қатынастардың белсенді қатысушысы ретінде мемлекеттің мәні мен рөлі. Халықаралық қатынастардың мемлекеттік емес қатысушылары. Қазіргі халықаралық қатынастардағы БҰҰ рөлі. 2000-жылдардағы БҰҰ-ның қызметі және оны реформалау мәселесі. БҰҰ-ның бітімгершілік қызметі: теориялық негіздері мен тәжірибесі (1991-2013 жж.). 2000-жылдардағы ЕҚЫК/ЕҚЫҰ: халықаралық қатынастардың еуропалық жүйесіндегі рөлі мен орны, институционалдық құрылымдардың эволюциясы және қызметінің негізгі бағыттары. ЕҚЫҰ-ның жаңа міндеттері. Ауыспалы әлем жағдайындағы НАТО. "Үлкен сегіздіктің" қызметі. АҚШ, ЕО және Азия-Тынық Мұхит аймағы. Германия, Франция. Ұлыбритания, Италия, Жапония, ТМД. Латын Америкасы елдері. Қытайдың жаңа рөлі. Шығыс - Батыс: қақтығыс немесе өзара іс-қимыл. Аймақтық геостратегиялық үшбұрыштар. Көпполярлылық және халықаралық қатынастардың аймақтық жүйелері. Дихотомиялар: орталық – перифирия. Батыс – Шығыс, Солтүстік – Оңтүстік. Еуразияшылдық және халықаралық қатынастардың өңірлік проблемалары.

Әлемдік және аймақтық деңгейдегі интеграция мен денинтеграция мәселелері

Әлемдік және аймақтық интеграцияның жалпы проблемалары. Интеграцияның себептері мен қозғаушы күштері, оның мәні. Дезинтеграцияның негізгі факторлары. Еуропалық интеграцияның жаңа кезеңіне өткен ЕО. 2000-жылдардағы Еуропалық интеграция: қазіргі жағдайы мен проблемалары. НАФТА және Солтүстікамерикалық интеграция. Қазіргі экономикалық ықпалдастық

жүйесіндегі НАФТА рөлі. АТА аймағындағы интеграциялық үдерістер. Африка құрлығындағы қазіргі интеграциялық үдерістер. Еуразиялық интеграция және Еуразиялық экономикалық одақтың қызметі. ТМД. БРИКС феномені.

Әлемнің әр түрлі аймақтарындағы халықаралық қатынастар мәселелері

Әлемнің әр түрлі аймақтарындағы қазіргі халықаралық қатынастардың жалпы және жеке мәселелері. Әр түрлі аймақтардағы нақты мәселелерді жобалау және айқындау.

Азия-Тынық мұхит аймағындағы ағымдағы проблемалар. Оңтүстік Азиядағы халықаралық қатынастар және негізгі мәселелері. Халықаралық қатынастардағы Латын Америкасы. Халықаралық қатынастардың Таяу Шығыс жүйесі. Африка және тұрақты даму проблемалары. Посткеңестік кеңістіктегі халықаралық қатынастар. Орталық Азиядағы және Еуразиядағы халықаралық қатынастардың өзекті мәселелері.

СЕМИНАР САБАҒЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар түйінді үрдістері: жаһандану, интеграция мен жаһандану
2. Халықаралық қатынастарда қауіпсіздік пен тұрақтылық мәселелері, жаңа тәсілдері
3. Қаруландыруды бақылаудың құқықтық шектеулері
4. Қазіргі кезеңде қару-жарақ пен ядролық қаруды таратпай мәселесі
5. Халықаралық терроризм жаһандық мәселе ретінде: негізгі ұғымдар мен мәселелер.
6. Діни экстремизм: саясат және/немесе демократия
7. Солтүстік пен Оңтүстік мәселесі: түйінді үрдістер
8. Адам құқықтары мәселесі, жалпы контекст
9. Қазіргі заманғы халықаралық қатынастарда Тұрақты даму мәселелері: Тұрақты дамудың Мақсаттары
10. Қазіргі заманғы халықаралық қатынастарда көші-қон процестері: Еуропадағы көші-қон дағдарысы.
11. Энергетикалық қауіпсіздік және түйінді энергетикалық үрдістер.
12. Экологиялық қауіпсіздік: басты перспективалары мен мәселелері
13. Азия-Тынық мұхит өңіріндегі түйінді мәселелер
14. Латын Америкасындағы түйінді мәселелер
15. Посткеңестік Орталық Азиядағы халықаралық қатынастар

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Жаһандану дәуіріндегі ұлттық егемендік пен ұлттық мүдделер мәселесі (Эссе)
2. 21-ші ғасырдағы ұйымдасқан қылмыс мәселесі (Power Point презентация).
3. Қазіргі әлемдегі есірткінің заңсыз айналымы және адам саудасының мәселелері.
4. Тұрақты дамудың негізгі аспектілері (Power Point презентация).
5. Еуропадағы босқындар дағдарысы (Power Point презентация).

СТУДЕНТТІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ОРЫНДАЛАТЫН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Жаһандану мен ұлттық мемлекеттің рөлі, халықаралық қатынастардың жаңа параметрлері.
2. Халықаралық қатынастар жүйесінің көпполярлы, биполярлы және монополярлы құрылымдары: негізгі сипаттары.
3. Қазіргі таңдағы БҰҰ рөлі.
4. Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі аймақтардың рөлі.
5. Еуропалық (АТА, Солтүстік Африка, Латын Америкасы, Таяу Шығыс) аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздіктің қауіп-қатерлері
6. Халықаралық қатынастардағы ықпал етудің және дамудың жаңа факторлары
7. XXI ғасырдағы аймақтық қатынастар жүйесіндегі АСЕАН рөлі
8. 2011 - 2012 ж.ж. "Араб көктемі" кезіндегі Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы Еуропалық мемлекеттердің саясаты.
9. XXI ғ. Африка құрлығындағы Қытай саясаты.
10. Латын Америкасындағы Қытай мүдделері.
11. Әлемдік қауымдастықтың есірткі тасымалына қарсы күресі.
12. АҚШ-тың Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы.
13. Қытай Халық Республикасының сыртқы саясаты тұжырымдамасы.
14. Жапонияның сыртқы саяси стратегиясы.
15. Әлем халқының көші-қонының өсуі жаһандық үрдістердің бірі ретінде

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. International Relations / Joshua S. Goldstein, Jon C. Pevehouse.- 10th ed.- Boston [etc.]: Longman, 2012.- 563 p.
2. Kegley, C.W. World Politics: trend and transformation [Text] / C.W. Kegley, S.L. Blanton.- update ed.- Boston [etc.]: Wadsworth, Cengage Learning, 2012.

3. Jackson R.H., Sorensen G. Introduction to International Relations: Theories And Approaches. – Oxford University Press, 2007. – 342 p. 2. Kegley C.W., Blanton S. L. World Politics: Trends and Transformations. – 2009. – 636 p.

4. Thomas L. Friedman, The World is Flat, Picador Books, New York, 2007.

5. Politics & International Relations Online Resource Centres http://www.oup.com/uk/orc/politics/ Center for International Policy

6. Мировое политическое развитие: век XX / Н.В. Загладин и др. М., 1995.

7. Кулагин В.М. Международная безопасность: Учебное пособие для студентов вузов. – М., 2007.

М.М. Лебедева Мировая политика и международные отношения на пороге нового тысячелетия – 2010.

8. Мировая политика и международные отношения: учебное пособие / под ред. С.А. Ланцова, В.А. Ачкасова. – СПб.: Питер, 2006 – 448 с.

9. Мировая политика: теория, методология, прикладной анализ / отв. ред. А.А. Кокошин, А.Д. Богатуров. – М.: Комкнига, 2005. – 432 с.

10. Мовкебаева Г.А. Современные проблемы международных отношений: учеб. пособие для спец. «Междунар. Отношения» и «Регионоведение».- Алматы: Қазақун-ті, 2010.- 254 с.

11. Современные международные отношения / под ред. А.В. Торкунова; РОССПЭН. - М., 2000.

12. Шерьязданова К.Г. Современные интеграционные процессы: Учебное пособие. Астана: Академиягос. упр. ПриПрезиденте РК, 2010.

Қосымша:

1. Message from the President of the Republic of Kazakhstan - Leader of the Nation NursultanNazarbayev to people of Kazakhstan. "Kazakhstan-2050" Strategy // //http://www.akorda.kz.

2. Tokayev K.K. «Reflections at the United Nations», Astana, 2014.

3. Henry, C.M. Globalization and the politics of development in the Middle East - Cambridge: Cambridge University Press, 2011.// www.loc.gov/catdir/samples/.../00067 452.pdf.

4. M.Jovanovic. International Handbook on the Economics of Integration: General Issues and Regional Groups – Edward Elgar Publishing, 2011 – 531 p.

5. R.Stubbs, G.Underhill. Political Economy and the Changing Global Order – NY: Oxford University Press, 2006 – 492 p.

6. Черников П.Г. Как оценить ООН? О некоторых методах анализа результативности и эффективности международных организаций. – М.: Р.Валент, 2005. – 184 с.

7. Современные международные отношения и мировая политика. А.В.Торкунов, И.Г.Тюлин, А.Ю.Мельвиль. Просвещение. М., 2004.

KRSS 3301 – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Көлемі 3 кредит

Авторлар:
Губайдуллина М.Ш. – тарих ғылымдарының докторы, профессор
Мақашева К.Н. – тарих ғылымдарының докторы, профессор

Пікір жазғандар:
Сұлтанов Б.Қ. – тарих ғылымдарының докторы, Қазақ-неміс университетінің профессоры
Мовкебаева Г.А. – тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты республиканың сыртқы әлемде ұлттық мүдделерін қорғау мен егемендігін орнықтыруға бағытталған мемлекет беталысының бөлінбес бөлшегі болып табылады. XXI ғасырдағы Қазақстанның жаңа бейнесі көптеген жағдайда халықаралық қатынастар мамандарын дайындау сапасына байланысты болады. Қазақстан Республикасы аймақтық және жаһандық деңгейлерде басқа мемлекеттер мен халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттестігі мен ынтымақтастығы күшею жағдайында халықаралық қатынастар саласындағы жоғары біліктіліктігі маманнан еліміздің тыс жаңа құбылыстарды тез арада қабылдай біліп, дұрыс баға беруді және шетелдік тәжірибені қолдану білуді талап етеді. Осыған орай теоретико – практикалық мазмұндағы «халықаралық қатынастар» мамандығына қатысты дисциплиналар арасында базистік және негізгі орын алатын «Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты» атты пәннің рөлі мен маңызы өсуде. «ҚР сыртқы саясаты» пәнін оқу Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мен дипломатиясы, халықаралық қатынастар саласында қажетті біліктілігін иеленетін бәсекелестікке қабілетті кәсіби кадрлар дайындауға септігін тигізеді.

«ҚР сырты саясаты» пәнін меңгеру үшін төмендегі әлеуметтік –қоғамдық және саяси ғылымдардың негіздерін білген жөн: «Философия негіздері», «Политология» оқу барысында студент халықаралық қатынастар маманы қызметіне кәсіби біліктілігін қалыптастырады, жаңа икем мен дағдылар қалыптасырады.

Бұл үшін студент:

- ҚР сыртқы саясатының концептуальдық негіздерін, жаһандану үдерісі мен қазіргі саяси үдерістердің даму жағдайындағы оның (ҚР сыртқы саясатының) қалыптасу мен эволюциясының кезеңдерін білуі керек.

- ҚР сыртқысаяси ведомстволарының қызметі мен ұйымдасуын білуі керек.
- Пәнға қатысты лексика мен түсініктер аппаратын игеруі тиіс.
- Әлімдік және сыртқы саясат, халықаралық үдерістер облысындағы салыстырмалы талдау тәсілдерін игеруі тиіс.
- Кең әрі ғылыми түрде ойлай білуі тиіс.
- Әлемдік қоғамдастықтағы ҚР сыртқы саясатының рөлін бағалап, сыртқы саясат жөніндегі білімдерін байланыстыра, Орталық Азиядағы халықаралық үдерістерді сараптай, Қазақстанның жүргізіп жатқан сыртқы саясатын объективті түрде жеткізіп, бағалай білулері керек;

Пререквизиттер: «Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы», «Азия мен Африка елдерінің жаңа және қазіргі тарихы», «Халықаралық қатынастар тарихы», «Халықаралық ұйымдар», «Халықаралық қатынастардың қазіргі мәселелері».

Постреквизиттері: Көпжақты дипломатия.

Типтік бағдарлама 1998 және 2004 жылғы алғашқы басылымдардағы «Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты» типтік бағдарламаларына негізделеді.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырыптың атауы
1	Кіріспе
2	Қазақстан және Біріккен Ұлттар Ұйымы
3	Қазақстан Республикасының Еуропадағы қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ) мен Солтүстікатлантикалық альянспен өзара қатынастары (САКҰ)
4	Қазақстан және аймақтық ұйымдар
5	Қазақстан және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД)
6	Қазақстанның Ресей Федерациясы, Украина және Беларусь республикаларымен қарым – қатынастары
7	Қазақстан Орталық Азия және Закавказ республикаларымен қарым–қатынастары
8	Қазақстан мен Оңтүстік және Оңтүстік–Шығыс Азия мемлекеттерімен қатынастары
9	Қазақстанның Таяу және Орта Шығыстағы сыртқы саясаты
10	Қазақстанның араб әлеміндегі елдермен қатынастары
11	Қазақстан және АҚШ арасындағы қатынастар
12	Қазақстан-Канада қатынастары
13	Қазақстанның Латын Америка мемлекеттерімен қатынастары
14	Қазақстан және Еуропалық Одақ

15	Қазақстанның Балтық, Скандинавия және Шығыс Еуропа елдерімен қатынастары
16	Қазақстанның аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша бастамалары
17	Экологиялық мәселелер, Каспий аймағы және қазақстандық дипломатия

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Қазақстан республикасының халықаралық қоғамдастыққа кіруі. Қазақстанды басқа мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар тарапынан саяси-дипломатиялық тану үрдісі. Қазақстан Республикасының сыртқысаяси тұжырымдамасының қалыптасуы. ҚР сыртқы саясатының тұжырымдамалық негізі, қағидалары және негізгі бағыттары.Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының ерекшеліктері: көптармалық пен тепе-теңдік.Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік мүдделері. Қазақстанның сыртқы саясатының сыртқы экономикалық бағыттары. Экономикалық және әскери-саяси мүдделері және Қазақстанның потенциалы. Халықаралық проблемалардың ғаламдануы.

Пәнді оқытудың басты мақсаты ретінде студенттерде Қазақстан Республикасының қазіргі сыртқы саясатының мәнің елдің ішкі модернизация міндеттерін сәйкестендіріп ойлау дағдыларын қалыптастыруды атап өтеміз. Пәнді оқыту негізгі және арнайы мақсаттарды ала тартады:

- курстың мәселелеріне байланысты отандық және шетелдік басылымдармен таныстыру;
- қазақстанның сыртқы саясаты мен халықаралық өміріндегі оқиғалар мен жағдайлар, фактілер туралы білімді кеңейту, оларды жүйелеу;
- сыртқысаяси бағыттың ең маңызды бағдарларын оқыту;
- қазақстандың дипломатияның шет елдер мен әлем аймақтарына қатысты қызметінің ерекшеліктерін анықтау;
- халықаралық қоғамдастықта Қазақстанның рөлі мен орнын айқындау;
- ҚР сыртқы саясатының өзекті құжаттарын білу;
- ҚР базистік екіжақты және көпжақты келісімдерін білу;
- қазақстандық жобалар мен бастамаларының халықаралық жүзеге асырылу нәтижелерін талдау.

«ҚР сыртқы саясаты» пәнінің оқыту объектісі қазіргі халықаралық қатынастар жағдайындағы Қазақстан Республикасының сыртқысаяси бағыты болып табылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстан және Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ)

Қазақстанның БҰҰ-ға қабылдануы. Қазақстан БҰҰ мыңжылдығы саммитінде. Н.Назарбаевтың БҰҰ БА сессиясында сөз сөйлеуі. БҰҰ дағы Қазақстан дипломаттарының және дипломатиясының рөлі. Қазақстан басшылығымен БҰҰ Хатшылығы арасындағы диалогтың кеңеюі. БҰҰ бас хатшыларының Қазақстанға сапарлары (Кофи Аннан, Пан Ги Мун).

Жаһандық және аймақтық қауіпсіздік мәселелері, Қазақстанның бастамалары. СНВ-1келісіміне Лиссабон протоколы (1992.). ҚР ның ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісімге қосылуы. Ядросыз статус бойынша міндеттер. Халықаралық ядролық қарулық сынақтарға қарсы тұру күні. (29тамыз) – БҰҰ БА 64-ші сессиясындағы Қазақстанның бастамасы. «Ауған мәселесін шешу бойынша шараларды қолдану». БҰҰ дағы Қазақстанның ұсыныстары. БҰҰ ны қайта құру мәселесі бойынша Қазақстанның ұстанымы. Нью-Йоркте және Женевадағы БҰҰ жанынан ҚР Тұрақты өкілділігінің ашылуы. Қазақстанның БҰҰ-дағы ұйымдармен, арнаулы мекемелермен, бағдарламалармен жан жақты ынтымақтастығы. БҰҰ ның Басты Комитеттері мен Комиссиялары жұмыстарына қатысуы.

Қазақстан Республикасының Еуропадағы қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ) мен Солтүстікатлантикалық альянспен өзара қатынастары (САКҰ)

Қазақстанның ЕҚЫМ қабылдануы. ЕҚЫҰ жаңа мүшелеріне үйлестірілген көмек бағдарламасы. 1993 жылғы Будапештегі самммит қорытындылары. ЕҚЫҰ Мәжілістің жаңа мүшелеріне үйлестірілген көмек бағдарламасы. Қазақстан қауіпсіздігін кепілдендіру туралы меморандум. Қазақстан мен ЕҚЫҰ біріккен қимылдар бағдарламасы. Сенімділікті күшейту жөніндегі шаралар. Вена құжаттары: ВҚ-92 және ВҚ-94. Ауқымды қауіпсіздік концепциясы аясында ЕҚЫҰ мен ҚР ынтымақтастығы. Орталық Азияда байланыстар бойынша ЕҚЫҰ Бюросының ашылуы. Қазақстанда Президент сайлауы кезіндегі ЕҚЫҰ миссиясының қызметі. ЕҚЫҰ есебі және Қазақстанның ұстанымы.

Алматыда ЕҚЫҰ Орталығының ашылуы. Әскери-саяси қауіпсіздік мәселелері. ЕЫҚҰ және Азиядағы сенім шаралары мен өзара әрекеттестік жөніндегі Кеңесті (СВМДА) шақыру туралы Қазақстанның ұсынысы. Ауғанистанды қалпына келтіру бойынша Қазақстанның гуманитарлық көмек бағдарламасы. Экологиялық қауіпсіздік. Экономикалық қауіпсіздік және ынтымақтастық. Гуманитарлық салада ынтымақтастық. Мәдениетаралық, дінаралық, этникааралық, төзімділік бойынша ЕҚЫҰ кеңесі. Қазақстан және ЕҚЫҰ адам құқықтары мен демократиялық реформаларды дамыту жөнінде. ҚР дағы Омбудсман қызметі. Гендерлік теңдік.

Астанадағы ЕҚЫҰ орталығының қызметі. Венада ЕҚЫҰ дағы Қазақстан өкілдігі. Қазақстан ЕҚЫҰ ның басқарушы «үштік» төрағалары қатарында (2009-

2011). 2010 жылғы ЕҚЫҰ-дағы ҚР төрағалығы бағдарламасы. Астанадағы ЕҚЫҰ саммиті. «Қауіпсіздік қауымдастығына өту жолында» Астана декларациясы.

XXI ғасыр қарсаңындағы НАТО-ның саясаты мен стратегиясы. Қазақстан мен НАТО арасында қатынастар орнату. “Бейбітшілік үшін серіктестік” бағдарламасы. Монс қаласында (Бельгия) НАТО линиясы бойынша серіктестікті үйлестіру жөніндегі тобында Қазақстан Республикасы кеңсесінің ашылуы. Қазақстан – СЕАП мүшесі. НАТО-да Қазақстан өкілділігінің ашылуы. Брюссельде НАТО жанында Қазақстан Республикасы миссиясының ашылуы. Орталық Азия мен Кавказда бейбітшілікті сақтау жөніндегі Астанадағы (2008) СЕАП тың III форумы.

ҚР мен НАТО арасындағы құқытық келісім базасы ынтымақтастығының кеңеюі. Әскери және дипломатиялық кадрларды тағайындау. Бейбітшілік тәжірибесі. Қарулы күштерді дайындық деңгейін арттырудың бірлескен жобалары. «Ортразбат» бірлескен аймақтық оқулары. Экологиялық ынтымақтастықтың белсендірілуі. ҚР ның НАТО ның «Бейбіт үшін ғылым» бағдарламасы мен ынтымақтастығы.

Қазақстан және аймақтық ұйымдар

Қазақстан және ірі мемлекетаралық мұсылмандық халықаралық ИЫҰ. Ұйымға мүше болу үрдісі. Халықаралық қатынастардағы ислам факторы. ИКҰ-ның Қазақстанға қызығуы. Қазақстанның ИКҰ-ға, Ислам даму банкісіне толыққанды мүше болып қабылдануы. Алматыда ИДБ-ның аймақтық өкілділігінің құрылуы. Ынтымақтастықтың перспективалық бағыттары. Қазақстан діни бостандықты қорғаушылардың лидері ретінде. Әлемдік және дәстүрлі діндер съезді. ИЫҰ қаржы құрылымдары мен ынтымақтастықтың дамуы. Ынтымақтастықтың болашақ бағыттары. ИЫҰ жаңа Жарғысы, Дакар (2008). ҚР ның ИЫҰ СІМКнде төрағалығы (2011), ИЫҰ үшін жаңа механизм «өркениеттер диалогы». Астанадағы ИЫҰ СІМК нің 38-ші сессиясы, ҚР ның ұйымның атын ауыстыруға және жаңа эмблема жасауға ұсынысы. 2015 ж бағдарлама: Алматы – «Ислам мәдениетінің астанасы».

Халықаралық және аймақтық экономикалық ұйымдармен байланыстардың дамуы. Сыртқы саясатының «экономикаландыруға» бет бұруы. Қазақстан ТАСИС техникалық көмегін алушы. БҰҰ ның ОА елдеріне арналған арнаулы аймақтық экономикалық бағдарламасы (СПЕКА). ЭСКАТО аймағы елдерінің экономикалық үрдісі үшін ОА-ға арналған бірлескен бағдарлама. ҚР ның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі келіссөз барысы. Қазақстанның Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымына енуі (1992). Қазақстан Президенті Н.Назарбаев – ЭЫҰ-ның Төрағасы (1998-2000). Ынтымақтастықты дамытудың басты бағыттары. Қазақстан мен ЭЫҰ ынтымақтастығының перспективалары. Халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық. ҚР – ДСҰ ның мүшесі. ДВҚ-ның мүшесі (1992). Жүйелік қайта құруларды қаржыландыру бағдарламасы (1993). «Стендбай» қорлық кредиттары туралы келісімдер (1994,1995). Кеңейтілген кредиттер бағдарламасы. ДВҚ алдындағы міндеттерді өтеу. Әлемдік банктің ҚР үкіметімен серіктестігі, негізгі

бағыттар. ҚР және Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі. Қазақстан Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкінің, Азиялық Даму банкінің мүшесі. ҚР дағы ЕҚҚДБ және АДБ қызметінің негізгі бағыттары. ЕҚҚДБ және АДБ ның ҚР ға қаржылай және техникалық көмегі(1994-2000). Кіші және Орта бизнестің дамуы. ҚР ИДБ мүшесі. Қазақстандағы ИДБ аймақтық өкілдігінің мекемесі және қызметі(1996).

Қазақстан және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД)

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы (ТМД). Қазақстанның бастамасы. Алматы Декларациясы және ТМД-ның құрылуы. Қатынастардың құқықтық негізінің қалыптасуы Посткеңестік кеңістіктегі интеграцияның ерекшеліктері. Астанадағы ТМД саммиты. Н.Назарбаевтың Достастықты қайта құру жөніндегі ұсынысы, Қазақстанның бағдарламасы. ҚР-ның, ТМД-ның қызметінің жаңа ұстанымы туралы ниеті, «бір жыл бір тақырып» (2007).

ТМД мемлекеттері үрдісінің экономикалық аспектілері. ТМД кеңістігіндегі Кедендік одақ және Бірыңғай экономикалық кеңістік идеясы (1999). ТМД дағы ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің құрылуы. ТМД-ның ары қарай дамуының концепциясы. Еуроазиялық Экономикалық Қауымдастықтың - ЕурАзЭҚ құрылуы (қазан 2000).

Қазақстанның Ресей Федерациясы, Украина және Беларусь республикаларымен қарым – қатынастары

Екі жақты қатынастардың келісімдік-құқықтық негізінің қалыптасуы. Мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарының принциптері. Қатынастар дамуының кезеңдері. ҚР мен РФ арасындағы өзара ынтымақтастық және көмек туралы неізгі достастық келісімі. Көршілестік принциптері. Саяси ынтымақтастық. В.Путин және Д.Медведев президентері кезіндегі қатынастардың тереңдеуі. ҚР (Астрахань) және РФ (Орал) консулдықтарының маңызы. ТМД шеңберіндегі екі жақты қатынас. Мемлекеттік шекара тәртібін орнату. Сауда және экономикалық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары. Қазақстан-Ресей қатынастарындағы Каспий. Энергетикалық мәселелер. Байқоңырдың статусы туралы мәселені реттеу. Әскери-саяси және әскери-техникалық ынтымақтастық. Қазақстан мен Ресейдің шекаралық аймақтарының ынтымақтастығы. Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық. 2004 ж. ҚР және РФ ЕуроАзЭҚте. Трансшекаралық өзендер мәселесі. Атом саласындағы Қазақстандық-Ресейлік біріккен энергетикалық жобалар. Ынтымақтастықтың болашағы мен қабілеті.

Қазақстанның Украинамен және Беларусь Республикасымен қатынастары. Екі жақты ынтымақтастықтың келісімдік-құқықтық негізі. Экономикалық ынтымақтастық. Мұнай-газ саласындағы екі жақты қатынастардың дамуы. Әскери-техникалық және ғарыш салаларындағы ынтымақтастық. Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық. Қазақстандағы украин және Украинадағы қазақ диаспорасы. Білім беру саласындағы өзара қимылды кеңейту.

Саяси және мемлекетаралық ынтымақтастық мәселелері және келісімдік-құқықтық база. Жоғары дәрежедегі байланыстар деңгейі. Еркін сауда туралы келісім. Кедендік одақтың құрылуы. Қазақстан мен Белорусь арасындағы өнеркәсіптік ынтымақтастық мәселесі. ҚР мен БР арасындағы әскери ынтымақтастық. Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық.Қазақстандағы белорус диаспорасы. Екі елдің жастар саясаты.

Қазақстанның Орталық Азия және Закавказ республикаларымен қарым–қатынастары

Орталық Азиядағы Қазақстанның орны мен рөлі. Орталық Азия аймағы елдерімен сыртқы саясат бағыттарын анықтау. ОА елдеріндегі экономикалық реформалардың темпі мен деңгейлерінің әр түрлілігі. Ынтымақтастықтың құқытық келісімдік базасы. Екі жақты сауда-экономикалық ынтымақтастықтың басты бағыттары. Үш мемлекеттің Кедендік одағы. Душанбе саммиті және “ОАЭҚ-ның интеграциялық дамуының стратегиясы”. Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселесі.

Қазақстанның Өзбекстанмен қатынасы. Қазақстан мен Өзбекстан Ұлы Жібек жолын қайта қалпына келтіруде және Еуропа–Кавказ–Азия (ТРАСЕКА) транспорттық коридорын пайдалану. Қазақстан дипломатиясы және екі ел арасында мемлекеттік шекараны делимитациялау.Өзбекстандағы қазақ диаспорасы.

Қазақстанның Қырғызстанмен қатынасы. Екі жақты қатынастардың келісімдік-құқықтық негізі. Екі жақты ынтымақтастықтың принциптері, бағыттары және кезеңдері. Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық байланыстар. Шу және Талас өзендеріндегі су-шаруашылық құрылыстарын мемлекет аралық пайдалану. Су-энергетикалық консорциумын құру идеясы. Әскери саладағы ынтымақтастық. Аймақтағы экологиялық қауіпсіздік.Гуманитарлық және мәдени салалардағы біріккен қимыл.

Қазақстан және тәжік мәселесі. Қазақстанның тәжікаралық келіссөздердің және азаматтық соғысты тоқтатылуындағы рөлі. Қазақстан-тәжік қатынастарының саяси-құқықтық негізі. Әскери саладағы ынтымақтастықтың орны және шекараларды қорғау туралы мәселе. Тәжік-ауған шекарасын қорғауға Қазбаттың қатысуы. Қазақстанға Тәжікстан мен Ауғанстаннан босқындардың келуі мәселесі.Тәжікстан және Ауғанстандағы жағдайды реттеу.

Қазақстанның Түркменстанмен қатынасы. Екі жақты қатынастардың принциптері мен басты бағыттары. Екі жақты ынтымақтастықтың келісімдік-құқықтық негізі. Мемлекеттік шекара делимитациясы туралы және оны бірігіп қорғау мәселесі. Аралдың экологиялық жүйесін қайта қалпына келтіру бойынша күштерді біріктіру. Екі жақты қатынастардағы Каспий мәселесі.

Қазақстан және Закавказье республикалары. Әзербайжан, Грузия және Армениянның рөлдері. Қазақстанның Еуроазиялық көліктік жолды құруға қатысуы. Транскавказдық транспорттық коридордың маңызы.

Қазақстан мен Әзербайжанның экономикалық және саяси мүдделері. Екі жақты қатынастардың келісімдік-құқықтық негізінің қалыптасуы. Екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың деңгейі. Энергоресурстарды тасымалдау мен мұнай газ саласындағы ынымақтастық.

Мұнай газ саласындағы ынтымақтастық, қазақстан мұнайын Грузияның қара теңіздік порттарына және Джейхан түрік портына тасымалдау мәселесі. Қазақстан және «Баку-Тблиси-Джейхан» жобасы. Каспий теңізінің құқықтық статусын анықтаудағы екі елдің ұстанымы. Мәдени ынтымақтастық.

Қазақстан Республикасы мен Грузия Республикасы арасындағы қатынастар. Экономикалық ынтымақтастықтың дамуы. Мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау, қоршаған орта салаларындағы ынтымақтастық.

Армениямен өзара қарым-қатынасындағы Қазақстанның мүдделері. Орталық Азиядағы Армениянның сыртқы саясаты. Өзара қатынастардың дамуын тежейтін факторлар. Сауда-экономикалық және гуманитарлық серіктестік. Қазақстандағы армяндық диаспораның рөлі.

Қазақстанның Оңтүстік және Оңтүстік–Шығыс Азия мемлекеттерімен қатынастары

Қазақстанның Үндістан мен Пәкістан арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнатылуы. Ынтымақтастықтың келісімдік-құқықтық негізі. Оңтүстік Азия аймағындағы ядролық фактор және Қазақстанның ұстанымы. Кашмир мәселесі және Қазақстан. Екі елдің саяси өзара қимылы. Сауда-экономикалық ынтымақтастық. Мұнай-газ саласындағы ынтымақтастығы. Үндістанның Қазақстандағы мемлекеттік және жеке капиталы. Екі жақты ынтымақтастықтың перспективалары.

Қазақстан және Пәкістан Ислам Республикасы арасында екі жақты қатынастардың орнатылуы. Екі жақты қатынастардың келісімдік-құқықтық негізі. Қазақстан мен Пәкістанның ұлттық мүдделері. Қазақстан мен Пәкістан қатынастарындағы наркотрафик мәселесі. Қазақстан мен Пәкістан арасындағы ғылыми-мәдени байланыстар.

Қазақстан мен Қытай арасында саяси, дипломатиялық қатынастардың орнатылуы. Ынтымақтастықтың келісімдік-құқықтық негізі. БҰҰ АӨЫСШК аясында ҚР мен ҚХР ның қауіпсіздік мәселелері бойынша ынтымақтастығы. Қытайдағы этникалық сепаратизм мәселесі және Қазақстанның ұстанымы. ШЫО аясындағы әскери саяси ынтымақтастық. Шекара мәселесі. Азиялық қауіпсіздік мәселесі. Қытайдағы этникалық қазақтар мәселесі.

Қазақстан және Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері Ассоциациясы (АСЕАН). Оңтүстік-Шығыс Азиядағы Қазақстанның сыртқы саяси ерекшеліктері. Оңтүстік-Шығыс Азиядағы интеграциялық процестерге Қазақстанды тарту мәселесі. ОША елдерімен дипломатиялық және саяси қатынастардың құрылуы. Ынтымақтастықтың құқықтық келісімдік базасы. АСЕАН елдерімен қатынастың деңгейі. Өзара қатынастың негізгі бағыттары мен принциптері. ҚР аймақтық форумдарға қатысуы. Инвестициялық ынтымақтастық. Сауда экономикалық

қатынастардың белсендірілуі. Жаңа технологиялар мен ғарышты игеру саласындағы ынтымақтастық. Азия-Тынық мұхиты аймағындағы аймақтық интеграцияға қосылу.

Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттеріндегі сыртқы саяси қызметі. Қазақстан-жапон қатынастары. Қазақстанның Корея Республикасы мен қатынастары. Қазақстан Республикасы мен Корей Республикасының өзара қимылы. ҚР ның екі Корей мемлекетімен ынтымақтастығының болашағы. Малайзия, Вьетнам, Индонезия, Таиланд Корольдігі, Сингапурмен дипломатиялық қатынастар орнатуы. Монголиямен қатынастардың кеңеюі.

Қазақстанның Таяу және Орта Шығыстағы сыртқы саясаты

Орта және Таяу Шығыс мемлекеттері ҚР сыртқы саясаты мүдделері аясында аймақтағы Қазақстандық дипломатияның басым мақсаттары. Ынтымақтастықтың құқықтық келісімдік базасының дамуы.

Қазақ-түрік ынтымақтастығы, даму кезеңдері. Екі жақты сауда-экономикалық қатынастар. Қазақстан мұнайын Түркия территориясы арқылы тасымалдау перспективалары. Каспийдің заңдық мәртебе мәселесі.. Қауіпсіздік мәселелері және халықаралық терроризммен күрес. ҚР-ның ЕҚЫО, ЭҚҰ, ИКҰ-дағы мүдделерінің Түркияның қолдауы. АӨЫСШК қауымдастығы ниетін Түркияның қолдауы. Мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастығы.

Иран Ислам Республикасы мен Қазақстан арасында дипломатиялық қатынастың орнатылуы (1992). Қазақстан және Иран сауда экономикалық ынтымақтастығы. Екі жақты қатынастардың келісімдік-құқықтық негізі. Қазақстан мен Иран арасындағы қатынастарды нығайтудың жаңа кезеңі. Мұнайды өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, банк ісі, ауыл шаруашылығы салаларындағы ынтымақтастық. Каспий мәселесін шешудегі Қазақстан және Иран ұстанымдары.

Қазақстанның араб әлеміндегі елдермен қатынастары

Қазақстанды араб әлемінің елдерімен жақындайтынын белгілейтін факторлар. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы Израиль және Палестинамен қатынастарының ерекшелігі. Таяу Шығыс мәселесі және Қазақстан дипломатиясы. Ислам факторы. Қазақстанның араб елдері қатынастарының ерекшелігі. Қазақстанның Магриб және Парсы шығанағының араб мемлекеттерімен қатынастар орнатуы. Келісімдік қатынастардың ерекшелігі. Қазақстанның Египет Араб Республикасымен қатынастары. Ынтымақтастықтың келісімдік-құқықтық негізі. Сауда-экономикалық ынтымақтастық. Екі елдің мәдени-гуманитарлық байланыстары. Халықаралық ұйымдар шеңберіндегі Қазақстан мен Египеттің саяси өзара қимылы.

Қазақстанның Сауд Аравиясы Корольдігімен ресми қатынас орнатуы. Аймақтық мәселелер бойынша Қазақстанның САК-мен саяси байланыстары. Таяу Шығыстағы бейбіт үодістерді қолдау.Ынтымақтастықтың негізгі салалары. Қазақстандағы сауд бизнесі. Қазақстанның Иордания, Ливия, Марокко, Тунис

және Ливанмен қатынастарының дамуы. Кувейт, Бахрейн және Оманның ҚР сыртқы саясатында. Қазақстанның бұл елдермен ОИК, ЛАГ, ОАПЕК шеңберінде өзара іс-қимылы. Қатынастардың болашағы.

Қазақстан және АҚШ арасындағы қатынастар

ҚР сыртқы саясатындағы американ бағыты, жалпы сипаты, ерекшелігі. ҚР мен АҚШ арасындағы қатынастардың негізгі кезеңдері. АҚШ-тың ҚР саяси-экономикалық қызығушылығы. Қазақстан– АҚШ-тың стратегиялық серіктесі. Базалық құжаттары. Ядролық қауіпсіздік саласында ҚР мен АҚШ арасындағы ынтымақтастық. АҚШ- СВМДА бақылаушы. Әскери-саяси ынтымақтастығы. Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ынтымақтастық. ҚР мен АҚШ сыртқы экономикалық қызметіндегі ынтымақтастығы. Қазақстанның ӘСҰ-ға кіруіне көмек көрсету.ҚР-дағы АҚШ-тың білім беру бағдарламалары.

Қазақстан-Канада қатынастары

ҚР мен Канада арасында ынтымақтастықтың принциптері туралы декларация (1995). Сауда-экономикалық және мұнай ынтымақтастығы. ҚР- дағы Канада корпорациялары. Халықаралық ұйымдар шеңберінде Қазақстан мен Канада ынтымақтастығының кеңеюі. “Бейбітшілік үшін серіктестік” бағдарламасы шеңберіндегі ынтымақтастық.

Қазақстанның Латын Америка мемлекеттерімен қатынастары

Латин Америкасы елдерінің экономикалық және саяси реформаларының Қазақстан үшін тәжірибесі. Қазақстан–Америка Мемлекеттері Ұйымының (АМҰ) бақылаушысы. Латин Америкасы елдерімен ҚР дипломатиялық қатынастарының шектеулі сипатының себептері.Американ аралық даму банкісінің -ААДБ (МАБР) бағдарламалары мен жобаларына Қазақстанның қосылуы. Аймақ елдерімен дипломатиялық қатынастар орнату процессі. Куба, Мексика, Колумбия, Аргентина, Уругвай, Чили, Бразилия, Никарагуа, Панама, Гондурас, Венесуэла, Коста-Рикамен Қазақстан арасындағы қатынастар. Парламенттік байланыстар жоғарғы технологиялар аясы. Көпжақты ынтымақ-тастық шеңберінде Латин Америкасы елдерімен қатынастардың даму перспективалары.

Қазақстан және Еуропалық Одақ

ҚР сыртқы саясатындағы еуропалық бағыт, сипаты. ҚР ЕО қатынастары, кезеңдері, нәтижелері. Алматыдағы Еуропа Одағы Комиссиясы Өкілділігі. Қазақстан мен Еуропа Одағы ынтымақтастығының келісімдік-құқықтық негізі. Парламентаралық байланыстар. Сыртқы экономикалық байланыстардың дамуы. Қазақстанға қатысты Еуропа Одағының инвестициялық саясаты. Қазақстан Республикасының энергетика секторындағы Еуропалық Одақтың мүдделері. Ортақ жобалар, оларды ұйымдастыру. Еуропалық «ТАСИС» бағдарламасы. ҚР – ЕО комитеті. Еуропа мен Орталық Азия арасында байланыс линиясын құру. “ИНОГЕЙТ” және “ТРАСЕКА” транзит магистральдерінің жобасы.

Қазақстандағы “ИНТАС” және “TEMPUS” бағдарламалары. Наркотикке бақылау бойынша ЕО пен ҚР арасындағы өзара әрекет. Жыл сайын Қазақстандағы Еуропа Күндері шеңберіндегі шаралар.

ЕО тың 2007-2013 жылдарға ОА ға қатысты стратегиясы. «ЕО және ОА: жаңа серіктестік стратегиясы». ҚР президенті Н.Назарбаевтың «Еуропаға жол» бағдарламасы. Қазақстанның Германия, Франция, Ұлыбритания және Бенилюкс мемлекеттерімен қатынастары. Қазақстанның Орталық және Оңтүстік Еуропа елдерімен қатынастары.

Қазақстанның Балтық, Скандинавия және Шығыс Еуропа елдерімен қатынастары

Қазақстанның сыртқы саясатындағы балтық жағалауы мемлекеттері. Балтық аймағы елдерімен ынтымақтастықты тереңдету және келісімдік-құқықтық базаны кеңейту. Елшіліктердің ашылуы. Ұйымдастырылған қылмыс, қару-жарақ контрабандасы, халықаралық терроризммен бірлесіп күресу. Литва – аймақтағы Қазақстанның жетекші серіктесі. Қазақстан жүктерін қайта жасау және тасымалдау үшін Литва айлақтарын пайдалану.

Қазақстан мен Латвия арасындағы ынтымақтастық және экономикалық мүдделер. Қазақстан мен Эстония арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы келісім-шарт. Қазақстан және Солтүстік Еуропа елдері. Ынтымақтастықтың болашағы.

ҚР сыртқы саясатындағы Шығыс Еуропа елдерінің алатын орны. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары. Қазақстандағы экономикалық және саяси мүдделер. Қазақстан мен Венгрия, Польша, Чехия, Румыния т.б. серіктестік қатынастарының құқықтық базасы. Екіжақты және көпжақты байланыстарының дамуы. Республикасы арасындағы саяси, экономикалық, дипломатиялық және мәдени қатынастардың дәрежесі мен деңгейі. Транзиттік елдердің тәжерибесі. Қазақстанмен жақындасуындағы поляк, румын диаспораларының рөлі.

Қазақстанның аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша бастамалары

ҚР аймақтық ұжымдық қауіпсіздіктің бір элементі ретінде. Топтық жою қаруларын таратпау мәселесі жөніндегі ҚР ұстанымдары. Ядролық мемлекеттерімен қатынастардың ерекшеліктері. ҚР-ның ядролық қарудың барлық түрінен бас тартуы. Әскери өнеркәсіп комплекс конверсиясы. Халықаралық қатынастардағы Семей ядролық полигоны.

Азиядағы превентивті дипломатия. Азиядағы сенім шаралары мен өзара әрекеттестік жөніндегі Кеңесі, кезеңдері және механизмдері (АСШӨӘЖК). Қазақстан және Ұжымдық Қауіпсіздік Келісім-шарты (ҰҚК). Қарусызданыру, қарулану, жапай жоятын қаруды таратпауға бақылау. ҰҚК координациялық кеңесі. «Канал» аймақтық анти-наркотикалық операциясы. Қазақстан КСОР-ды құруда. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі дипломатияның рөлі мен

маңызы.Тәжікстандағы бейбіт процесті аяқтау жөніндегі Қазақстанның бастамасы. Ауғанстандағы бейбіт реттеуге ықпал ету.

Шанхай ынтымақтастығы ұйымы (ШЫҰ) және қауіпсіздікті қамтамасыз ету. ҚР ның ШЫҰ дағы мүдделері, басты мақсаттар. ШЫҰ дағы аймақтық қауіпсіздік жүйесін нығайтуға ҚР-ның салған еңбегі. ШЫҰ мүше мемлекеттердің қорғаныс министрлерінің кеңесі. ҚР-ның ШЫҰ төрағалығындағы басымдылықтары.

Экологиялық мәселелер, Каспий аймағы және қазақстандық дипломатия

Қазақстанның экологиялық жағдайы. ҚР-ның экологиялық қауіпсіздігі мен тұрақты дамуы концепциясы. Экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің құрамы ретінде. Қоршаған орта мен даму туралы Рио-де- Жанейролық декларацияның ұстанымдары. XXI ғасырға БҰҰ-ның Күнтәртібінің басым бағыттары. ҚР қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастығы. Қоршаған ортаның ластану мәселесі. Су қорлары мәселесі. ҚР сыртқы саясатындағы Арал экологиялық апаты. Халықаралық аралды қорғау қоры және аймақты өмірмен қамтамасыз ету бағдарламасы. Климаттың ғаламдық өзгеруі проблемасы (Йоханнесбург, ОАР, 2002).Қазақстан және шөлейтпен күрес (опустынивание). БҰҰ-ның “Каспий теңізі” бастамасы. Халықаралық ұйымдардың жобалары. Қазақстандағы экологиялық қозғалыс. Антиядролық қозғалыс.

Каспий мәселесі бойынша Қазақстанның сыртқы саясатының стратегиялық сипаты. Қазақстан дипломатиясының міндеттері. Каспий теңізінің құқықтық режімі келіссөз үрдісіндегі Әзірбайжан, Ресей, Түрікменстан, Иран және Қазақстаның ұстанымдары. Қарама қайшылықтар мен жақындасулар.

Каспий теңізі аймағындағы углеводородтық шикізат ресурстары және әлемдік державалардың мүдделері.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. ҚР сыртқы саясатының конституциялық негіздері.
2. Сыртқысаяси шешімдерді қабылдау үрдісі
3. ҚР халықаралық ұйымдардағы рөлі. БҰҰ, ЕҚЫҰ, НАТО-дағы Қазақстанның бастамалары
4. ТМД шеңберіндегі ҚР саясаты
5. ҚР Орталық Азия елдерімен екі жақты және көпжақты форматтағы қатынастары
6. Қазақстан-ресей қатынастары
7. Орта Шығыстағы ҚР сыртқы саясаты; Туркия және Иран
8. Қазақстанның араб елдерімен қатынастары
9. ҚР сыртқы саясатындағы еуропалық бағыт: елдер және бағыттар

10. Қазақстанның Франция, Великобритания, Шығыс Еуропа елдерімен қатынастары

11. Қазақстан және АТМ елдері

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. ЕҚЫҰ-дағы төрағалық кезіндегі Қазақстанның дипломатиясы
2. ИКҰ-дағы Қазақстанның дипломатиясы мен бастамалары
3 Экологиялық мәселелер мен казахстандық дипломатия
4 Қазақстан Республикасының дипломатиясы және халықаралық қауіпсіздіктің өзекті мәселелрі: ауған мәселесін шешу жобалары
5 Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттеріндегі сыртқы саяси қызметі.
6 Қазақстанның сыртқы саясатындағы балтық жағалауы мемлекеттері.

СТУДЕНТТІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ОРЫНДАЛАТЫН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Н. Назарбаевтің еуразиялық идеясы; интеграциялық жобалар
2. ШЫҰ-дағы Қазақстанның қызметі
3. АТР, АТЭС және АСЕАН саяси және экономикалық форумдарындағы Қазақстан.
4. Қазақстан және Азияда қауіпсіздік жүйенің құрылыу (АСШӨӘЖК).
5. Топтық жою қаруларын таратпау мәселесі жөніндегі ҚР ұстанымдары.
6. ШЫҰ дағы аймақтық қауіпсіздік жүйесін нығайтуға ҚР-ның салған еңбегі

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Арыстанбекова А.Х. Глобализация мировой политики. – Алматы, 2007
2. Внешняя политика Республики Казахстан. Учебник для вузов / колл. авторов под ред. К.И.Байзаковой. - Алматы 2007
3. Внешнеполитическая деятельность Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева в 2009 году. – Алматы, 2009
4. Казахстан: 20 лет независимости / Под общ. ред Б.К.Султанова. – Алматы КИСИ при Президенте РК, 2009. – 408 с.
5. Казахстан и ОБСЕ / Под ред. Султанова Б.К. – Алматы, 2009

6. Первый саммит Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА). – Астана, 2003.
7. Политика и интересы мировых держав в Казахстане. – Алматы, 2002

Қосымша:

1. Азии. – Алматы, 2003
2. Лаумулин Акимбеков С.М. Афганский узел и проблемы безопасности Центральной М.Т. Казахстан в современных международных отношениях: безопасность, геополитика, политология. - Алматы, 2000.
3. Токаев К.К. Дипломатия Республики Казахстан. - Астана, 2001
4. Центральная Азия: 1991 – 2009 гг. – Алматы, 2010
5. Закон о дипломатической службе Республики Казахстан от 7 марта 2002 г. N 299-II. - Алматы, 2002
6. Мансуров Т.А. Казахстанско-российские отношения.1991-2001. – М., 2001
7. Европейский Союз и Центральная Азия / колл. авторов под ред. Ж.У. Ибрашева. - Алматы, 2000
8. Сборник документов по международному праву/Под общей ред. К.К.Токаева. Т.1 - 4. Алматы: САК, 1998-2000

KD3302 - КӨПЖАҚТЫ ДИПЛОМАТИЯ

Көлемі 2 кредит

Авторлары:
Ауған М.А. – тарих ғылымдарының докторы, профессор
Әліпбаев А.Р. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Пікір жазғандар:
